Аннотация. Изучение закономерностей влияния природных, горно-технических и эколого-экономических условий на риски при реализации новых технологий и выбора варианта комбинированной разработки месторождений полезных ископаемых, обеспечивающего повышение эффективности разработки полезных искораемых в недрах. При определении риска комбинированного разработки месторождении следует учитывать как вероятность недостижения проектных показателей вследствие экономического ущерба, так и вероятность улучшения параметров проекта и соответствующую экономическую выгоду по всем неизвестным неопределенным факторам, возникающим при комбинированной разработке месторождения.

При разработке месторождений как открытом так и подземным способом от 20 до 50 процентов запасов остается в недрах. В условиях сложившегося дефицита рудного сырья перед горнодобывающими предприятиями особенно остро стоит вопрос поиска технологии отработки оставшихся запасов месторождений.

Ключевые слова: полезные ископаемые, месторождения, подземная разработка, комбинированный способ разработки, карьер, шахта, геотехнология.

Selection of options for combined field development taking into account technological risks

Akhmetkanov D., Karbozov O.

Abstract. Study of the regularities of the influence of natural, mining, and environmental-economic conditions on the risks in the implementation of new technologies and the choice of a variant of combined development of mineral deposits, providing an increase in the efficiency of the development of minerals being mined in the subsurface. When determining the risk of combined field development, it is necessary to take into account both the probability of non-achievement of project indicators due to economic damage, and the probability of improvement of project parameters and the corresponding economic benefit for all unknown uncertain factors arising during combined field development.

When developing deposits both open and underground, from 20 to 50 percent of reserves remain in the subsurface. In the conditions of the current shortage of ore raw materials, mining enterprises are particularly faced with the issue of finding a technology for mining the remaining reserves of deposits.

Keywords: minerals, deposits, underground mining, combined mining method, quarry, mine, geotechnology.

УРАНДЫ ЖУШ КЕЗІНДЕ ӨНІМДІ ЕРІТІНДІНІҢ ҚҰНАРСЫЗДАНУЫН ЗЕРТТЕУ

Ләнде М.А.
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
miwa_26@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада уранды жерасты ұңғымалық шаймалау кезінде өнімді ерітіндінің құнарсыздануы мәселесі қарастырылады. Құнарсыздануды төмендетудің қолданыстағы әдістері талданады. Жүргізілген зерттеулер және статистикалық деректерді талдау және оларды өңдеу нәтижесінде өнімді ерітіндідегі уран құрамының өзгеруі сілтілеу және өнімді ерітінділердің теңгерімсіздігіне тәуелділігі алынды. Тау-кен кәсіпорындарының экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің негізгілері өндірістің жоғалым деңгейінің төмендігі және өндірілген кеннің сапалылығы болып табылады. Қазақтанның гидрогенді-инфильтрациялық кенорындарының ЖҰШ әдісіне негізделген уран өндірісінде ерітінділердің технологиялық блок аумағынан тыс жайылуы салдарынан пайдалы ерітіндінің құнарсыздану деңгейінің артуы экономикалық және экологиялық тұрғыда тиімсіз екендігі мәлім. Сондықтан құнарсызданууға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру, тіпті болмағанда, технологияны дұрыс жүргізу өте маңызды.

Негізгі сөздер. Жерасты ұңғымалық шаймалау, құнарсыздану, өнімді ерітінді, сілтілеу ерітіндісі, барражды ұңғыма, гидробөліктеу, технологиялық блок.

Жер бетінде бұдан миллиардтаған жылдардан бері уран болғанымен, ол туралы адам баласы салыстырмалы түрде жақында білді. Оның ашылуы 1789 жылы болды және XX ғасырдың басына дейін көбіне керамика және шыны бояғышы ретінде пайдаланылып келді.

Қазіргі кезде уранның негізі қолданысы – энергетикалық және технологиялық мақсатта. Бірінші кезекте атом электрстансыларында негізгі қуат көзі болса, екінші кезекте ядролық қарудың басты құраушысы болып табылады.

Уран ауыр химиялық элементтердің бірі және металл болып саналады. Оның жер қыртысындағы қоры күміс және сынап секілді кең таралған элементтерден әлдеқайда жоғары. Жер шарының көптеген бөліктерінен уран кен орындары Канада, Қазақстан, Австралия, АҚШ және т.б. елдерде көптеп анықталуда.

Қазақстан аумағынан табылған уран кенорындары түзіліс шарттары мен практикалық маңызы жағынан бір-бірінен өзгеше. Бірақ оларды геологиялық позицияларының ортақтығы, генетикалық белгілері мен территориялық дербестігі бойынша 6 уран провинциясына бөлген: Шу-Сарысу, Сырдария, Солтүстік Қазақстан, Каспиймаңдық, Балқашмаңдық, Іле. [1]

Уран қазіргі кезде 4 тәсілмен өндіріледі: дәстүрлі әдістер, яғни жерасты және ашық өндіріс, жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖҰШ) және қалдықтардан өндіру тәсілдері.

Жерастында (200 м-ден төмен) , төменгі және жоғарғы жағынан су өткізбейтін сазбен қоршалған сулы ортада қалыптасқан уран минералдары (настуран, коффинит т.б.) және бос жыныстардан тұратын кен денелеріне жер бетінен ұңғыма арқылы сілтілеу ерітіндісін (көбіне күкірт қышқылы негізіндегі сулы ерітінді) айдау арқылы металды қатты күйден сұйық күйге айналдырып, ұңғымамен жер бетіне сорып шығару әдісі – жерасты ұңғымалық шаймалау деп аталады.

Жерасты ұңғымалық шаймалау технологиясының дамуына байланысты, гидрогенді – инфильтрациялық кенорындарына бай Қазақстан әлемдік аренада атом энергетикасында басты ойыншылардың біріне айналды. Себебі әлемде зерттелген уран қоры бойынша 11,81% - ға ие еліміз екінші орынға, өндіріс бойынша 2009 жылдан бері бірінші орынға жайғасты. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өндірілген уран ауқымы 21819 тонна болды. Бұл көрсеткіш алдыңғы 2020 жылға қарағанда 2342 тоннаға жоғары [2].

ЖҰШ технологиясының негізгі көрсеткіштеріне: пайдалы компонентті өндіру дәрежесі, қышқылдың үлес шығыны, сұйықтың қаттыға қатынасы (С/Қ) жатады. Ал басқа да технологиялық көрсеткіштерге, атап айтсақ, пайдалы ерітіндегі пайдалы компонент мөлшері, шаймалау уақыты, кеуектілік, жоғалым және құнарсыздану дәрежелері және т.б. жатады.

Тау-кен ісінде экономикалық және технологиялық маңызға ие екі түсінік бар. Олар – пайдалы қазбаның жоғалымы және құнарсызданууы. Дәстүрлі тау-кен өндірісіне қарағанда,

ЖҰШ әдісінде екеуінің дәрежесінің әлі күнге дейін нақты сипаты көрсетілмей келеді. ҰАҚ «Қазатомөндіріс» компаниясы бойынша шартты түрде жоғалымды 10% деп алады. Ал құнарсыздану дәрежесі көрсетілмейді. Бірақ ерітіндінің құнарсыздану дәрежесі деген түсінік бар. Анығырақ айтар болсақ, ерітіндінің құнарсыздануы дегеніміз сілтілеу ерітіндісінде реагент концентрациясының және құнарлы ерітіндіде пайдалы компоненттің дәрежесінің төмендеп кетуі. [3]. Біздің ойымызша пайдалы ерітіндінің құнарсыздануы келесі себептерге байланысты:

1.Ерітіндінің бос жыныстар арқылы тасмалдануы;


2.Блок контурынан тыс жатқан бөліктерден жерасты судың келіп қосылуы;

3.Көршілес блоктардан пайдалы компоненті төмен құнарлы ерітінділердің қосылуы.

Сілтілеу ерітіндісіндегі құнарсызданудың себептерін шартты түрде, шаймалау ерітіндісін дайындау желісіндегі қателіктер мен бұзылыстармен (бақылау және есеп жүргізу жабдықтары т.б.) немесе аналық ерітінді құрамының минералогиялық өзгешелігімен негіздеуге болады.


Ал пайдалы ерітіндінің құнарсыздану дәрежесі кенорынның гидрогеологиялық және тау-кен-технологиялық жағдайларына (кен денесінің қалыңдығы, литологиядық құрылымы, сүзгілену дәрежесі, су өткізгіштігі, кеуектілік дәрежесі, су өткізбейтін қабаттардың болуы, жоба бойынша және қима бойынша кен денесінің орналасуы және морфологиясы т.б.), қолданылатын ұңғымалық әдістің конструктивті құрылымы (технологиялық ұңғымалардың арақашықтығы, сүзгінің ұзындығы және кен денесінде орналсуы және т.б.) мен сілтілеу режіміне тікелей байланысты.

Өндіріс тәжірибесінде іргелес технологиялық блоктардың контурынан тыс қышқылдау үдерісі көптеп байқалады (сурет 1.). Айдау ұңғымаларының гидродинамикалық әсер ету аймағы қолданыстағы іргелес блок болмаған жағдайда 300 м, тіпті одан әріге жетуі мүмкін. Ал геохимиялық әсер ету аймағы одан азырақ аумақты қамтып, дәлірек айтсақ, қышқылдау үдерісіндегі технологиялық блоктың айдау ұңғымаларына перпендикуляр бағытта 50 м-ді құрайды [4].



Сурет 1. Қызыл контурмен шектелген технологиялық блоктың айдау және сору ұңғымалары арасындағы ток сызықтары.

1 суретте технологиялық блок аумағында 12 айдау және 3 сору ұңғымасы орналасқан. Блок контурынан тыс шығып жатқан тоқ сызықтары технологиялық ерітінділердің блок контурынан тыс жайылуын көрсетеді.




Сурет 2. Өндіріс кезеңдері бөлек көршілес блоктардың жерасты суларындағы қалдық қышқылдылық көрінісі

2 суреттің бірінші кескінінде бірінші технологиялық блоктың қышқылдау кезеңі, екінші кескінде белсенді шаймалау кезеңі, үшінші кезеңде шаймалау, төртінші кескінде шаю кезеңі бейнеленсе, бесінші кескінде бірінші блоктың өндіріс кезеңдері аяқталып, екінші блоктың қышқылдау кезеңі басталғанын көріп отырмыз. Ал соңғы алтыншы кескінде екінші блоктың белсенді шаймалау кезеңі бейнеленген.

Кен денесін ЖҰШ әдісімен игеру барысында блок шетінде орналасқан сору ұңғымаларынан өндірілген ерітіндіде пайдалы компонент мөлшері блоктың ортасында орналасқан сору ұңғымаларынан өндірілген ерітіндідегі пайдалы компонент мөлшерінен 2-3 есе төмен болуы мүмкін. Себебін жоғарыда (2,3 пунктте) атап өттік. Ұңғыма аралық

қашықтықты азайту, сүзгіні тек кенді аралықта орналастыру, кенсіз сулы жыныстардан толық гидроизоляциялау құнарсыздану дәрежесінің төмендеуіне алып келеді. Бірақ ұңғыма аралық қашықтықты азайту бұрғылауға кететін шығындарды арттырып өнімнің өзіндік құнының жоғарылауына әкеп соғады. Сондықтан негізгі амал ретінде сүзгілеуге қарсы экрандар қалыптастыруды қарастыруға болады. Оларды қалыптастырудың технологиясы ретінде қабатты вертикалды және горизонталды гидробөліктеу және сол бөліктерде пайдалы болған жарықшақтарға сазды-цементті немесе қатаятын синтетикалық шайырлардан тұратын ерітінділерді енгізгу және барражды ұңғымаларды қолдану болып табылады [5].

Сүзгіге қарсы шымылдықты пайдаланып өндіру жүйесі ені 50 м-ге дейінгі кішігірім кен шоғырларын өндіру кезінде технологиялық ерітінділердің кен шоғырынан тыс аумаққа шығып кетуін шектейді. Арнайы бараждық ұңғымаларды бұрғылау арқылы вертикалды гидрошымылдықтарды пайдалану мүмкіндігі де бар.




Сурет 3. Сүзгіге қарсы шымылдықты пайдаланып өндіру жүйесі

Ұңғымалар: 1,5 – механикалық шымылдық үшін; 2,4 – химиялық шымылдық үшін; 3 – кен шоғырын өндңруге арналған; 6 – қима сызығы; 7 – жерасты су ағысы; а – кен шоғыры; б – механикалық шымылдық; в - химиялық шымылдық.

Технологиялық ерітінділердің жылыстауын азайту мақсатында кен денесінен біршама арақашықтықта жерасты суының ағымы бойынша екі қатар ұңғымалар бұрғыланады. Сыртқы қатардағы ұңғымалар (1,5) механикалық тосқауыл үшін пайдаланылса, ішкі қатардағы ұңғымалар (2.4) химиялық тосқауылға арналған. Сыртқы қатардағы ұңғымаларға қатаятын материал (цемент, синтетикалық шайырлар және т.б.) құйылады. Ішкі қатардағы ұңғымаларға бір-бірімен және жерасты сулармен әрекеттескенде қатаятын заттар құйылады.

Химиялық тосқауылдар кен шоғырын толықтай қоршап жатуы да мүмкін. Олар технологиялық ерітінділердің өндіріс аумағынан шығып кетуіне, және де өнімді ерітіндінің блоктан тыс жатқан жерасты сулармен құнарсыздануына кедергі жасайды.

Құнарсыздануды азайтудың тағы бір әдісі өнімді горизонтты қабатты гидробөліктеу болып табылады. Өнімді горизонтты қабатты гидробөліктеу схемасы 4-суретте келтірілген.



Сурет 4. Өнімді горизонтты қабатты гидробөліктеу схемасы
1-қабаттың өнімді бөлігі; 2-қабаттың өнімді емес бөлігі;3-жарықшақ; 4-тесіктер; 5-қаптама;
6 – су-құм құбырлары; 7-корпус (ұңғыма қабырғалары); 8-сағалық жабдық;
9-үзіліс сұйықтығы; 10-сұйық-құм тасығыш;11-манометр;

Гидробөліктеу кезінде орындалатын операциялар:

1. Ұңғыманы дайындау, яғни қабылдағыштықты немесе судың келуін зерттеу. бұл бөліктеу қысымын, бөліктеу сұйықтығының көлемін және басқа да сипаттамаларды бағалау үшін мәліметтер алуға мүмкіндік береді;

2. Ұңғыманы оған белгілі бір химиялық реагенттер қосылған сұйықтықпен жуу;

3. Бөліктеу сұйықтығын айдау. Ұңғыманың төменгі шұңқыр аймағының қасиеттеріне және басқа параметрлерге байланысты сүзілетін немесе әлсіз сүзілетін сұйықтықтар қолданылады;

4. Құм тасушы сұйықтықты айдау. Құм тасушы сұйықтықты қойылатын негізгі талаптар – жоғары құмды ұстап тұру және сүзгілеуші қасетінің төмен болуы. Оларға - тұтқыр сұйықтықтар, қоюландырылған тұз қышқылы және т. б. жатады;


5. Минималды тұтқырлықты басу сұйықтықтарын айдау.

Гидробөліктеуге ерітінділерді дайындау және айдау үшін көбінесе арнайы құрылғылар – цементтеу қондырғылары немесе инъекциялық кешендер қолданылады. [6].

Жоғарыда келтірілген әдістер күрделі және қаражатты көп қажет етеді. Сондықтан, құнарсыздануды азайтудың бірден бір жолы айдау, сору ұңғымаларындағы сілтілеу және өнімді ертінді баланысын сақтау болып табылады.

Өнімді ерітіндінің құнарсыздануын зерттеу мақсатында Шу-Сарысу уран провинциясының кенорындарының бірінде зерттеу жұмыстары жүргізілген, шартты түрде көрсетілген а және б технологиялық блоктар ішінара үш ярусты құрылыммен сипатталған (5сурет).

Төмендегі кестеде (кесте 1.) көршілес орналасқан және ортақ айдау ұңғымалары бар а және б технологиялық блоктарының а-2-1 және б-2-1 сору ұңғымалары арқылы көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшерінің өзгерісі.




Сурет 5. а және б технологиялық блоктардың ұңғымаларының орналасу картасы

б-2-1		а-2-1		б-2-1		а-2-1	
күні	U, мг/л	күні	U, мг/л	күні	U, мг/л	күні	U, мг/л
05.04.2018	123	06.04.2018	42.6	15.11.2019	123.9	15.11.2019	65.7
04.05.2018	141	08.05.2018	141	01.12.2019	114.3	01.11.2019	74.3
18.05.2018	181	29.05.2018	88.2	01.01.2020	116.1	01.01.2020	70.8
20.05.2018	187	30.05.2018	84.8	21.01.2020	131.1	20.01.2020	79
04.06.2018	193	06.06.2018	122	04.02.2020	123.9	04.02.2020	78.5
18.06.2018	199	23.06.2018	122	18.02.2020	126.3	18.02.2020	67.3
22.10.2018	195	28.10.2018	78.38	10.05.2020	117.5	19.05.2020	65
21.11.2018	125	28.11.2018	108	11.06.2020	111.3	19.06.2020	66.9
05.12.2018	199	02.12.2018	112	13.07.2020	180	20.07.2020	62
06.12.2018	201	03.12.2018	111	14.08.2020	90.6	20.08.2020	58.3
06.01.2019	160	04.01.2019	103	13.09.2020	46.4	20.09.2020	64.1
05.02.2019	122	03.02.2019	71.3	18.10.2020	55.6	19.10.2020	40.7
05.04.2019	153	07.04.2019	88.8	18.11.2020	60.1	19.11.2020	50.4
21.05.2019	139.2	21.05.2019	81.6	30.11.2020	62.4	19.11.2020	50.4
05.06.2019	148.5	07.06.2019	89.8	04.03.2021	47.4	11.03.2021	54.3
20.06.2019	144.6	17.06.2019	84.6	17.05.2021	39.7	10.05.2021	48.7
05.07.2019	146.1	07.07.2019	92	16.06.2021	34	10.06.2021	48.2
25.07.2019	144.3	19.07.2019	92	15.07.2021	32.5	11.07.2021	40.3
31.07.2019	162.9	31.07.2019	93.8	21.08.2021	26.3	16.08.2021	34.6
31.08.2019	152.1	31.08.2019	89.7	11.09.2021	30.4	16.09.2021	33.6
15.09.2019	131.7	15.09.2019	71	16.10.2021	28.4	14.10.2021	33.4
01.10.2019	154.8	01.10.2019	95	18.11.2021	20.8	17.11.2021	27.2
16.10.2019	128.7	16.10.2019	74.4	22.12.2021	29.1	15.12.2021	31.4
17.10.2019	126.6	17.10.2019	73.6	16.01.2022	25.8	12.01.2022	33.4
31.10.2019	135.6	31.10.2019	76.3	20.02.2022	17.6	17.02.2022	31.2
15.11.2019	123.9	15.11.2019	65.7				

Кесте 1. а-2-1 және б-2-1 сору ұңғымаларының сынама деректері

Сары түспен б-2-1 ұңғымасы арқылы көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшерінің артып, а-2-1 ұңғымасы арқылы көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшерінің кемігендігі белгіленсе, көк түспен керісінше, б-2-1 ұңғымасы арқылы көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшерінің кеміп, а-2-1 ұңғымасы арқылы көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшерінің артып, не сол деңгейде қалғандығы белгіленген.

Төмендегі графикте (сурет 6.) жоғарыдағы кесте (кесте 1.) деректері өңделген. Көріп отырғанымыздай, белгілі бір себептерге байланысты (айдау ұңғымаларының қабылдағыштығының төмендеуі, сору ұңғымаларының дебитінің төмендеуі, сүзгімаңдық аумақтың сүзгілеу деңгейінің төмендеуі, авария немесе жөндеу қалпына келтіру жұмыстарына байланысты ұңғыма жұмысының тоқтауы т.б.) өнімді ертітінді мен сілтілеу ерітіндісінің тепе-теңдік деңгейін сақтауға арналған технологиялық регламенттің сақталмауы салдарынан өнімді ерітіндінің құнарсыздануы орын алып отыр.



Сурет 6. а-2-1 және б-2-1 сору ұңғымаларының сынама деректерінің графигі

Қорытынды. Дәстүрлі тау-кен өндірістеріндегі өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер ететін құнарсыздану деңгейін, геотехноотгиялық әдістерге, нақтырақ, ЖҰШ әдісіне толықтай негіздеу керек. Жерасты сулары бір-бірімен байланысып, айналымды жүйе құратыны белгілі. Сондықтан технологиялық ерітінділердің шекарадан тыс аумаққа жылыстауын бақылауда ұстау керек. Ол экологиялық тұрғыдан да, реагент шығынының артуына әсер ететіндіктен, экономикалық тұрғыдан да маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Геотехнология урана на месторождениях Казахстана / Язиков В.Г. , Забазнов В.Л. Петров Н.Н., Рогов Е.И., Рогов А.Е. – Алматы, 2001.

2. https://www.atomic-energy.ru/news/2022/01/31/121432

3. Особенности геологического изучения инфильтрационных (гидрогенных) месторождений урана при их доразведке и освоении. В.Г. Язиков. Томск, 2012.

4. «Геохимическое влияние законтурного растекания технологических растворов с возникновением высоких концентраций урана в нейтральных средах» Горный журнал Казахстана №11, И.П. Поезжаев, К.Р. Светлакова 2020

5. «Горная энциклопедия» Том 1. Аа-лава - Геосистема Козловский Е.А. Мәскеу, 1984 .

6. Брылин В.И. Технология бурения и оборудование эксплуатационных скважин при отработке месторождений урана методом подземного выщелачивания: учебное пособие. – Томск: Изд-во ТПУ, 2010.

Исследование вырожденности продуктивного раствора при ПСВ урана

Лэнде М.А.

Аннотация. Основными показателями экономической эффективности горнодобывающих предприятий являются низкий уровень потерь производства и качественная добываемая руда. Известно, что в урановом производстве, основанном на методе ПСВ гидрогенно-инфильтрационных месторождений Казахстана, повышение уровня вырожденности полезного раствора вследствие выпаса растворов за пределы территории технологического блока экономически и экологически неэффективно. Поэтому очень важно проводить мероприятия по борьбе с бесплодием, хотя бы правильно проводить технологию.

Ключевые слова. Подземное скважинное выщелачивание, рекультивация, продуктивный раствор, выщелачивающий раствор, барражированная скважина, гидротранспорт, технологический блок

The study of the yield of the product at the PSV of uranium

Lande M.A.

Abstract. The main indicators of the economic efficiency of mining enterprises are a low level of production losses and high-quality mined ore. It is known that in uranium production based on the PSV method of hydrogenic-infiltration deposits of Kazakhstan, an increase in the level of degeneracy of the useful solution due to grazing solutions outside the territory of the technological block is economically and environmentally inefficient. Therefore, it is very important to carry out measures to combat infertility, at least to carry out the technology correctly.

Keywords. Underground borehole leaching, recultivation, productive solution, leaching solution, bar ranked well, hydraulic transport, technological unit.

КЕН ДЕНЕЛЕРІ ЯРУСТЫ ОРНАЛАСҚАН ГИДРОГЕНДІ-ИНФИЛЬТРАЦИЯЛЫҚ УРАН КЕНОРЫНДАРЫН ИГЕРУ

Ләнде М.А.
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
miwa_26@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада кен денелері ярусты орналасқан гидрогенді-инфильтрациялық уран кенорындарын жерасты ұңғымалық шаймалау технологиясы барысында ашу, өндіру жұмыстары мәселесі және технологияның параметрлерінің, соның ішінде өндіріс дәрежесі мен өнімді ерітіндінің құнарсыздану шамаларына әсері қарастырылады. Осындай жағдайды шешуге арналған әдістер талданады және жаңа әдіс ұсынылып, технологиялық және экономикалық тиімділігі сипатталады. Тау-кен кәсіпорындарының экономикалық тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі шығынды аз талап ететін және жоғары технологиялы өндіріс болып табылады. Қазақтанның гидрогенді-инфильтрациялық кенорындарының ЖҰШ әдісіне негізделген уран өндірісінде екі ярусты, тіпті үш ярусты орналасқан баланстық қордағы кен шоғырлары жиі кездеседі. Оларды өндіру кезінде шығындардың көбеюімен қатар ерітінділердің құнарсыздану деңгейі де жоғарылауы мүмкін. Сондықтан экономикалық және экологиялық тиімділікке негізделген тәсілді өндіріске енгізу аза маңызды.

Негізгі сөздер. Жерасты ұңғымалық шаймалау, ярусты орналасқан кен денелері, құнарсыздану деңгейі, өндіру дәрежесі, сору ұңғымасы, айдау ұңғымасы, өнімді горизонт

Гидрогенді-инфильтрациялық уран кенорындарының өнімді горизонтында бірнеше кен денелері ярусты орналасуы мүмкін. Бұл жиі кездесетін жағдай. Бұл кен денелері вертикаль бойынша тұрақты сутіректермен шектелмеген және бір – бірлерінен 8 – 40 м арақашықтықта орналасады. Заттық құрам мен сүзгіштік қасиеттері бойынша да бір – бірінен ерекшеленеді. Өнімді горизонтының қалыңдығы 70 м – ден жоғары және алты ярусты орналасқан кен денелері бар кенорын анықталған [1].

Өнімді горизонтты жалпы қалыңдығы бойынша бір ұңғымалар жүйесімен барлық кен денелерін бір мезгілде өндіріске тартқанда, әр кен денесінен металл өндіру біркелкі болмайды. Және әртүрлі эксплуатациялау кезеңдерінің болуы аталған өндіру жүйесінің экономикалық көрсеткіштеріне кері ықпалын тигізеді. Сол себепті бір ұңғымалар торымен бірдей уақытта өндіру жүйесінің практикалық тұрғыдан пайдалану тек екі кен денесі болғанда ғана жүргізілуі мүмкін.

Екі ярусты кен денелерін өндірудің көптеген тәсілдері бар, бірақ оларды ерітінді көтеру тәсілі мен өндіру кезеңдеріне қарай 3 нұсқаға топтауға болады:

1. Кенорындардағы екі ярусты кен денелерін бірмезгілде – бөлек өндіру. Бір ұңғыма арқылы жұп кен денелерін сол ұңғымада орнатылған техникалық жабдықтар арқылы кен денелерін бөліп өндіру немесе арнайы ұңғыма конструкциясын пайдалана отырып бір мезгілде үшке дейін кен денелерін өндіру. Сонымен қатар әрбір бөлек ұңғыма айдау, сору, бақылау ұңғымасы есебінде жұмыс істей алады. Және де сілтілеу ерітіндісін айдаутын және өнімді ерітіндіні эрлифт тәсілімен жер бетіне көтеретін әмбебап ұңғыма бола алады.

2. Екі горизонтты ашатын ұңғымадағы ерітінді ағындарын бөлу ұңғымадағы екі сүзгілеу зоналарын бір – бірінен бөлектеу арқылы іске асады. Бұл үшін қолданатын қарапайым іс – шара ретінде тықпалық жабдықтардың (пакерные устройства) түрлі конструкциялары мен құбырдың қосымша колонналарын пайдалану жатады. Айдау ұңғымаларында сүзгілеу ерітіндісі төменгі қатқа ортаңғы құбыр колоннасындағы тықпа астындағы сүзгілеуші зонаға беріледі. Жоғарғы қатқа ерітінді тықпа үстіңгі эксплуатациялық колоннадағы зонаға құбыраралық кеңістік арқылы беріледі.

3. Әр кен денесін өзінің эксплуатациялық ұңғымалар торымен бөлек өндіру.

Бұл 3 тәсіл де айтарлықтай кемшіліктерге ие:

1) Бірінші тәсілдің кемшілігі – үлкен диаметрлі ұңғыма бұрғылау, ұңғымада геофизикалық зерттеулер жүргізудің мүмкін болмайтындығы, эксплуатациялық құбырлардың арасындағы гидроизоляцияның бекем болмауы, эрлифтті тәсілмен ерітіндіні көтеру және


жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын (РВР) жүргізудің қиындауы. Және де өнімді ерітіндінің құнарсыздану дәрежесінің басқа горизонттағы кен денелерінің уран мөлшері төмендігінен немесе агрессорлық минералдар есебінен жоғарылауы мүмкін.

2) Екінші тәсілдің кемшіліктеріне: бұл тәсілде де үлкен диаметрлі ұңғымаларды бұрғылауға тура келеді, эксплуатациялық құбырлардың арасындағы гидроизоляцияның бекем болмауы, эрлифтті тәсілмен ерітіндіні көтеру және жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің қиындауы және де техникалық тұрғыдан орындау өте қиын болуы жатады. Осы кемшіліктер жалпы технологияны дұрыс жүргізуге, үдерістерді толықтай бақылауда ұстауға кедергі болатынына байланысты өнімді ерітіндінің құнарсыздануына, өндіру дәрежесінің төмендеуіне, ерітінділердің блок шекарасынан тыс аумаққа жайылуы салдарына салып келеді.

3) Үшінші тәсілдің кемшілігіне: өнімді горизонт қаншалықты терең орналасса, соншалықты шығындар көбейеді. Яғни, өнімдік өзіндік құны қымбаттай түседі. Бірақта технологиялық тұрғыдан дәстүрлі ЖҰШ әдісі өзгермейтіндіктен, өнімді горизонты аса терең орналасқан кенорындары осы тәсілді қолданады. Өнімді горизонттар арасында тұрақты сутірек болған жағдайда өнімді ерітінділердің араласып құнарсыздануы болмайды. Егер тұрақты сутірек болмаған жағдайда, арнайы вертикалды шымылдық арқылы изоляция жасалмаса өнімді ерітінділер араласып, құнарсыздануы мүмкін.

Ярусты орналасқан кен денелерін үш кезеңмен өндіру тәсілі

Осы аталған кемшіліктерді жою мақсатында, дәлірек айтсақ, екі ярусты кен денелері бар кенорындарында өнімді ерітіндінің жоғалымын азайту және металды өндірудің толықтығын көтеру мақатында жаңадан бір тәсіл пайда болды.



1 – фильтрлер, ОС – сору ұңғымалары, ЗС – айдау ұңғымалары
Сурет 1. – Екі ярусты кен денелерін үш кезеңмен өндіру схемасы


Бұл тәсілдің технологиясын келер болсақ, бір өнімді горизонтта екі ярусты орналасқан кен денелері бар инфильтрациялық – қатты кенорындарында өндіріс үш кезеңмен жоғарыдан төмен қарай айдау – сору ұңғымаларының жүйесі арқылы жүреді (сурет 1). Яғни, бір технологиялық ұңғымада орналасқан фильтрлер кезекпен іске қосылады. Бірінші кезеңде төменгі ярус металды өндірудің оптималды шамасына жеткенге дейін өндіріледі [2]. Бұл тәсілде де құнарсыздану деңгейін басқару үшін өнімді горизонттар арасында тұрақты сутірек болуы шарт. Болмаған жағдайда өндірісті басқару қиындай түседі.

Бір айдау ұңғымасы арқылы екі ярусты орналасқан немесе өте қалың кен денелерін бірмезгілде-бөлек өндіру технологиясы

Екі ярусты кен денелерін өндіруге арналған, аталған барлық тәсілдердің кемшіліктерін жою мақсатында тағы да бір техникалық шешім ойлап табылған болатын.

Бұл ұсынылған тәсілдің мазмұнына келер болсақ, екі кен шоғыры бір технологиялық ұңғыма арқылы ашылады. Олар бір бірінен бөлектенеді де, бір айдау ұңғымасымен өндіріледі.

Басқа тәсілдерден айырмашылығы – өте қалың немесе екі ярусты кен денелерін бір айдау ұңғымасы арқылы тиімді өндіру болып табылады.



1 – ұңғыма басы СҰ $Д_у$ - 315; 2 – ерітінді көтергіш құбыр $Д_у$ -63; 3 – жалғастырғыш тетік 315/110; 4 - жалғастырғыш тетік 110/90; 5 – эксплуатациялық калонна $Д_у$ -110; 6 - сүзгіш КДФ-118; 7 – кен денесі; 8 - сутірек; 9 - эксплуатациялық калонна $Д_у$ -90; 10 - шарлы ысырма $Д_у$-50; 11 - тарату құбыры ӨЕ $Д_у$ -90; 12 - қосатын келте құбыр $Д_у$ -57; 13 - тұндырғыш $Д_у$ 110; 14 - ерітінді көтергіш құбыр $Д_у$ -63; 15 - центратор; 16 - сүзгіш КДФ 140; 17 - манометрлер; 18 - шығын өлшегіштер; 19 - шарлы ысырма $Д_у$ -50; 20 - вертикалды орталықтан тепкіш сорғы; 21 - электрқозғалтқыш; 22 - шарлы ысырма $Д_у$ -70; 23 - діңгек; 24 - сынама алғыштар; 25 – ауырлатқыш жалғастырғыш тетік; 26 – ұңғыма басы қақпағы $Д_у$ - 480; 27 - фланец $Д_у$ - 480; 28 - бұрғыш келте құбыр $Д_у$ -57; 29 - төсеу $Д_у$-360; 30 - жалпы бұрғыш келте құбыр $Д_у$-89

Сурет 2. – Бір айдау ұңғымасы арқылы екі яруста орналасқан кен денелерін өндіруге арналған құрылғы

Осы аталған тәсіл екі ярусты кен денелерін және өте қалың кен шоғырларын бір айдау ұңғымасы арқылы өндіруге мүмкіндік беретіндіктен, бұрғылау және орнату жұмыстарына кететін шығындар азаятындықтан және өндірістің толықтығы есебінене уран өндірудің өзіндік құнын 20-30% төмендейді [3]. .

Бір айдау ұңғымасы арқылы екі ярусты орналасқан кен денелерін екі кезеңмен бөлек өндіру технологиясы

Соңғы тәсіл ярусты орналасқан және өте қалың кен денелерін өндіруде тиімді екені анық. Бірақта экономикалық тұрғыдан барынша тиімді өндіріс технологиясын жасау үшін осы тәсілге өзгертулер енгіздім. Ұсынып отырған тәсілім – екі яруста орналасқан кен денелерін бірмезгілде емес, екі кезеңмен өндіру.

Бірінші кезеңде жоғарыда көрсетілген құрылғыны (сурет 2) ұңғымаға орнатамыз. Бірақта тек ішкі құбырлар арқылы төменде орналасқан кен денесін толықтай өндіріп аламыз. Бұл кезеңде жоғарғыда орналасқан кен денесі өндірілмейді.

Екінші кезеңде төменгі кен денесін өндіруге орнатылған құбырлар және оған қатысты барлық жабдықтар алынып тасталады да түбі бекітіледі. Содан соң жоғары жатқан кен денесін өндіру жұмыстары басталады. Бұл тәсілде де тұрақты сутіректің болуы шарт. Болмаған жағдайда да сүзгіштерді қима бойынша дұрыс орналастыру өнімді ерітіндінің құнарсыздану деңгейінің жоғарыламауына алып келеді.

Бұл технологиядан қай жағынан тиімді екеніне келер болсақ, біріншіден, алғашқы кезеңде суырылып алынған төменде орналасқан кен денесін өндіруге арналған құбырлар және басқа да жабдықтар, кейінірек, ярусты орналасқан кен денелері бар басқа блокта төменде орналасқан кен денесін өндіруге ұңғымаға орнатылуына болады. Екіншіден, ішкі құбыр суырылып алынғаннан кейін, сыртқы құбырдың диаметрі екі есе өседі. Яғни, ұңғыманың өнімділігі екі есе өседі, кольматацияға ұшырауы азаяды. Бір жағынан екінші кезең дәстүрлі ЖҰШ технологиясына айналатындықтан, өндірісті басқару жақсарады.

Бірінші кезеңде жоғары жатқан кен денесі өндірілмейтіндіктен сыртқы құбырдың диаметрін мүмкін болатын шамаға дейін, яғни ішкі құбырды суырып алуға мүмкіндік болатындай, кішірейтуге болады. Ол дегеніміз бұрғылау агрегатының өнімділігін көбейту деген сөз. Себебі ұңғыма диаметрі неғұрлым кішірек болса соғұрлым бұрғылану жеңілдейді және тез жүреді.

Қазіргі уақытты ярусты орналасқан кен денелері бар кен орындары қаншалықты терең болса да бөлек блоктармен, бөлек ұңғымалар торымен өндіріледі. Екі тәсіл бойынша айдау ұңғымасына кететін шығындарды есептейік.

Кесте 1. – 500 м тереңдікке дейін бұрғыланып,орнатылған екі айдау ұңғымасына жұмсалатын қаражат

№	Материалдардың атауы	өлшем	саны	ҚҚС қосқандағы бағасы*	Жалпы бағалары
1	ПНД-110х18(2,5 м) келте қ.	шт.	2	7000	14.000
2	ПВХ-90х8 бұрандасы бар қ.	м.п.	940	2500	2.350.000
3	КДФ-118 (2 м) фильтрі	шт.	10	23000	230.000
4	ПНД-110х18 бітеуіші	шт.	2	8500	17.000
5	ПНД 110х90 жалғастыр. тетік	шт.	2	16500	33.000
6	Ұңғыманы бұрғылау және орнату	м.п.	1000	10145	10.145.000
Барлығы					**12.789.000**
$ бойынша (курс 1$ =500 тг.)					***25.578***
ЖШС «Компания Полихимпродукт»					

Кесте 2. – 500 м тереңдікке дейін бұрғыланып, орнатылған бір айдау ұңғымасына жұмсалатын қаражат

№	Материалдардың атауы	өлшем	саны	ҚҚС қосқандағы бағасы	Жалпы бағалары
1	ПНД-225х16,6 (2,5м) келте қ.	м.п.	1	6000	6.000
2	ПВХ-110х11 бұрандасы бар қ.	м.п.	400	4000	1.600.000
3	ПВХ-90х8 бұрандасы бар қ.	м.п.	70	2500	175.000
4	КДФ-140 (2 м) фильтрі	шт.	5	33500	1.675.000
5	КДФ-118 (2 м) фильтрі	шт.	5	23000	115.000
6	ПНД-50х4.6 қ.	м.п.	400	350	140.000
7	ПНД-110х18 бітеуіші	шт.	1	8500	8.500
8	ПНД 225х110 жалғастыр. тетік	шт.	1	23000	23.000
9	ПВХ 110х90 жалғастыр. тетік	шт.	1	17500	17.500
10	Ауырлатқыш-жалғастыр. тетік	шт.	1	80000	160.000
11	Ұңғыманы бұрғылау және орнату	м.п.	500	10145	5.072.500
Барлығы					**8.992.500**
$ бойынша (курс 1$ =500 тг.)					***17.985***
ЖШС «Компания Полихимпродукт»					

Есептеулерден көріп отырғанымыздай, бұл тәсіл 7.593**$** қаражатты үнемдейді.

Егерде бір геотехнологиялық блокта орташа 30 айдау ұңғымалары болатынын ескерсек, өте қалың немесе ярусты орналасқан кен денелерін өндіруде жалпы экономикалық тиімділік төмендегідей болады.

$$Э = 30*25.578 – 30*17.985 = 767.340 – 539.550 = 227.790\$$$

Ұсынылып отырған әдістің экономикалық және техникалық тұрғыдан тиімділігін қарастырайық. Мысал ретінде жоғарыда көрсетілгендей 30 айдау ұңғымасынан тұратын екі блокты алайық. Бірінші блок бірінші кезеңде 27.250**$ -** бұрғыланып орнатылады. Бұл кезең экономикалық және техникалық түрғыдан бір айдау ұңғымасы арқылы екі ярусты орналасқан немесе өте қалың кен денелерін бірмезгілде-бөлек өндіру технологиясымен бірдей болады. Екінші кезеңде айдау ұңғымаларының ішкі құбырлары алынып тасталады да, ол екінші блоктың ұңғымаларының құрылымында пайдаланылады. Яғни, екінші блоктың құрылысына

№	Материалдардың атауы	өлшем	саны	ҚҚС қосқандағы бағасы	Жалпы бағалары
1	ПНД-225х16,6 (2,5м) келте қ.	метр	1	6000	6.000
2	ПВХ-110х11 бұрандасы бар қ.	метр	400	4000	1.600.000
3	ПВХ-90х8 бұрандасы бар қ.	м.п.	70	2500	175.000
4	КДФ-140 (2 м) фильтрі	бір.	5	33500	167.500
5	ПНД-110х18 бітеуіші	бір.	1	8500	8.500
6	ПВХ 110х90 жалғастыр. тетік	бір.	1	17500	17.500
7	Ұңғыманы бұрғылау және орнату	метр	500	10145	5.072.500
Барлығы					**7.047.000**
$ бойынша (курс 1$ =500 тг.)					***14.094***
30 айдау ұңғымасына					***422.820$***
ЖШС «Компания Полихимпродукт»					

20% тозуды ескере отырып есептейтін болсақ:

$$Э = (539.550 *2 – (539.550 +422.820))*0,8=(1.079.100-962.370)*0,8=116.730*0,8=93.384\$$$

Шығындар неғұрлым азайған сайын, соғұрлым өнімнің өзіндік құны да төмендейді. Ал техникалық артықшылығы айдау ұңғымасының қабылдағыштығында орын алады. Екі тәсіл бойынша айдау ұңғымаларының қабылдағыштығын есептеп, салыстырайық.

$$Q = \frac{1.157 \cdot n \cdot 2\pi \cdot K_{\text{ф}} \cdot \text{М}_{\text{э}} . S_{\text{н}}}{10^2 \cdot (ln\frac{R_0}{R_C} + S_{\text{к}})}, \text{ м3/тәул.}$$

$$S_{\text{К}} = \left(\frac{\text{К}_{\text{ф}}}{\text{К}_{\text{ф1}}} - 1\right) lnR_{\text{пр}}/R_{\text{с}}$$

мұндағы, Мэ – кен интервалының орташа тиімді қалыңдығы, м;

Sк - скин-эффект көрсеткіші;

Кф –кенсыйыстырушы пласттың сүзгілеу коэффициенті, м/тәул;

Кф1 – ұңғыманың сүзгілеуші аймағының коэффициенті, м/тәул;

Rпр. –ұңғыманың сүзгілеуші бөлігінің радиусы, м;

n – айдау ұңғымасының сору ұңғымасына қатынасы, гексагональды ұяшықта 2,6, квадрат ұяшықта – 2, тікбұрышты ұяшықта n = 1,6;

Sн – айдау ұңғымасындағы компрессия, м су бағ.;

S0 – сору ұңғымасындағы депрессия, м су бағ.;

Ro – ұяшықтың тиімді радиусы, м;

Rc – ұңғыманың радиусы, м;

1) Sк = (12/22 – 1)ln0,140/0,110 = 8,1;

2) Sк = (12/22 – 1)ln0,140/0,110-0,05 = 14,9;

1) $Q = \frac{1.157 \cdot 1{,}6 \cdot 2\pi \cdot 12 \cdot 16 \cdot 70}{10^2 \cdot (ln\frac{50{,}53}{0{,}11} + 8{,}1)}$ = 35,7 м3/тәул.

2) $Q = \frac{1.157 \cdot 1{,}6 \cdot 2\pi \cdot 12 \cdot 16 \cdot 70}{10^2 \cdot (ln\frac{50{,}53}{0{,}11-0{,}05} + 14{,}9)}$ = 19,46 м3/тәул.

Көріп отырғанымыздай, ішкі құбырды суырып алғаннан кейін ұңғыманың қабылдағыштығы едәуір өсті.

Қорытынды. Нарық заманында шикізат өндіруде өнімнің өзіндік құнын төмендету мен өндіріс параметрлерінің шамасын, соның ішінде өнімді ерітіндінің құнарсыздану деңгейін, өндіріс дәрежесін оңтайлы жаққа аудару пайда табуды арттыратыны анық. Сондықтан ЖҰШ тәсіліне негізделген еліміздегі уран өндірісіндегі шешімін таппаған мәселелерге нақты көңіл бөліп, технологияны дамытуға ат салысу тау-кен инженерлерінің нақты міндеті. Яруста орналасқан кен денелері бар гидрогенді-инфильтрациялық кен орындарын экономикалық тиімділік және экологиялық қауіпсіздік шарттарын ескере отырып, жасалған осы технологияны барынша зерттеп, өндіріске енгізу керек деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Язиков В.Г. и др. Геотехнология урана на месторождениях Казахстана – Алматы: Lem, 2001г.

2. Комплексы подземного выщелачивания. / Под.ред. Кедровского О.Л. М.: Недра, 1992 г

3. Способ подземного скважинного выщелачивания металлов для двухъярусных рудных тел / К.А. Азимхан, А.А. Азимхан

Разработка гидрогенно-инфильтрационных урановых месторождений с ярусным расположением рудных тел

Лэнде М.А.

Аннотация. В статье рассматривается проблема вскрытия, добычных работ при технологии подземного скважинного выщелачивания гидрогенно-инфильтрационных урановых месторождений с ярусным расположением рудных тел и влияние параметров технологии, в том числе степени добычи и величины выщелачивания продуктивного раствора. Анализируются методы решения подобной ситуации, и предлагается новый метод, характеризующий технологическую и экономическую эффективность. Одним из основных показателей экономической эффективности горнодобывающих предприятий является низкозатратное и высокотехнологичное производство. В урановой промышленности, основанной на методе ПСВ гидрогенно-инфильтрационных месторождений Казахстана, распространены залежи балансовых запасов, расположенные в двух ярдах, а то и в трех ярусах. Наряду с увеличением затрат при их производстве может повышаться и уровень обесценения растворов. Поэтому важно внедрить в производство подход, основанный на экономической и экологической эффективности.

Ключевые слова. Подземное скважинное выщелачивание, ярусно расположенные рудные тела, степень выщелачивания, степень добычи, нагнетательная скважина, нагнетательная скважина, продуктивный горизонт.

Development of hydrogenic-infiltration deposits with tiered distribution of ore bodies

Lande M.A.

Abstract. The article deals with the problem of opening, mining operations with the technology of underground borehole leaching of hydrogenic-infiltration uranium deposits with a tiered arrangement of ore bodies and the influence of technology parameters, including the degree of extraction and the amount of leaching of the productive solution. The methods of solving such a situation are analyzed, and a new method is proposed that characterizes technological and economic efficiency. One of the main indicators of the economic efficiency of mining enterprises is low-cost and high-tech production. In the uranium industry, based on the PSV method of hydrogenic-infiltration deposits of Kazakhstan, deposits of balance reserves located in two yards, or even in three tiers, are common. Along with the increase in costs during their production, the level of depreciation of solutions may also increase. Therefore, it is important to introduce an approach based on economic and environmental efficiency into production.

Keywords. Underground borehole leaching, tiered ore bodies, degree of leaching, degree of extraction, injection well, injection well, productive horizon.

ТОПЫРАҚТЫҢ МҰНАЙМЕН ЛАСТАНУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ

Мейрам Г.М., Сағын Р.А.
Satbayev University, Алматы қ., Казахстан
gulden07041998@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада 2019-2020 жылдардағы бүлінген жерлердің динамикасы және мұнай мен оның өнімдерінің топыраққа және бүкіл экология жүйесіне кері әсері көрсетілген. Мұнай кенішіндегі топырақтың ластануы классификацияға сәйкес кластарға бөлінеді. Әлемдік тәжірибенің бүгінгі ахуалын сараптай отырып және МакДжил эксперименттерінің деректері негізінде Қазақстанның климаты жағдайында рекультивациялауға жататын топырақтарда мұнай құрамының болжамды норматив кестесі жасалынғаны корсетілді. Республикадағы ластану дәрежесі бойынша ең аса қатты кен орындарының талдауы өткізілді.

Мұнай қалдықтарын қайта өңдеуден шығатын құрылыста қолданылатын материалдар тізбегі берілген және пайдаланудың бірнеше нұсқалары қарастырылды. Біріншіден, қоршаған ортаға техногенді әсерін азайтады, екіншіден, қалдықтарды сақтауға төленетін төлем мөлшерін азайтады, үшіншіден, қайта өңдеуден алынған өнімді әрі карай дамытып, басқа өндіріс орындарнында қолданып, пайда табуға болатындығы көрсетілді.

Негізгі сөздер. Мұнай, ШРК (шекті рұқсат етілген концентрациясы), топырақ, рекультивация, ластану.

Кейінгі жылдары республикада мұнай өнеркәсіптік объектілерін, желілік құрылыстарды және басқа да қосалқы кәсіпорындарды салу барысында, пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде бұзылған 243,4 мың га жер анықталған, оның 55,8 мың гектары игерілген және онда да рекультивациялық жұмыстар жүргізілген деп санауға болады. Олардың басым бөлігі Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар облыстарына қарайды.

Өңірлік жоспарда мұнай қалдығымен бүлінген жерлердің ең көбі төмендегі үш облыс территориясында орналасқан: Маңғыстауда – 70,5 мың га бүлінген жердің 9,4 мың га қалпына келтірілген, Қарағанды облысында – тиісінше 45,3 мың га бүлінген жердің 10,6 мың га қалпына келтірілген және Қостанай облысында – тиісінше 38,3 мың га бүлінген жердің 13,8 мың га қалпына келтірілген.

Республиканың бүлінген аумағында 3 422 кәсіпорын мен ұйым бар. 2020 жылы республика бойынша 1,6 мың га ластанған, 5,8 мың га бүлінген жерлер пайдаланылған және 5,8 мың га бүлінген жерлер қалпына келтірілген. 2019–2020 жылдардағы ластанған жерлердің динамикасы 1-ші кестеде көрсетілген [1].

Кесте 1 - 2019–2020 жылдардағы бүлінген жерлердің серпіні, мың га

	2019	2020
Бұзылған жерлер	2,8	1,6
Пайдаланылған бүлінген жерлер	6	5,8
Қалпына келтірілген бүлінген жерлер	5,9	5,8

Қоршаған ортаны мұнаймен ластануына қарсы әдістеме жасау өте күрделі іс. Топырақтың мұнаймен ластануына реакциясы, олардың осы ластаушы заттарға сезімталдығы әр түрлі топырақ аймақтарында, сондай-ақ іргелес ландшафттарда ерекшеленеді.

Топырақтағы мұнай ластануының шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК) түріне байланысты және топырақ үшін 0,1 мг/кг құрайды, алайда топырақтағы мұнайдың жалпы құрамының ШРК стандартталмаған; мұнай өнімдерінің кейбір түрлері үшін ШРК белгіленген: мысалы, бензол – 0,3, толуол – 0,3 және ксилолға да – 0,3 мг/кг мөлшері алынған.

Топырақ пен ондағы мұнайдың төменгі деңгейі, одан жоғары табиғи орта сапасының төмендеуі жоғары қауіпсіз концентрация деңгейі ретінде қарастырылады. Топырақтағы мұнайдың концентрациясының жоғары қауіпсіз деңгейі топырақ пен оның түрлері, құрамы мен қасиеттері, сол аймақтағы климаттық деңгей, мұнай өнімдерінің құрамы, өсімдік түрлері,

флора мен фаунаның классикалық экожүйесі және т.б. сияқты көптеген факторлардың үйлесуіне байланысты болып келеді.

Топырақтағы мұнайдың концентрациясының жоғарғы қауіпсіз деңгейін ондағы шекті концентрацияның болжамды деңгейі ретінде қабылдауға болады. Топырақтың мұнаймен ластануының болжамды шекті деңгейін ластанудың төменгі рұқсат етілген деңгейі деп санау ұсынылады, онда осы табиғи жағдайда топырақ бір жыл ішінде өзінің өнімділігін қалпына келтіреді, ал топырақ биоценозы үшін жағымсыз салдар өздігінен жойылуы заңдылық. Жалпы санитарлық көрсеткіш ретінде рұқсат етілген концентрацияның болжамды деңгейін бағалау топырақтың жоғарғы гумустық-аккумуляциялық горизонты үшін (шамамен 20–30 см тереңдікке дейін) берілуі айқындалған.

Топырақтағы мұнай мен оның өнімдерінің рұқсат етілген концентрациясының болжамды деңгейі топырақтың барлық түрлері мен табиғи аймақтар үшін бірдей бола алмайтыны анық. Бұл заттың топырақ пен өсімдіктердің қасиеттеріне әсерін анықтайтын факторларға, топырақтың өзін-өзі тазарту әлеуетіне және ластанудың дәл сол түріне байланысты болатыны анықталып отыр. Мұндай факторлардың негізгілері-ластаушы заттың химиялық құрамы, топырақтың қасиеттері мен құрамы, осы аймақтағы физикалық-географиялық (негізінен климаттық) жағдайларына тікелей байланысты.

МакДжил шолуында [2] әртүрлі елдердің зерттеушілерінің топырақтағы мұнайдың қауіпсіз шектерін анықтау туралы мәліметтері келтірілген. Сараптамада эксперимент жүргізілген аудандардың әртүрлі климаттық және топырақ жағдайларына байланысты айтарлықтай ерекшеленетіні көрсетілген.

Әлемдік тәжірибенің бүгінгі ахуалын сараптай отырып және МакДжил [2] эксперименттерінің деректері негізінде Қазақстанның климаты жағдайында рекультивациялауға жататын топырақтарда мұнай құрамының болжамды норматив кестесі жасалынған [3].

Кесте 2 - Құрамында мұнайдың әртүрлі мөлшері бар топырақтың бұзылуының салыстырмалы дәрежесі

Бұзылу дәрежесі	Топырақтағы мұнай мөлшері, мг / кг (құрғақ топырақ)
Жеңілден орташа деңгейге дейін: арнайы шаралар болмаған кезде өсімдік өсуінің уақытша әлсіреуі байқалады	5000-20000
Орташа деңгейден жоғары деңгейге дейін: өсімдіктердің тек кейбір түрлері қалыпты дами алады; топырақты қалпына келтіру үш жыл ішінде мүмкін; табиғи қалпына келтіру одан 2-3 есе көп уақытты алады	20000-50000
Жоғарыдан өте жоғары деңгейге дейін: топырақ мұнайды 10 см тереңдікке дейін сіңіреді; бірнеше қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер ғана өмір сүреді; табиғи қалпына келтіру 20 немесе одан да көп жылға созылады	50000 - нан жоғары

Топырақ пен қоршаған ортаның ластануының үлкен үлесі Атырау облысына – 59 %, тиесілі Ақтөбе облысына – 19 %, Батыс Қазақстан облысына-13% және Маңғыстау облысына – 9% тиесілі.

Батыс Қазақстандағы мұнаймен ластануының жалпы ауданы 194 мың га жер аумағын құрайды, ал төгілген мұнай көлемі – 5 млн тоннадан астам. Мәселен, Атырау облысындағы зерттеулер Мақат кен орнының маңында топырақтың мұнаймен ластануының неғұрлым жоғары деңгейі табылғанын көрсетті. Молынан май сіңген учаскелерде мұнайдың максималды мөлшері 172 480 мг/кг-ға жетеді, Қазақстанда мұнайдың шекті рұқсат етілген концентрациясы 100 мг/кг құрайды, топырақтың мұнаймен ластануының жоғары деңгейі Доссор, Комсомольское, Таңатар, Тентексор, Искенде 132 туылған жер бетіне жақын жерде табылды. Мұнда ШРК 24-тен 138-ге дейін өзгереді.

Мұнайдың уыттылығы оның құрамына (парафиндер, битумдар, жеңіл фракциялар, күкірт қосылыстары), булану және микробиологиялық ыдырау қабілетіне, тығыздығы мен тұтқырлығына тікелей байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, топырақтағы мұнай концентрациясы 80 мл/кг-нан аз (шамамен 64 мг/кг), тест өсімдіктерінің тұқымдарының өнгіштігі байқалды. 400 мг/кг (320 мг/кг) жоғары концентрацияда тұқымның өнуі тоқтағаны байқалды. Батыс өңірдегі мұнай өнімдерінің жылдан-жылға артуы топырақтың микробиологиялық қасиеттерінің қайтымсыз өзгеруіне әкеледі. Жеңіл фракциялар мұнайдың құрамында ең жоғары уыттылыққа ие, олардың ішінде ең алдымен тірі организмдерде қатерлі ісік тудыруы мүмкін, канцерогенді полициклді хош иісті көмірсутектерді атап өткен жөн. Бұл топта ең қуатты және кең таралған ластаушы заттардың бірі бензопирен болып табылады, оның топырақтағы рұқсат етілген концентрациясы 0,02 мг/кг тең.

Топырақтың мұнаймен ластануының ең жоғары деңгейі Мақат кен орнының маңында табылды. Қатты майланған учаскелерде мұнайдың ең көп мөлшері 172480 мг/кг-ға жетеді, Қазақстанда мұнайдың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРК) 100 мг/кг (Қаражанбас және Жетібай кен орындарындағы мұнай үшін) және Қаламқас кен орнындағы мұнай үшін 10 мг/кг-ға тең [3]. Доссор кен орнының жанында топырақтың мұнаймен ластануының жоғары деңгейі анықталған. Мұнда ШРК-дан асып кету 47,7–127,2 есе аралығында болғаны анықталды.

Бұдан басқа, мұнаймен ластанған телімдері Комсомольское (137 ШРК), Сағыз (107 ШРК), Таңатар (60 ШРК), Байшонас (138 ШРК), Тентексор (200 ШРК), Искене (24 ШРК), Қаратайқыз (2,4 ШРК) кен орындарының маңынан табылды.

Мұнай ластануының жоғары мөлшері, бірақ ШРК-дан төмен, Оңтүстік Қашқар және Алтыкөл кен орындарының жанында табылды. Жаршық және П-2 ауданында бұрын бұрғыланған ұңғымалардан мұнайдың шым-шымдап шығуы әсер еткендік жақын алынған сынамалар тиісінше 881 ШРК және 22,8 ШРК мұнайдың топырақтағы құрамын көрсетті.

Елді мекендер маңындағы топырағы ластануының қауіптілік дәрежесін анықтау көрсеткіштері мынадай шектерде айқындалған (3-ші кесте).

Кесте 3 - Елді мекендер топырақтарының санитариялық жай-күйінің бағалау көрсеткіштері

№ п/п	Қауіптілік дәрежесі	Ластану дәрежесі	Экзогенді химиялық заттармен ластану көрсеткіші, ШРК арту еселігі
1	Қауіпсіз	Таза	ШРК-дан аз
2	Салыстырмалы түрде қауіпсіз	Жеңіл ластанған	1 – 10
3	Қауіпті	Орташа ластанған	10 – 100
4	Өте қауіпті	Молынан ластанған	100 астам

Осы жіктеуге сәйкес Мақат, Доссор, Байшонас, Тентексор, Комсомольское кен орындарына жақын, сондай-ақ Жаршик телімде ағып жатқан барлау ұңғымасына жақын топырақты мұнаймен молынан ластанған деп жіктеуге болады, бұл ластанудың өте қауіпті дәрежесін білдіреді. Ластанудың мұндай деңгейі тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіреді, өйткені Доссор және Мақат кен орындары аттас елді мекендерге жақын орналасқан.

Жаршик телімі Каспий теңізінің айдынды суларымен су басу аймағында орналасқан. Бұл аймақта мұнайы сыртқа шығып жатқан ұңғыманың болуы бүкіл теңіз экожүйесіне және әсіресе жағалау белдеуіне қауіп төндіреді, онда қамыс қопалары қалған, олардың тығыздығы жануарлар тіршілігі үшін өте жоғары.

Таңатар және Ескене кен орындарының маңындағы топырақ орташа, ал Қаратайқыз маңындағы топырақ сәл ғана ластанған. Қалған бақылау станцияларында топырақ таза деп сипатталады [4].

Осы мәселелерді түбегейлі зерттеп, сараптай отырып, мұнай қалдықтарын кайта өңдеу аркылы тиімді пайдалану әдістерін қарастыру қажет. Бұл, біріншіден, қоршаған ортаға техногенді әсерін азайтады, екіншіден, қалдықтарды сақтауға төленетін төлем мөлшерін

азайтады, үшіншіден, қайта өңдеуден алынған өнімді әрі карай дамытып, басқа өндіріс орындарнында қолданып, пайда табуға болады.

Көп жылғы жинақталған тәжірибелердің негізінде, мұнай калдықтарын шикізат ретінде пайдаланудың өзі тиімді екені белгілі болды. Бұл бағытта мұнай шламдары асфальтбетон, газобетон, шламобетон дайындаған кезде пайдаланылады. Мұнай шламдары бетонды сұйықтардың беріктігін ұлғайтатын, аязга, ылғалдылыққа қарсылығын жоғарылататын органикалық байланыстыргыштар ретінде де қолданылады.

Бұдан басқа мұнай шламдарын жол құрылысында пайдаланып, салынған жолдың өзіндік құнын төмендетіп, технологиялық процесті оңтайландыруға болады [5].

Сондықтан мұнай қалдықтарын қоршаған ортаға тастамай, оларды шикізат көзі ретінде пайдалану табиғатты қорғау жұмысының өзекті мәселесі болып есептеледі.

Мұнай қалдықтарын пайдаланып топырактарды тазалау 1915 жылдардан белгілі болды. Инженер К.П.Некрасов жоғары шайырлы мұнайды пайдаланып жолдың сапасын жақсартуға болатын материал екенін атап өтті [6].

Бухара Гиждуван-Қызыл-Тепе жолын салган кезде, катынасы 3:1 болатын мұнай мен битумның коспасы пайдаламылды [8].

Өзбекстанда В.И. Ленин атындагы үлкен трассасының салу барысында алғаш рет үлкен көлемде жергілікті жоғары парафинді мұнайды гравийге араластыру арқылы жолға тосеу пайдаланылған [9, 10].

Қорытынды

1. Айта кету керек, Батыс Қазақстанда мұнай-газ кешенінің қалыптасуы топырақ жамылғысына антропогендік жүктемені едәуір күшейтті. Аймақтағы топырақ жамылғысының экологиялық бұзылуының негізгі себептері: техногендік жойылу, мұнай-химиялық ластану және ақаба сулармен тұздану, бұрғылау шламы, улы химиялық элементтер және т. б.

2. Топырақтың табиғи құнарлылығын рекультивациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізудің кезектілігі олардың өзін-өзі сауықтыруға табиғи қабілетімен, шаруашылық маңыздылығымен және бүлінген топырақтың қоршаған аумақтарға әсер ету сипатымен айқындалуға тиіс. Қазіргі уақытта осы ауданның топырақтары төмен экономикалық құндылыққа ие және тек жайылым ретінде пайдаланылса да, жұмыс аяқталғаннан кейін экологиялық тұрғыдан оларды құнарлылықтың бастапқы деңгейіне дейін қалпына келтіру қажет.

3. Мұнай өндіруші аймақтардағы құрамында мұнай бар шламдарды қайта өңдеу, қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

4. Мұнай қалдықтарын отын өндірісінде (және құрылыста) пайдаланудың басқа технологиясы, яғни құрамында қатты көмірсутегілер бар отын алу.

Андатпа. Баяндамада ғимараттардың қасбеттерін сәулеттік жарықтандырудың маңыздылығы, қалалардың ғимараттарын жарықтандырудың маңыздылығы талқыланады. Ғимараттың қасбеттерін сәулеттік жарықтандыруды қолданудың негізгі әдістерін, сыртқы жарықтандырудың сәулеттік құрылымдарына қойылатын талаптарды, ғимараттарды жарықтандыру шешетін міндеттерді бөліңіз. Архитектуралық жарықтандыру ғимаратты сұр массадан ерекшелендіретініне, адамдардың туристік ағынын, ғимараттың құны мен азаматтардың табысын арттыратынына назар аударылады. Қала ғимараттарын жарықтандырудың біртұтас сәулеттік стилін қалыптастыру мақсатында Алматы қаласын сәулеттік жарықтандыру тұжырымдамасын іске асыру барысы туралы хабарланды. Ғимараттың сәулеттік жарықтандырылуы объектінің сәулеттік элементтерін айшықтап қана қоймайды, сонымен қатар жайлылықты арттырып, түнде адамдарды қорғауға көмектеседі деген қорытынды жасалды. Баяндама эстетика және ғимараттардың қасбеттерін жабдықтаудың маңыздылығы туралы білгісі келетін сәулет және дизайн студенттерін қызықтыруы мүмкін.

Негізгі сөздер: Алматы сәулеттік жарықтандыру, артқы жарықтандыру, функционалды жарықтандыру, сәндік жарықтандыру, жарықтандыру техникасы, жарықдиодты шам, қасбеттік прожектор.

КАК ЦВЕТ УПРАВЛЯЕТ НАШЕЙ ЖИЗНЬЮ

Серикказы Т. Ж.
Satbayev University, Казахстан, г. Алматы
Email: setomvvdkb@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена психологии человека и его отношению к цвету. Также объясняется теория «эффекта бабочки» и её связь с психологией цвета. В материале рассматривается влияние цвета к жизни человека и не только, также рассказывается о том, к чему может привести в долгосрочной и краткосрочной перспективе такое простое действие как «выбор цвета одежды». Также рассказывается о том, каким образом «цвет управляет нашей жизнью», какие предрассудки имеют люди, и что нам делать с этой информацией. Статья рекомендуется к прочтению людям, которые хотя бы раз в жизни интересовались «цветом» и «психологией человека». В том числе статья будет интересна людям, чьи жизни не связаны с таким явлением как «цвет» и «выбор цвета».

Ключевые слова: Цвет, человек, эффект бабочки, значение цветов, первое впечатление.

Что вы скажете на то, что цвет вашей одежды определяет будущее всего человечества? «Каким образом?», - заинтересуетесь вы. Сейчас я вам всё объясню.

Давайте вспомним об эффекте бабочки. Что гласит это правило? «Незначительное действие может иметь большие и непредсказуемые последствия, в том числе в совершенно другом месте». Например, «Порхание бабочки в Алматы может вызвать целую бурю в Нью-Йорке».



Рисунок 1. (Фото из открытого источника в Яндексе).

В нашем случае, незначительное действие, как «Выбор цвета одежды» запускает процесс, который заставляет другие события в жизни по цепочке влиять друг на друга до тех пор, пока не случатся невообразимые последствия, например эволюция человечества или полная деградация нашего общества.

- Как? То есть вы хотите сказать, что простой цвет моей одежды способен истребить всё человечество?

- Да. Всё дело в том, что мы живём в мире полного хаоса. Что такое хаос?

Хаос на простом языке это – беспорядок, неразбериха. Посмотрите на «картинку 2» ниже.

Это – хаос. Не разобрать, что там творится. Это наша жизнь, наша Вселенная, наш мир – «Хаос». Но это общая картина. Что если увеличить эту картину? Посмотрите на «картинку 3» ниже. Что мы видим?




Рисунок 2. (Фото о руки).



Рисунок 3. (Фото от руки).

Цепочка. Последовательность. Связь. Это тоже наша жизнь, но только при детальном изучении.

«Каждое действие имеет последствие».




Рисунок 4. (Фото от руки).

Посмотрите на «Рис. 4», что видите? Маленькая волна в начале превращается в большой хаос в конце. «Каждое действие в долгосрочной перспективе создает торнадо». Например, волна началась с того, что вы решили надеть чёрное пальто, а в конце это привело к тому, что Стив Джобс создал Apple, и самое интересное в том, что это вовсе не конец. Думаю, суть понятен. Конечно, это тема очень большая и глубокая, но в этой статье мы рассмотрим именно влияние цвета на нашу жизнь. Давайте сперва начнём с того, что такое цвет?

Цвет — это свет. Если не было бы света, то не было бы и цвета. Но в этой статье мы не будем изучать происхождение цвета с физической точки зрения, нас сейчас интересует только психология и человек, а точнее «Как цвет управляет нашей жизнью?». Жёлтый. Первая мысль, которая пришла вам в голову, когда я назвала этот цвет. Банан? Солнце? Лимон? Или песок? Синий. Море? Небо? Черника? Чёрный. Уголь? Ночь? Пещера? Знаете ли вы, что общего между всеми этими явлениями? Опыт.

Я думаю, что нет на свете человека, который не знал бы, что такое солнце. Солнце – это тепло, это день, это ярко, это огонь, это жёлтый, это радость и тому подобное. Когда вы прочитали слово «день», думаю, перед вашими глазами всплыла картинка, где светлое время суток, а не тёмное. Так вот, это и есть «опыт». Вы примерно знаете, что такое солнце, и что мы обычно видим солнце только днём, и что там, где много солнца, там и жара, и пот.




Рисунок 5. (Фото из открытого источника в Яндексе).

Допустим, мы все получили одинаковое среднее образование, и примерно мы все одинаково знаем, что такое природа, и какого цвета эта «природа» - зелёный, камень – серый, земля – коричневая, море – синяя, закат – розовый, уголь – чёрный и так далее. То есть мы все имеем почти одинаковое представление о природе, и какой оттенок имеют элементы этой самой природы.

Человек – эмоциональное существо. В основном мы состоим из опыта. Бывает физический опыт, который перешёл нам по гену от предков, это когда «тепло», значит хорошо, «голод», значит «опасность». Бывает душевный опыт, «ужастик», значит «опасность», «авария», значит «боль». К которой категории относится наше отношение к цвету? Физический опыт или душевный опыт? Так как мы существа непростые, отнесем «цвет» и к физическому опыту, это когда «жёлтый», значит «тепло», и к душевному опыту, это когда «жёлтый», значит «радость». Так как же цвет управляет нашей жизнью?

Представьте двух совершенно незнакомых вам людей. Первый человек полностью в чёрной одежде, а второй в яркой жёлтой рубашке и в розовых штанах, который из этих двух, по вашему мнению, занимается серьёзной работой, где требуется сильная дисциплинированность и строгость.

Человек в чёрном или человек-радуга? Конечно же, можно придумывать разные гипотезы, изучить этих двух людей от А до Я, и в конце решить, который же из них всё-таки человек - весёлый и жизнерадостный, а который человек – строгость и дисциплина. Но кто станет анализировать первого встречного человека от А до Я? Никто. Как говорится, первое впечатление самое важное. Поэтому мы просто подумаем, что человек в чёрном – серьёзный, а человек в ярком – лёгкий на подъем. Что мы тут видим? Цвет решил судьбу этих двух людей. А точнее, человек, выбирая цвет своей одежды, отдал полное право оттенку решить дальнейший исход его жизни. Представим такую ситуацию, человек по имени Анна, хочет устроиться на работу. Работа связана с законом, всё строго и чётко. Тут есть два исхода событий:

1. Анна надела на совещание костюм красного цвета.
2. Анна надела на совещание костюм чёрного цвета.

Давайте разберём первую ситуацию, где Анна надела костюм красного цвета. Что у нас символизирует красный цвет? С чем этот цвет ассоциируется у человеческого мозга? Вспомните нашу природа, что в ней красного цвета?

Кровь, огонь, роза и т. д. То есть всё, что связано с жизнью, с опасностью, с адреналином. Кровь – это жизнь, если кровь не там, где оно должно быть, то это опасность. Огонь – это жарко, огонь – это опасно, огонь – это страсть и адреналин. Роза – это красиво, но опасно.

Почему мы взяли пример с природы? Потому что природа – это наша первая школа, и всё, что в ней, то есть «опыт» заложено у нас в генах. Инстинктивно мы знаем, что «холодно», значит «опасно», и что «жарко» тоже «опасно». Так, значит Анна надела костюм красного цвета, что она чувствует?

Прилив энергии, адреналин и всё, что связано со страстью и азартом. Причина: красный цвет. Что чувствуют люди, особенно незнакомцы, которые впервые видят Анну в красном костюме?

Они думают, что Анна, возможно, очень уверенная в себе, умная, сильная, сексуальная, возможно с юмором, весёлая и игривая. Они думают так не об Анне, они просто заранее знают, что значит «красный цвет». И что тут мы видим?

Опять «цвет» решает судьбу человека. Ведь, возможно, серьёзные люди на совещании, увидев ярко пылающий костюм Анны подумают, что она недостаточно серьёзна для такой «серьёзной» работы. И вообще, где бы ни находилась Анна, сегодня она была центром внимания! Ведь красный притягивает! Теперь давайте разберем ситуацию, где Анна надела чёрный костюм. Что у нас в природе чёрного цвета? Уголь, камень, ночь, тень. Камень – это жёстко, камень – это твёрдо, камень – это опасно, камень – это серьёзно. Ночь – это таинственно, ночь – это тихо, ночь – это медленно. Тень – это скрытно.

Анна надела чёрный костюм и создала образ скрытного, серьёзного, возможно, дисциплинированного человека. Теперь окружающие не настолько охотно будут замечать Анну, возможно, даже они будут избегать её, ведь черный такой «серьёзный». Но на работу Анну могут принять, ведь им нужны именно такие люди! Самое интересное, вероятно, не сама Анна «серьёзная», просто «чёрный цвет» сам по себе серьёзный, и людям этого достаточно.

Опять, «цвет» решил судьбу человека. Также, так как мы люди, существа социальные, каждое наше действие подобно «эффекту бабочки» несёт очень большие последствия. И возможно, бывали такие случаи, когда простое решение человека, как выбор цвета одежды переросло в конце в ужасную катастрофу, а может даже в прогресс. Конечно, один человек не способен предугадать будущее человечества одним своим действием, ведь в мире миллиарды людей, и каждый из которых каждую секунду сильно влияет на будущий исход событий нашего общества. За этим проследить очень сложно, но есть одно, но. Мы способно проследить за своей жизнью. И если в краткосрочной перспективе планируете, чтобы вас приняли на серьёзную работу, то в первую очередь наденьте одежду с «серьёзным оттенком».

Правило «цвета» касается не только одежды. Ведь цвет везде. Не дайте «цвету» управлять вашей жизнью, а вы управляйтесь «со цветами» и со своей жизнью с умом!

Список литературы:

1. Жан-Габриэль Косс. Цвет.
2. Иоганн Вольфганг фон Гёте. О теории цвета.

Түс біздің өмірімізді қалай басқарады

Серікқазы Т.Ж.

Андатпа. Мақала адам психолгиясы мен түс арасындағы байланысқа арналып жазылған. Сонымен қатар, “көбелек әсері” теориясың түс психологиямен байланысы түсіндіріледі. Материалда түстің адам өміріне деген әсері туралы ғана емес, онымен бірге жәй ғана “киімнің түсін таңдау” деген әрекет ұзақ және қысқа мерзімді болашақ перспективада қандай жәйтке әкеліп соғуы туралы айтылған. Тағы да “түс біздің өмірімізді қалай басқаратыны” туралы, адамдардың алдын ала жалған пікір құруға деген әлсіздігі және осы ақпаратты өмірімізде қалай қолдануымызға болатындығы туралы айтылады. Мақала “түс” және “адам психологиясы” деген тақырыппен өмірінде бір рет те болсын қызыққан адамдарға оқуға арналады. Сонымен қатар, бұл мақала өмірлері “түс” және “түс таңдау” деген құбылыстармен байланысы жоқ адамдарға қызық болады.

Негізгі сөздер: Түс, адам, көбелек әсері, түстердің мағынасы, алғашқы әсер.

How color controls our lives

Serikkazy T. Zh.

Abstract. The article is devoted to human psychology and its attitude to color. It also explains the theory of the "butterfly effect" and its psychology of color. The material examines the influence of color on human life and not only, it also talks about what such a simple action as “choosing the color of clothes” can lead to in the long and short term. It also talks about how "color controls our lives", what prejudices people have, and what we do with this information. The article is recommended for reading to people who at least once in their lives were interested in "color" and "human psychology". Including the article will be of interest to people whose lives are not connected with such a phenomenon as “color” and “color choice”.

Keywords: Color, person, butterfly effect, meaning of colors, first impressi

СЕКЦИЯ: «АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ И ИННОВАЦИИ В ИНЖЕНЕРНЫХ СИСТЕМАХ И ПРОМЫШЛЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»

ТӨМЕН ҚУАТТЫ ЖЕР ҮСТІ СУ КӨЗДЕРІНЕН АУЫЗ СУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

Калабаева А.Ч, Алимова К.К
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
kalabayevaaa@mail.com

Аңдатпа. Мақала төмен қуатты су қоймаларындағы су сапасының өзгеруін талдауға арналған. Бұл жұмыстың өзектілігі төмен қуатты жер үсті су көздерінен ауыз суды дайындаудың әдістерін әзірлеу және негіздеу болып табылады. Жер үсті суларын реагентсіз алдын ала дайындаудың әдістері мен құрылыстарының тиімділігіне талдау және шағын түсті суларды коагуляциялау және флокуляциялау процестерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Сондай-ақ, судың иондық құрамының, pH, сілтілік және температураның ағару, түссіздену, тотығудың төмендеуі және осындай су қоймаларының суларында қалдық алюминийдің пайда болу процестерінің кинетикасына әсері күшті тотықтырғыштармен және әртүрлі коагулянттар мен флокулянттардың ерітінділерімен өңделгені талданды.

Негізгі сөздер: су қойма, жер үсті сулары, ауыз су, тазарту, коагулянт, флокулянт.

Су ресурстарын мемлекеттік реттеу мен басқару деңгейінің төмендеуімен, су құбыры-кәріз шаруашылығы кәсіпорындарының нарықтық қатынастарға жеткілікті дайындықсыз өтуімен шағын елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасы пайда болды. Бұл, әсіресе, бұрын жұмыс істеуін тоқтатқан топтық су құбырларынан су алған және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау мақсаттары үшін жарамды су көздері жоқ аймақта орналасқан сумен жабдықтау объектілеріне қатысты болды.

Шағын елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасы ерекше өткір мәселе болып табылады. Мұндай жағдайларда тасымалданатын ауыз суды жоғары шығынды ұйымдастырудың баламасы санитариялық-гигиеналық және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде қуаты аз реттелетін су айдындарын экономикалық негізде пайдалану болып табылады.

Су қоймалары, әдетте, жоғары түсімен, жылы мезгілде көк-жасыл және диатомдардың қарқынды дамуымен (100 мың кл/мл дейін және одан да көп), аммоний азотының құрамымен (1-3 мг/л), жоғары тотығумен (25 мгОг/л дейін), иістермен және дәмдермен (3-4балл) сипатталады.

500-1500 М/тәу дейін шектеулі су таратқышы бар әр түрлі көлемдегі таяз (тереңдігі 5 м-ден аз) көлдер (су айдындары) органикалық тіршілікпен бай және жыл бойы су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштерінің айтарлықтай ауытқуларымен сипатталады. Жазда оларда фитопланктонның көп мөлшері бар су қабаттарының қарқынды және жиі жел араласуы жүреді.

Қыста таяз көлдерде оттегі жетіспеушілігі пайда болады. Олардағы төменгі шөгінділер күшті, табиғаты бойынша-органоминералды және органикалық. Мұндай су қоймаларының терең шұңқыр тәрізді шұңқырларында жазда түбінде күкіртсутектің жиналуы пайда болады, минералды және органикалық қосылыстардың мөлшері артады. Мұндай су қоймаларындағы судың сапасы көбінесе өте төмен, ал су қоймаларының өзі ГОСТ 2761-84 сәйкес келмейді [4].

Сонымен қатар, осындай су көздерінен суды пайдалану кезінде суды дайындаудың оңтайлы технологиялық схемасын таңдау және қымбат жабдықтар мен реагенттерді сатып алуға қажетті инвестицияларды қамтамасыз ету міндеті күрделене түседі.

Осыған байланысты, жоғары антропогендік жүктемелері бар аз қуатты жер үсті су көздерінен ауыз суды дайындаудың сенімді технологиялық схемаларын әзірлеу және негіздеу өзекті ғылыми-практикалық проблема болып табылады.

Көп жылдық бақылау кезеңінде қуаты аз су айдындарындағы су 23-тен 115 градусқа дейінгі диапазонда түсімен сипатталды [1]. Толқындық процестерге және жағалаулардың

эрозиясына және көлдегі судың тереңдігіне байланысты бұлдырлық 4-тен 27,3 мг/л-ге дейін өзгерді, жазғы-күзгі кезеңдерде судың pH мәндерінің 7,8-ден 9,8-ге дейін өзгеруі суда гидрокарбонат иондарының көбеюімен түсіндірілуі мүмкін. Бұл судың сілтілігінің 4-5 мг-экв/л-ден 8,8 мг-экв/л-ге дейін өсуін көрсетті. Фитопланктонның жаппай дамуына байланысты судың "Гүлдену" кезеңінің ұзақтығы жылына орта есеппен 3 айдан 5 айға дейін болды. Бұл құбылыс әсіресе ыстық айларда (шілде-тамыз) ауа температурасы 38 °С-қа дейін көтерілген кезде байқалды.

Фитопланктонның жаппай дамуы мен өлуі су қоймаларындағы суспензиялардың көбеюіне, түсінің жоғарылауына, органикалық қосылыстардың концентрациясына және бактериялар санына, тұндыру процестерінің дамуына және кейбір актиномицеттер және тағы басқа шығаратын жағымсыз иістер мен дәмдердің пайда болуына әкеледі. Мұндай жағдайларда су тазарту қондырғыларының санитарлық-гигиеналық сенімділігі артуы керек.

Судан фитопланктонды, оның тіршілік әрекеті мен деструкция өнімдерін алу үшін әдетте жұмыс істеп тұрған су станцияларында суды хлордың жоғары дозаларымен (6-10 мг/л дейін) алдын ала өңдеу және кейіннен реагентті тұндыру және сүзу арқылы микрофильтрлер арқылы өткізу көзделеді [2]. Алайда, планктон жасушаларының қабырғаларын бұзатын суды алдын-ала хлорлау оны жүзуден айырады және судың еріген органикалық заттармен байытылуына, оның органолептикалық қасиеттерінің нашарлауына және көптеген органохлорлы қосылыстардың пайда болуына әкеледі, олардың болуы ауыз суда тиісті стандарттармен қатаң реттеледі. Бұдан кейін коагулянттармен және жоғары дозалары бар флокулянттармен реагентті өңдеу олардың артық жұмсалуына әкеледі.

Кейбір жағдайларда флотация төмен қуатты су көздерінен фитопланктоннан суды тазарту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бірақ флотация нәтижесінде ыдырауға қабілетті, нашар тығыздалған және ылғалдылығы 99-99,5% болатын қатты суланған тұнба пайда болатындығын ескеру қажет, содан кейін дегидратация және кәдеге жарату қиындық тудырады.

Бұл әдістердің баламасы - фитопланктонды алдын-ала сүзгіден өткізіп, суды төменнен жоғары қарай реагентсіз сүзгілеу кезінде және жүктемені жоғарыдан төменге немесе 20х20 мкм полимер торының өлшемі бар жеңіл құрылымды микрофильтрлерде ұстап тұру, ол 1-суретте көрсетілген [5].



Сурет 1- Сүзгі моделі:
а) шеткі көрінісі; б) ұсталған балдырлары бар пенополистиролдан жасалған жүзбелі қабаттың фрагменті.

Бастапқы суды өзгермелі полистирол көмегімен әр түрлі жоғары жылдамдықтағы сүзгіден өткізу кезінде балдырларды ұстаудың тиімділігін зерттеу жылдамдығы 40-50 м/сағ кезінде жасушалар мен биомасса саны бойынша балдырларды жою әсеріне қол жеткізілетіні анықталды. 30 м/сағ-қа дейін төмендеу бастапқы судағы 26,2-66 мг/л мөлшерінде және микроорганизмдер жасушаларының саны - 14-30,7 мың кл/мл мөлшерінде тиісінше жасушалар мен биомассалар саны бойынша тазарту тиімділігін 44,5-48,1% және 49,9-52,6% - ға дейін арттыруға мүмкіндік береді [1].

Сүзгіш циклге тиелген биомассаның алдын ала сүзгісін шығару қисықтары, шаю кезінде әртүрлі қарқындылықпен жүзеге асырылатын, сүзгіш циклдың соңына қарай тиеу қабаттарының кірге төзімділігінің әртүрлі мәндері кезінде жүзеге асырылатын балдырлар мен өлшенген заттардың мөлшері кідіртілген ластанулардың негізгі массасы жуудың алғашқы 5-6 минутында жуу ағынының қарқындылығы 25-тен 35 л/см2-ге дейін шығарылатындығын көрсетеді.

Суды дайындаудың келесі кезеңінде түсті азут суларын тазартудың технологиялық процесінде тотықтырғыштарды пайдалану олардың бастапқы судағы қоспалардың тиімді коагуляциясы мен флокуляциясын қамтамасыз етудегі рөліне негізделеді.

Алдымен тотықтырғыштардың, алюминий коагулянты - оксихлоридінің және флокулянттың судың дисперсті фазасының коллоидты бөлшектерінің тұрақтылығына әсері зерттелді. Ол үшін бастапқы су әртүрлі тәжірибелерде суды озонмен, сутегі асқынымен, натрий гипохлоридімен және күрделі әсермен бөлек өңдеді. Содан кейін коагулянт пен флокулянтты енгізгеннен кейін стандартты әдістеме бойынша коагулянт (Дк) 5-тен 50 мг/л-ге дейінгі және флокулянт (Дф) 0,05-тен 0,5 мг/л-ге дейінгі дозалар интервалында қышқылданған суды сынамалы коагуляциялау жолымен оңтайлы доза айқындалды [3].

Тотықтырғыштармен бірге өңдеуге дейін және одан кейін судағы суспензия бөлшектерінің кинетикалық тұрақтылығы электр өрісіндегі коллоидты бөлшектердің электрофоретикалық қозғалғыштығы бойынша амперометрия әдісімен анықталған С потенциалының өзгеруімен бағаланды. Коллоидты бөлшектердің потенциалын олардың дозалары мен концентрацияларының белгілі бір комбинацияларында әр түрлі тотықтырғыштармен, содан кейін коагулянт пен флокулянт ерітінділерімен алдын - ала өңделген бірдей түсті бастапқы су үшін қайта зарядтау процесін салыстыру әртүрлі тотықтырғыштардың қоспалардың коагуляция процестеріне әсер ету дәрежесін анықтады. Коагулянттар дозаларының төмендеуіне суды озонмен және сутегі пероксидімен алдын ала бірлесіп өңдеу айтарлықтай әсер етті.

Осылайша, коагулянт пен флокулянт түрінің дұрыс таңдалған қатынасы және судың жоғары тотығуы бар су көзінің түрлі - түсті су көздерін өңдеуге арналған дозалары коагулянтты тұтынуды - 40% - ға дейін азайтуға және қалған судағы қалдық алюминийдің концентрациясын төмендетуге мүмкіндік береді. Оларда байқалатын беткі құбылыстардың қосындысын анықтайтын төмен концентрацияланған су суспензияларының маңызды ерекшелігі-антиондардың қос электр қабатының пайда болуы.

Қорытынды. Жер асты, сондай-ақ жер үсті қоректену көздері бар қуаты аз су айдындарындағы судың сапасын талдау және оның жылдар мен жыл мезгілдері бойынша түрленуіне байланысты ерекшелігі, оларда балдырлар құрамының, қуаты аз су айдындарындағы түс, тотықтану, иістер мен дәм көрсеткіштерінің, балдырлардан суды алдын ала тазартуды зерттеулердің маусымдық едәуір ұлғаюы болып табылатынын көрсетті.

Түсті суды озонмен немесе натрий гипохлоридімен бірге, сутегі пероксидімен алдын ала тотықтыру олардың коагуляциялануынан бұрын түсін 14-48% - ға төмендетуге және сол арқылы коагулянттың талап етілетін дозасын 25-40% - ға азайтуға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Қуаты аз су айдындарының қоректену көздері бойынша әртүрлі су айдындарындағы зерттеулер нәтижелері бойынша ауыз суды дайындаудың жетілдірілген технологиялық схемалары әзірленді және бастапқы судағы ластану концентрациясының маусымдық өзгеру

диапазонына және станциялардың өнімділігіне байланысты оларды қолдану салалары айқындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Говорова Ж.М., Магомадов З.Р. Технология подготовки питьевых вод из маломощных эвтрофированных водоемов И Научно-техническое издание. Вестник МГСУ, 2009. № 3. - С.99-106 (0,25 п.л., лично автором 0,2 п.л.).

2. Кожинов, В.Ф. Очистка питьевой и технической воды / В.Ф.Кожинов. - М.: Стройиздат, 1971. - 92 с.

3. Бабенков, Е.Д. Очистка воды коагулянтами / Е.Д.Бабенков. - М.: Наука, 1977. -356 с.

4. ГОСТ 2761-84. Источники централизованного хозяйственно-питьевого водоснабжения. Гигиенические, технические требования и правила выбора (с Изменением № 1) [Текст]. - Введ. 2002-01-01. - М.: Стандартинформ, 2006. - 11 с.

5. https://www.academia.edu/37669954/Pretreatment_of_drinking_water_from_the_low_power_surface_water_sources

Повышение качества питьевой воды из маломощных поверхностных водоисточников

Калабаева А.Ч, Алимова К.К

Аннотация. Статья посвящена анализу трансформации качества воды маломощных водоемов. Актуальностью данной работы является разработка и обоснование методов подготовки питьевой воды из маломощных поверхностных водоисточников с повышенными антропогенными нагрузками на них. Приведен анализ эффективности методов и сооружений безреагентной предподготовки поверхностных вод, и результаты исследований процессов коагулирования и флокулирования маломутных цветных вод. А также проанализировано влияние ионного состава воды, pH, щелочности и температуры на кинетику процессов осветления, обесцвечивания, снижения окисляемости и образования остаточного алюминия в воде таких водоемов при ее обработке сильными окислителями и растворами различных коагулянтов и флокулянтов.

Ключевые слова: водоем, поверхностные воды, питьевая вода, очистка, коагулянт, флокулянт.

Improving the quality of drinking water from low-power surface sources

Kalabayeva A. Ch, Alimova K.K

Abstract. The article is devoted to the analysis of the transformation of the water quality of low-power reservoirs. The relevance of this work is the development and justification of methods for the preparation of drinking water from low-power surface water sources with increased anthropogenic loads on them. The analysis of the effectiveness of such well-known methods and facilities for reagent-free pretreatment of surface waters, and the results of studies of the processes of coagulation and flocculation of low-turbid non-ferrous waters are presented. The influence of the ionic composition of water, pH, alkalinity and temperature on the kinetics of the processes of clarification, discoloration, reduction of oxidizability and formation of residual aluminum in the water of such reservoirs during its treatment with strong oxidants and solutions of various coagulants and flocculants is also analyzed.

Keywords: reservoir, surface water, drinking water, purification, coagulant, flocculant.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ШАРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ

Исмаил Ж.Т, Унаспеков Б.А
Satbayev University, Қазақстан Республиасы, Алматы қ.
timurkyzy13@gmail.ru

Аңдатпа. Мақалада мектеп ғимараттарында энергоүнемдеудің және энергияны тиімді пайдаланудың мңызы мен жолдары қарастырылған. Қазіргі уақытта адамзат пайдаланатын энергия ресурстары біртіндеп таусылып жатыр, оларды өндіру құны артып келеді, ал тиімсіз пайдалану экологияның жағдайына әсер етеді. Инновациялық шешімдерді енгізу және қолдану арқылы энергия ресурстарын тиімді пайдалану мүмкін бе? Жауап айқын. Адам қызметінің кез-келген саласында энергияны үнемдеу ғана энергияның пайдасыз шығындарын азайтуға қабілетті, бұл бүгінгі күні басым бағыттардың бірі болып табылады. Заманауи энергия үнемдейтін технологиялар энергияның кез - келген түрін пайдалану тиімділігін едәуір арттыра алады, оларды қолдану нақты пайда әкеледі-бұл энергияны үнемдеу және оны пайдалануға байланысты шығындар, сондай-ақ қажетті экологиялық тепе-теңдікті сақтау. Мектеп жас ұрпақты қорларға үнемді қарауға тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады, ал мектептерде энергия тиімділігі мәселесін шешудің маңызы зор.

Негізгі сөздер: энергия ресурстары, энергия үнемдеу, экономика, шығын, тиімді пайдалану

Энергия үнемдеу – отын-энергетика ресурстарын ұтымды пайдалануға, үнемді жұмсауға және жаңартылатын энергия көздерін шаруашылық айналымға тартуға бағытталған ұйымдастырушылық, ғылыми, өндірістік, техникалық және экономикалық шараларды іске асыру.

Оқу орындары мен білім беру мекемелерінде өсіп келе жатқан жас ұрпаққа табиғаттың қорларын үнемді етіп пайдалануды үйрету және де сол мекемелердегі энергияны тиімді пайдалану мәселесін шешу өте маңызды мәселе.

Мектеп немесе балабақша секілді білім беру мекемелеріндегі энергия үнемдеудің негізгі мақсаты экономикалық көрсеткіштер және энергияны тиімді пайдалану мәндерін арттыру. Яғни, энергияны жұмсау тиімділігін арттыру арқылы техникалық жұмыс істеу жағдайларын жақсарту, электр энергиясы үшін және жылу үшін төлемдерді қысқарту арқылы бюджетке қаржы жүктемесін азайту болып табылады.

Осы бағыттағы жұмысты тиімді етіп жүргізу үшін ең бастысы – оқушыларды үйде және оқу орындарында энергияны үнемдеуге және сақтауға үйрету, сол жағдайда ғана балалар мұны толықтай түсінеді және болашақта өз жұмыс орындарында, яғни елде энергияны үнемдеуде серпіліс жасай алады.

Оқу орындарында энергияны үнемдеуді арттырудың маңызды факторлары жарықтандыру, жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінде энергиялық тиімді технологияларды енгізу болып табылады.

Зерттеу әдістері

Білім беру мекемелеріндегі энергияны үнемдеу дегеніміз – үш түрлі іс-шараның жиынтығы:

- энергетикалық ресурстарды тұтыну мониторингі;
- жылу тасымалдағыштың шығынын реттеу;
- қатысушылардың ынтасын арттыру.

Ең алдымен, мекемеге толық ***энергетикалық тексеру*** жүргізу қажет болады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Энергетикалық тексеру барысында энергия ресурстарын артық жұмсаудың келесі себептері анықталды:

- жылу энергиясының жоғары шығыны, себебі ғимараттар ескі құрылыс нормаларын негізге ала отырып салынған, оған қоса жылыту жүйелерін автоматты түрде реттеу қарастырылмаған;
- шатыр жабындары мен жертөлелердің жылу оқшаулауы жоқ;
- терезе блоктарының нашар жағдайы;


- жылу жүйелері құбырларының жылу оқшаулауы мүлде жоқ немесе апаттық жағдайда, бұл дегеніміз ыстық су температурасының айтарлықтай төмендеуі және жылу энергиясының көп мөлшердегі шығынына алып келеді.

Тепловизиялық зерттеу жүргізіледі, оның мақсаты:


- қоршау конструкцияларының ақауларын және терезелердің монтаждық ақауларын анықтау;
- ауа инфильтрациясы орындарын анықтау;
- ылғалды жерлерді, көгерген жерлерді және судың ағуын анықтау.




Есіктердің нашар жылу оқшауланuы




Панельдер түйісіндегі ақау



Терезені орнату ақауы



Қабырғалардағы ақау (тозу)



Бос жабық терезе арқылы ауаның еркін инфильтрациясы

Сурет 1 – Мектепті тепловизилық зерттеу
[Бодруг Н.С. PROBLEMELE ENERGETICII REGIONALE 1(18)2012 TERMOENERGETICĂ]

Энергетикалық және тепловизиялық зерттеулер барысында анықталған ақауларды жою үшін келесі іс-шаралар жасалынады:

- дәстүрлі жарықтандыру көздерін (қыздыру шамдары) қазіргі заманғы энергия үнемдейтін жарықтандыру көздеріне ауыстыру, ондай шамдар өтелу мерзімі кезінде, яғни 1-1,5 жыл электр энергиясын үнемдеуді 35-55%-ға дейін береді;
- жылу пунктін басқарудың автоматты жүйесін енгізу, жылу энергиясын үнемдеуді 25-45%-ға дейін береді;
- жылыту жүйесін тазалау өнімдерін құйып жуу (5 жылдан астам пайдаланудағы ғимараттар үшін) бір жылыту маусымы ішінде жылу энергиясын 15-25%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қабырғаларды, кіру топтарын және терезе ойықтарын маусымдық оқшаулау, жылу энергиясын үнемдеуді 5-10%-ға дейін береді;
- желдету жүйелерін жаңғырту;
-шойын радиаторлары заманауи алюминийден жасалған радиаторларға алмастырылады;
- радиаторларға термостаттарды орнату жүргізіледі;
- радиаторлардың артына жылу шағылыстырғыш экрандар орнатылады;
- көптеген терезелер металл пластик терезелерге ауыстырылады;

- терезе және есік ойықтарының саңылауларын тығыздау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Термостат ғимараттың жылыту жүйесіне, кез-келген типтегі жылыту құрылғыларының алдында, ыстық су беретін құбырға орнатылады. Күн радиациясынан, адамдардан, электр-тұрмыстық аспаптардан жылу алу кезінде жылу беру құрылғысынанынан артық жылу берілуді азайта отырып, терморетгегіш қолайлы ауа температурасын қамтамасыз етеді, оған қоса қызып кетуді болдырмайды. Температура реттегіштер температураны 6°С-тан 26°С-қа дейін қажетті деңгейде 1°С дәлдікпен ұстап тұрады. Жылу беру аспаптарын жылу ағынының жеке автоматты реттегіштерімен, яғни термостаттармен жарақтандыру, терморетгегіштердің түріне және оларды пайдалану жағдайларына байланысты жылудың өнімсіз шығындарын азайту үшін, күн радиациясы бар жылу кірісін есепке алу үшін, ішкі жылу бөлгіштерімен жылыту үшін, жылу энергиясының шығынын 10-20%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Радиаторлардың артына жылу шағылыстырғыш экрандарды орнату. Бұл іс-шара сыртқы қоршауларға орнатылған жылыту құрылғыларының жылу шығынын азайтуға арналған. Жылу шағылыстырғыш экран болмаған кезде (мысалы, металдандырылған фольгадан) жылу энергиясының шамадан тыс шығыны, құрылғының барлық жылу берілуінің шамамен 5÷7% құрайды (радиатордың артындағы қабырға 50°С дейін қызуы мүмкін). Жылыту радиаторының артындағы жылу шағылыстырғыш экран қабырғаларды жылытудан толығымен оқшаулайды, осылайша жылу шығынын азайтады. Жүргізілген бағалаулар көрсеткендей, жылыту радиаторына жылу шағылыстырғыш экран орнатып, бөлме ішіндегі температура 1÷2 °С-қа көтерілді.

Ескі ағаш терезелер пластиктен ауыстырылды. Бұрын терезелер арқылы жылудың жалпы жоғалуы 45%-ға дейін болған, яғни мектеп үшін қайта есептегенде жылына шамамен 136 Гкал болды, жекелеген кабинеттерде ауа температурасы +9 - +11℃ құрады, бұл СанПинге сәйкес келмеді. Мектеп ғимаратындағы ауа ағындарының энергия шығындарына әсерін қарастыру кезінде қабырғалардағы, шатырлардағы және терезелердегі жарықтар арқылы ауаның енуін ескеру өте маңызды. Аталған проблеманы шешу үшін мынадай шаралар қолданылды:

- терезелердің қабырғаларға жанасатын жерлерін герметикалау;
- есік ойықтарын герметизациялау.

Түйіндей келе, мектептердегі энергия тиімділігі мәселесін шешу өте маңызды. Есепке алу аспаптарын орнатпай жылу мен электр энергиясын үнемдеу жөніндегі іс-шараларды тиімді пайдалану мүмкін емес екені көрініп тұр. Энергияның бір бірлігін сақтау жаңасын шығарудан гөрі әлдеқайда жақсы екенін есте ұстаған жөн. Осылайша, әрбір білім беру мекемесі энергия шығындарын едәуір азайта алады, ал оқушылар энергияны үнемдеу бағдарламасына жеке қатыса алады, бұл олардың санасында энергияны үнемдеу процесінің маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ЛИТЕРАТУРА

1. Центр энергоэффективности Министерства образования и науки РФ (energoeducation.ru). https://pandia.ru/text/79/424/43672.php

2. Бодруг Н.С. PROBLEMELE ENERGETICII REGIONALE 1(18)2012 TERMOENERGETICĂ

Изучение и разработка мероприятий по энергосбережению зданий общеобразовательных школ

Исмаил Ж.Т., Унаспеков Б.А

Аннотация. В данной статье рассматриваются важность и пути энергосбережения в зданиях школ. В настоящее время энергоресурсы, используемые человечеством, постепенно истощаются, стоимость их производства увеличивается, а неэффективное использование сказывается на состоянии экологии. Возможно ли эффективное использование энергоресурсов путем внедрения и применения инновационных решений? Ответ очевиден. Только энергосбережение в любой сфере человеческой деятельности способно снизить бесполезные затраты энергии, что на сегодняшний день является одним из приоритетных направлений. Современные энергосберегающие технологии способны значительно повысить эффективность использования любых видов энергии, применение которых приносит реальную пользу-это экономия энергии и затраты, связанные с ее использованием, а также

поддержание необходимого экологического баланса. Школа является одним из основных инструментов воспитания подрастающего поколения бережного отношения к фондам, а в школах большое значение имеет решение проблемы энергоэффективности.

Ключевые слова: энергоресурсы, энергосбережение, экономика, затраты, эффективное использование

Research and development of energy saving measures for general education school buildings

Ismail Zh.T., Unasbekov B.A.

Abstract. This article discusses the importance and ways of energy saving in school buildings. Currently, the energy resources used by mankind are gradually being depleted, the cost of their production is increasing, and inefficient use affects the state of the environment. Is it possible to use energy resources efficiently through the introduction and application of innovative solutions? The answer is obvious. Only energy saving in any sphere of human activity can reduce useless energy costs, which is one of the priorities today. Modern energy-saving technologies can significantly increase the efficiency of using any types of energy, the use of which brings real benefits-it saves energy and costs associated with its use, as well as maintaining the necessary ecological balance. School is one of the main tools for educating the younger generation to take care of funds, and solving the problem of energy efficiency is of great importance in schools.

Keywords: energy resources, energy conservation, economy, costs, efficient use

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІН СУМЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

М.М.Байарыстанов, Ә.Ү.Қанарбай
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
bayaristanov@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Аймақтың су ресурстарымен шектелуі оның географиялық орналасуымен, ашық су қоймаларының болмауымен, ірі өзендерден қашықтығымен байланысты. Зерттеу объектісі ретінде Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты ("МАЭК-Қазатомөнеркәсіп") алынған. Зауытта тұщыландыру қондырғыларын қолдану арқылы кері осмос технологиясы бойынша Каспий теңізінің суын тұщыландыру жолымен ауыз су өндіріледі. Бүгінгі таңда теңіз суын тұзсыздандыру тұщы су тапшылығы мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Комбинаттың өңірді сумен жабдықтау жөніндегі жұмысын талдай отырып, авторлар оның технологиялық және экономикалық тиімділігін арттыруға баса назар аударады. Мәселені шешу жолдары осы бағыттағы ғылыми әдебиеттерді зерттеу, сондай-ақ теңіз суын тұщыландырудың заманауи озық технологиялары туралы жарияланымдар негізінде қарастырылады.

Негізгі сөздер: су ресурстары, сумен қамту, теңіз суын тұщыландыру, кері осмос технологиясы, МАЭК, тұщыландырудың инновациялық әдістері

Су – жер бетіндегі тіршіліктің, сондай-ақ планетадағы әлеуметтік, экономикалық, биологиялық, геологиялық және геофизикалық үрдістердің негізі болып табылатын ең маңызды зат. Сондықтан табиғи су ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау адамзаттың маңызды міндеттерінің бірі болды және болып қала береді.

Өкінішке орай, заманауи зерттеулер көрсетіп отырғандай, тұщы судың табиғи қорлары жылдан жылға азайып келеді. Су ресурстарының және халықтың өңірлер бойынша біркелкі бөлінбеуіне, суды тұтынудың өсуіне, тиімсіз пайдалануға, ластануға, сондай-ақ климаттық өзгерістерге байланысты қазірдің өзінде әлемнің көптеген аймақтарында су тапшылығы орын алып отыр.

Қазақстанның табиғи сумен қамтамасыз етілуі жалпы алғанда айтарлықтай жоғары, бірақ мемлекетаралық келісімдер негізінде шектес елдерден түсетін су ресурстарына тәуелді аз қамтылған бассейндер де бар. Елдегі су ресурстарының негізін орташа жылдық көлемі 100,9 км^3 болып табылатын жерүсті сулары қамтамасыз етеді. Оның ішінде 54,5 км^3 жергілікті түрде (негізгі бассейндер: Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай), ал қалған 46,4 км^3 – Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресейден және Қырғызстаннан трансшекаралық өзендердің (негізгі бассейндер: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Жайық-Каспий) ағыны есебінен қалыптасады. [1, 78 Б.]

Елде халықты, шаруашылық пен өндірісті сумен қамтамасыз ету мәселесі тиісті заңдармен және стратегиялық мемлекеттік бағдарламалармен реттеледі. Олардың бастапқы мақсаты – халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және қолдау болып табылады.

2030 жылға қарай ел бойынша су ресурсының 12%-ға және ағынды ауыстыру бойынша міндеттемелердің 14,9%-ға төмендеуі аясында суға деген қажеттілік орташа есеппен 20%-ға ұлғаяды деп болжанады. Мұнымен қоса, елдің кейбір өңірлері сумен жабдықтаудағы су ресурстарының сарқылуымен және ластануымен, жүйелерде пайдаланылатын жабдықтардың техникалық жағдайымен, сондай-ақ құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық аспектілермен себептеліп отырған мәселелер де кездеседі. Бұл жағдайлар табиғи, сондай-ақ трансшекаралық міндеттемелерді ескере отырып, сумен қамтамасыз етудің төмендеуіне әсер етеді және мемлекетаралық міндеттемелердің неғұрлым нақты және тұрақты орындалуын, сол сияқты ұлттық су ресурстарын басқарудың қатаң тәртібін жүргізуді талап етеді. [2, б. 9]

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі әсіресе шөлейтті аймақта орналасқан, жауын-шашын мөлшері аз және тұздылығы 3,5-5,8 г/л жерасты суларының шектеулі қоры бар Маңғыстау облысы үшін өзекті болып отыр. Мұндағы ауыз судың негізгі тұтынушылары

Ақтау және Жаңаөзен қалалары және оларға іргелес елді мекендер болып табылады. Жоғарыда көрсетілген қалалар үшін су тұтынудың жалпы көлемінен тұтынылған судың үлесі тиісінше 75,2 және 18,6% - ды құрайды, ал облыстың қалған елді мекендерінің үлесіне ауыз судың жалпы көлемінің 6,2%-ы ғана келеді. Суды тұтынудың жалпы көлемінің өнеркәсіптік мұқтаждарына суды тұтыну 95,4%-ды, ал халықтың шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарына, ауыл шаруашылық сумен жабдықтауға және жерді суаруға тиісінше 2,0 және 2,6% - ды құрайды.[3]

Өңір негізінен «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры арқылы Еділ суымен және Каспий теңізінің тұщыландырылған суымен қамтамасыз етіледі.

Ауыз суының едәуір көлемін теңіз суын тұщыландыру арқылы өнеркәсіптік өндіру Ақтау қаласынан 12 км жерде орналасқан атом энергетикалық кешенінде («МАЭК-Қазатомөнеркәсіп») 1963 жылдан бастап жүзеге асырылады.

Сорғы станциясы теңіз суын су құбырлары арқылы тұщыландыру қондырғыларына жеткізеді. Қысқаша айтқанда, тұзсыздандыру процесі 75 градусқа дейін төмен қайнау температурасында термиялық көп сатылы айдау арқылы жүзеге асырылады. Дистилляция жүретін құрылғы су буландырғыш деп аталады, ол бірнеше кезеңдерден тұрады. Әр кезеңде «сұйық-бу» тепе-теңдік нүктесі біртіндеп төмендейді, кезеңдердің температурасы бірінші ыстықтан соңғы суық сатыға дейін төмендейді. Әр кезеңде бу жартылай конденсацияланады, ал ішінара салқындатқыш ретінде қолданылады. Содан кейін буланған теңіз суы (тұздық) Каспий теңізіне шығарылады.

Ауыз су өндіру станциясында теңіз суын буландыру арқылы алынған дистиллят 500 метр тереңдіктен Құйылыс жерасты кен орнынан алынған минералданған сумен араласады. Содан кейін су механикалық тазартудан, кальций бикарбонатымен байытудан, қайың белсендірілген көмірмен сорбциялық тазартудан, натрий фторидімен кондиционерлеуден, хлормен залалсыздандырудан, РН бойынша содамен тұрақтанудан өтеді және, ақырында, қалалық желіге беріледі. [4]

Тұщыландыру таза су алу әдісі ретінде Сауд Арабиясы, Израйл, БАӘ, Кувейт, Қытай сияқты дамыған елдерде кеңінен таралған және болашағы зор тәсіл екенін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта өнеркәсіпте суды тұщыландырудың екі технологиясы жиі қолданылады – мембраналық және термиялық. Мембраналық технологиялар арасында кері осмос процесіне негізделген суды тұщыландыру әдісі кең таралған. Бұл әдіспен суды тұзсыздандыру кезінде теңіз суы тұщы су мен теңіз суы арасындағы осмотикалық қысымның айырмашылығынан едәуір асатын қысымның әсерінен жартылай өткізгіш мембраналар арқылы өтеді. Теңіз суының минералдануы 20...35 г/л кезінде осмотикалық қысым 2,5...5,0 МПа құрайды. Кері осмос процесінің мәні мынада: үлкен осмотикалық қысыммен теңіз суын беру кезінде кіші су молекулалары мембраналардың микропоралары арқылы еркін өтеді, ал үлкен тұз иондары мен басқа қоспалар мембранада қалады. [5]

Қазіргі уақытта іс жүзінде барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, теңіз суын тұщыландыру негізінен осы әдіспен жүзеге асырылады. Барлық технологиялық процестерде – тұз бөлшектерін ұстап тұратын мембрана арқылы суды итеру, айдау – қайнату, содан кейін буды жинау және салқындату, көп қуат жұмсауды қажет етеді. Демек, бұл әдіс энергия тұрғысынан шығынды болып есептеледі.

Сондықтан, соңғы онжылдықтарда «тұщыландыру нарығының» жетекші компаниялары энергияны үнемдеу жолдарын іздестіруде, бұл тұщыландыру құнын едәуір төмендетіп, тұзды суды тұщыландыру технологиясын қолданудың ұтымдылығын күшейтеді.

Мәселенің эволюциялық шешімін Массачусетс технологиялық институты (MIT) және Урбана-Шампейндегі Иллинойс университетінің (UIUC) инженерлері ұсынып отыр.

MIT әдісі соққы толқындарына негізделіп соққы электродиализі деп аталады. Су екі жағынан электродтармен шектелген кеуекті керамикалық материал арқылы өтеді. Электродтар арасынан өтетін күшті тұрақты ток ағында соққы толқынының пайда болуына әкеледі, ол ағынды екі бөлікке бөледі, олардың бірінде өте тұзды, ал екіншісінде тұщы су ағып шығады. Енді ағындарды қарапайым аралық арқылы бөлу ғана қалады. Бұл процесте

мембраналар пайдаланылмайды, яғни ештеңе бітелмейді және тазартуды қажет етпейді, ал судың тұрақты ағымы өндірісі арзан материал арқылы қамтамасыз етіледі.

Ал UIUC инженерлері тұзды судан бөліп алу үшін қалыңдығы бірнеше нанометр болатын молибден дисульфидінен жасалған кеуекті материалды қолдануды ұсынады. Ғалымдардың пікірінше, олардың сүзгісі үлкен энергия шығындарын қажет ететін қарапайым кері осмос сүзгілеріне қарағанда әлдеқайда тиімді. [6]

Израиль ғалымдарының тобы мембрананың жиі бітелуіне байланысты кері осмостың тағы бір маңызды жетіспеушілігін шешумен айналысуда. Ағзалар мен бактериялардың мембраналарға жиналуын болдырмау үшін олар химиялық заттарсыз жүйені ұсынады, мұнда микроағзаларды мембраналарға жеткенге дейін «ұстап қалатын» лава тасы қолданылады. [7]

Осылайша, ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау және «тұзды суды ауыз суға айналдырудың» әлемдік тәжірибесін зерделеу негізінде тиімділігі жоғары қондырғыларды пайдаланған ретте, теңіз суын тұзсыздандыру тұщы су тапшылығы мәселесін шешуге үлкен ықпал етуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Әрине, қазіргі таңда Ақтауда қолданыстағы тұзсыздандыру зауыттарын жаңғырту және жаңаларын салу жөніндегі бірқатар жобалар қолға алынып жатқандығы қуантады. Бұл мақсатқа 2025 жылға дейін шамамен 280 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. 2022 жылы бес жаңа қондырғыны іске қосу жоспарлануда. Осылайша, жыл соңына қарай Қазақстандағы теңіз суын тұщыландыруды іске асыратын жалғыз зауыт өз айналымын екі есеге арттырады – тәулігіне 20 мың текше метр ауыз судың орнына онда 40 мың текше метр ауыз су өндірілетін болады. [8]

Алайда, заманауи технологияларға қойылатын талаптардың бірі олардың тиімділігі екенін есте ұстаған жөн. Ең алдымен, жергілікті жағдайларды ескере отырып, тұщыландыру әдістерін техникалық, технологиялық, экономикалық және экологиялық жағынан егжей-тегжейлі талдау керек, сонымен қатар осы саладағы әлемдік озат тәжірибелер мен ғылыми зерттеулерді, инновациялық инженерлік шешімдерді зерделеп, оларды, мейлінше, су өндірісіне енгізу және қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Национальный доклад о состоянии окружающей среды и об использовании природных ресурсов Республики Казахстан за 2020 год Национальный доклад о состоянии окружающей среды и об использовании при.pdf

2. Водная, продовольственная и энергетическая безопасность в Центральной Азии: вводный анализ - преимущества межотраслевых решений Предварительные данные и анализ, подготовленный НИЦ МКВК и экспертами, для обсуждения 7 июня 2021 г. Water Food Security in Central Asia RUS.pdf

3. Сейдалиева Л.К., Волкова И.В. Проблемы водопотребления Мангистауской области Республики Казахстан в условиях ограниченности и уязвимости водных ресурсов. https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-vodopotrebleniya-mangistauskoy-oblasti-respubliki-kazahstan-v-usloviyah-ogranichennosti-i-uyazvimosti-vodnyh-resursov

4. Дереккөз: https://maek.kz/index.php/home-2/services/water-kz/watersupply-kz

5. Николенко И.В., Котовская Е.Е., Король И.В. Пути повышения энергетической эффективности при опреснении морской воды по технологии обратного осмоса. Текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (cyberleninka.ru)

6. Дереккөз: https://habr.com/ru/post/386527/

7. Дереккөз: https://izobreteniya.net/opresnitelnaya-ustanovka-sorek-v-izraile-obespechivaet-pitevoy-vodoy-1-5-milliona-chelovek/

8. Дереккөз: https://24.kz/ru/news/social/item/526309-problemu-vodoobespecheniya-v-mangistau-reshayut-poetapno

Проблема водоснабжения и пути их решения в Мангистауском регионе Казахстана

М.М.Байарыстанов, Ә.Ұ.Қанарбай

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы обеспечения питьевой водой население Мангистауской области Республики Казахстан. Ограниченность региона водными ресурсами связана с его географическим расположением, отсутствием открытых водоемов, удаленностью от крупных рек. В качестве объекта исследования выступает Мангистауский атомный энергетический комбинат

(«МАЭК-Казатомпром»), в котором применяются установки опреснения воды Каспийского моря. На заводе производят питьевую воду путем опреснения морской воды по технологии обратного осмоса. В настоящее время обессоливание морской воды может в большой степени способствовать решению проблемы дефицита пресной воды. Анализируя работу комбината по водоснабжению региона, авторы акцентируют внимание на повышение его технологической и экономической эффективности. Пути решения проблемы рассматриваются на основе изучения научной литературы по проблеме, а также публикаций о современных передовых технологиях опреснения морской воды.

Ключевые слова: водные ресурсы, водоснабжение, опреснение морской воды, технология обратного осмоса, МАЭК, инновационные методы опреснения

The problem of water supply and ways to solve them in the Mangystau region of Kazakhstan

M.M.Baiarystanov, A.U. Kanarbay

Absract. The article discusses the problems of providing drinking water to the population of the Mangystau region of the Republic of Kazakhstan. The region's limited water resources are associated with its geographical location, lack of open reservoirs, and remoteness from large rivers. The Mangystau Nuclear Power Plant (MAEK-Kazatomprom), which uses desalination plants of the Caspian Sea, is the object of research. The plant produces drinking water by desalination of seawater using reverse osmosis technology. Currently, desalination of seawater can greatly contribute to solving the problem of freshwater scarcity. Analyzing the work of the water supply plant in the region, the authors focus on improving its technological and economic efficiency. Ways to solve the problem are considered based on the study of scientific literature on the problem, as well as publications on modern advanced technologies for desalination of seawater.

Keywords: water resources, water supply, seawater desalination, reverse osmosis technology, MAEC, innovative desalination methods

АНАЛИЗ ТЕХНИЧЕСКИХ РЕШЕНИИ ПО РЕКОНСТРУКЦИИ КАСКАДА АЛМАТИНСКИХ ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИИ

Т.Р. Данишеров, Ж.К. Касымбеков
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
Turarbekdanisherov2000@mail.ru, jkk2004@mail.ru

Аннотация. Каскад гидроэлектростанций работает 60-70 лет, требуется замена и реконструкция их оборудования. Разрабатывается проект каскадной реконструкции или модернизации, который включает в себя модернизацию Верхне-Алматинской ГЭС и ГЭС №2 с увеличением мощности станции до 19,5 МВт и 18 МВт соответственно с полной заменой оборудования, строительство нового здания ГЭС №8а, строительство ГЭС №12.

Исходя из актуальности вопроса, в данной статье преимущественно будут рассмотрены варианты проработок, заключающиеся в том, что все три нижние ГЭС каскада подлежат либо коренной реконструкции или полной замене на одну станцию – ГЭС-12.

Ключевые слова: ГЭС, деривация, напор, турбина, масса.

Құндылық дағдарысын еңсерудің басты тәжірибелік міндеттерінің бірі-білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын айтарлықтай өзгерту болып табылады. Адамды тәрбиелеу мен тәрбиелеудің басты мақсаты-сөзсіз мораль деп түсінілетін руханилық, бәріне және айналасындағыларға деген сүйіспеншіліктен шығармашылық арқылы түсіндіріледі. Әзірше Қазақстанда және әлемде білім беру негізінен тек технологиялық пайдаға және өзіндік адам-компьютер түсінігін құруға бағытталған.

Білім беру мен тәрбие саласын ізгілендіру және жақсарту қажет. Мектеп және жоғары оқу орындары бағдарламаларына «этика», «эстетика», «психология», «экология» сияқты пәндер бойынша курстарды кеңінен қосып, Қазақстанның мәдениет және әлеуметтік-экономикалық өмірі саласындағы тиісті мамандарды тарту аясын кеңейткен жөн. Адамның тәрбиесі, оның құндылықтары, көзқарастары мен мақсаттары ерте балалық шақтан басталады. Сондықтан, бала кезінен бастап, әрине, өте нәзік, қызықты ойын және нақты өмірлік жағдайлар арқылы XXI ғасырдың қиындықтары мен қоңырауларына сәйкес келетін этикалық императивті қалыптастыру керек деп есептеледі. Тиісінше, оқу материалдары, оқулықтар, техникалық құралдар мен оқу құралдары гуманитарлық құндылықтар мен әдістемелер

негізінде құрылуы керек, оған оқушылардың қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетінде басқа адамның басымдығы қағидасы кіреді. Дәл сол кезде гуманистік құндылықтар қайта жанданып, олармен бірге этикалық, эстетикалық, танымдық, діни құндылықтар пайда болады. Бұл шынайы толеранттылықты, өзара жауапкершілік императивін, экстремизмнің әртүрлі нысандарынан, бірінші кезекте діни иммунитеттен иммунитетті қалыптастыруға деген көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Қазақстандық БАҚ барынша дәйекті мәдени-тәрбие саясатын жүргізуге міндетті. Әрине, бұл жерде назидтілік туралы емес, жас қазақстандықтардың санасына жоғары құндылықтарды күштеп енгізу туралы емес, ақпарат алушыларға жоспарлы, шынайы гуманистік көзқарас туралы болып отыр. Мысалы, Қазақ радиосынан ұсынылған мемлекеттік радиохабар, біздің ойымызша, бағдарламаны айтарлықтай түрлендіріп, оған әдеби және философиялық әңгімелер мен кездесулер, музыкалық шолулар мен мастер-класстар, қызықты адамдармен, Қазақстанның шығармашылық элита өкілдерімен сұхбат әкелуі тиіс. Жақсы және әр түрлі бағдарламаларды балалар мен жастарға, адамның ең жақсы сезімдері мен қасиеттерін кедергісіз тәрбиелеуге арнағаны жөн болады.

Қазіргі заманғы зерттеулер, оның ішінде әлеуметтанулық зерттеулер бүгінгі күні посткеңестік кеңістікте жас буынға да, аға буынға да жататын құндылық бағдарларының бірнеше жүйесі қатар өмір сүреді деп болжауға негіз береді. Олардың біріншісі постиндустриалды индивидуалистік құндылық моделіне жақындады (Батыс типінің тасымалдаушысы – Астаналар мен ірі қалалардың тұрғындары). Екіншісі-дәстүрлі қазақ менталитетінің тасымалдаушылары және патриархалды құндылық моделіне (Қазақстан провинцияларының тұрғындары) жатады. Құндылық бағдарларының аталған екі түрінен басқа үшінші қалыптасқан, менталитеттің түрі – аралас, анықталмаған құндылық санасының түрі (орталықтан алыс орналасқан орта қалалар мен өнеркәсіптік аудандардың тұрғындары) айқын көрінеді. Бұл топ батыстық типтегі кейбір құндылық бағдарларына жанашырлықпен қарайды, бірақ оларды мүмкіндігінше дәстүрлі құндылықтар жүйесінің негізіне бейімдейді.

Либералды реформалардың соңғы екі онжылдығы қазіргі жастардың құндылық бағдарларының көрінісі өте алуан түрлі және біліміне, әлеуметтік шығу тегі мен жағдайына, аймақтық факторларға, ұлттық-этникалық топқа, дінге және басқаларға байланысты екенін көрсетті. Бұл өзгерістер Қазақстандықтардың отбасы, балалар, достар, жұмыс, дін сияқты негізгі мәдени құндылықтарына әлі де әсер еткен жоқ. Әрине, экономикалық және саяси тұрақсыздық, өткір әлеуметтік дифференциация, дағдарыстан шығудың ұзаққа созылған ізденістері белгілі бір жолмен халықтың оның ішінде жас адамдардың менталитетіне әсер етті, болашаққа сенімсіздік пен әлеуметтік аномия күшейе түсті.

Халықтың, оның ішінде жастардың негізгі құндылық бағдарларының өзгеруінде үш кезеңді бөліп көрсетуге болады.

Бірінші кезең — егжей-тегжейлі реформалардың басталуы (80-жылдардың аяғы-90-жылдардың басы). Осы жылдары әдеттегі өмір сүру жағдайларының ыдырауына және шиеленіскен материалдық мәселелерге қарамастан, адамдардағы құндылық бағдарларының иерархиясы өзгеріссіз қалды. Көшбасшы құндылықтардың қатарына адамның ішкі микро-әлемінің жайлылығымен байланысты адамдар кіреді: ар-ұждан, отбасы, қызықты жұмыс. Сырттан келген құндылықтардың ішінде: өзімшілдік, билік, бәсекелестік басым болды. Материалдық сипаттағы құндылықтар орташа мәнге ие болды, бұл орыс мәдениетіне өте тән болып табылады.

Мұнда социологиялық бөлім посткеңестік кеңістік кезең үшін дәстүрлі құндылық жүйелерінің кейбір өзгерістерін тіркеді. Рухани-адамгершілік құндылықтарды ығыстыру және оларды материалдық-прагматикалық құндылық парадигмасымен алмастыру үдерістері жанданды. Реформаның алғашқы жылдарында халық әлеуметтік-саяси мәселелерге белсенді қызығушылық танытты, бостандықты құндылық ұғымы ретінде жоғары бағалады, іс жүзінде дәстүрлі менталитетке тән емес белгілерді көрсетті. Бірақ 90-жылдардың ортасында халықтың көпшілігі материалдық әл-ауқатты бостандық құндылығынан жоғары бағалады.

XX– XXI ғасырдың басы үшінші кезеңнің бастауы болды және қарапайым адамдарға ештеңе тәуелді емес, олар теріс үдерістерді тоқтата алмайтындығына және т. б. халықтың, оның ішінде жастардың арасында қатаң басқару әдістерін қолдау өсе бастады, қажетті харизмасы бар және елді хаостан шығаруға қабілетті күшті тұлғаның маңыздылығы артты. Жастардың дүниетанымдық көзқарастары мен құндылық бағдарларында бірқатар жағымсыз тенденциялар пайда болды. Адам өмірінің қажетті компоненттері мысалы, білімге деген ұмтылыс, еңбек, білім және т.б. материалдық қауіпсіздік құндылықтарының иерархиясының жоғарғы сатыларынан айырылып, айтарлықтай маңыздылықты жоғалтты. Қазіргі жастардың көпшілігі ұстанатын қатаң индивидуализм, прагматизм қоғамдағы эгоизмнің, цинизмнің, экстремизмнің және агрессивтіліктің өсуіне әкеледі.

Кейінгі онжылдықтарда қазақстандықтардың жаппай санасының дәстүрлі құндылық бағдарларына оралу үдерісі көріне бастады. Баяу, бірақ білімнің, рухани дамудың, қызықты жұмыстың, еркіндіктің маңызы артып келеді. Сол арқылы Қазақстан тұрғындарының және басқа посткеңестік республикалардың базалық құндылықтарындағы трансформациялық ілгерілеулер бастапқы парадигмаға қайта оралуда.

«Айта кету керек, соңғы 30-40 жылда жастардың еңбекке деген құндылық бағдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады; бұл әсіресе еңбектің маңыздылығына қатысты. Кеңес заманында, 1960 - 1970-ші жылдардың бірінші жартысында жастар арасында қызықты жұмыстың құндылығы бірінші орында болды, оны респонденттердің кемінде 2/3-і таңдады; қазір ол төртінші орында. Бұл, атап айтқанда, реформалар барысында еңбектің, еңбек тәрбиесінің ерекше әлеуметтік маңызы бар идеологиясының жойылғандығына байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында адал жұмысшының, өндірістің озаты, жалпы барлық жұмысшы адамның бейнесі жоғалып кетті. Жұмысшы, Техник, инженер болу беделді болды. «Еңбек кейіпкерлерін» «тұтыну пұттарына» ауыстыру болды (эстрада жұлдыздары, комедиялар, пародистер, астрологтар, сән журналистері, сексологтар және т.б.). Жастардың қазіргі құндылық құрылымындағы қолайсыз фактор-бұл жұмыс пен ақша арасында нақты байланыстың болмауы болып табылады. Егер Кеңес заманында бұл байланыс «эквалайзердің» көрінісі салдарынан әлсіреген болса, қазір ол мүлдем жоқ болып табылады. Кейбіреулер авантюралар мен айла – шарғы жасау арқылы «ашулы» ақша алады, ал басқалары сөзбе-сөз ауыр жұмыс істейді (кейде бірнеше жұмыста), жалақысы жеткіліксіз болып табылады. Жасөспірімдер мен жастар мұны өте жақсы түсінеді» деп жазады профессор В.Е. Семенов [2].

Сонымен бірге, ресейлік әлеуметтанушы Ресей мемлекеттік технологиялық университетінің кафедра меңгерушісі К.Э. Циолковский атап өткендей, Гегельдің әлеуметтанулық зерттеулері көрсеткендей, мәңгі бар, әсіресе жастар санасында және иллюзия (арман) мен шындық арасындағы жиі шешілмейтін қайшылық бар [3].

Жастарға аға буынға қарағанда жоғары төзбеушілік деңгейі, әсіресе ұлттық белгілері, сондай-ақ байлық пен кедейлік, білім мен сауатсыздық, денсаулық құндылығы, спортқа деген құштарлық және нашақорлық, темекі шегу, алкоголизм сияқты қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелер тән болып табылады.

Бір қызығы, үлкендердің жастарға деген сыни көзқарасы барлық уақытта болған, бірақ жаңа біздің ойымызша, жастар өз ұрпақтарына үлкендерге қарағанда одан да сыни тұрғыда қарастырылатыны белгілі болды.

Жас ұрпақ өзінің жастық шағы мен өмірлік тәжірибесінің болмауына, өзінің әлеуметтік нормасын жасау үшін ішкі критерийлердің тұрақсыздығына байланысты ең осал екенін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі Қазақстанға тән жаңа әлеуметтік құбылыстар мен жағдайларда «сырқатты» «саудан» жас ұрпаққа ажырату оңай емес. «Өмір сүруге бейімделу» жас ұрпақтың толыққанды әлеуметтенуі деп санауға болмайды. Оның жасы үлкен топтармен салыстырғанда салыстырмалы түрде жоғары, елдегі жағдайға бейімделу әлеуметтік оптимизмнің себебі ретінде қарапайым және біржақты қарастырылмауы керек.

Сонымен бірге, соңғы жылдары жастар санасында жаңа тенденция пайда болғанына назар аударуға болмайды: жағымды құндылықтардың негативтерден басымдығы. Атап айтқанда, бұл еңбекқорлық, адалдық, адалдық, жалпы мәдениет, өзін және оның мүмкіндіктерін сыни

бағалау қабілеті сияқты жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты маңызды бағдарларды таңдаудағы артықшылықтар туралы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жастардың құндылық кеңістігі мынадай сәттермен сипатталады. Жас ресейліктердің күнделікті құндылықтарының ішінде прагматизм мен индивидуализмнің айқын көрінген тенденциялары басым, бұл қазақстандық қоғамның нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты болып отыр. Өмірлік құндылықтардың ішінде ең танымалдары материалдық әл-ауқат, қызықты жұмыс, денсаулық, махаббат болып табылады. Рухани құндылықтарға келетін болсақ, олар жас адам тұлғасының құндылық кеңістігінде әлі де елеусіз орын алады, алайда қазіргі қазақстандық жастардың құндылық иерархиясында оң құндылық бағдарлары жағымсыздан басым бола бастайды.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның қазіргі жастарының рухани құндылықтары оның жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен айқындалады. Қазақстандық жастар ортасындағы мәселелер осыған байланысты, өйткені жаңа сұраныстар әрқашан жоғары адами құндылықтарға жауап бере бермейді. Алайда, бұл жағдай жас кезеңнің өтпелі сипатымен байланысты, онда махаббатқа, достыққа, шығармашылыққа деген жоғары рухани ұмтылыстар өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігімен және эмоционалды ішкі әлемді басқару қабілетінің жетіспеушілігімен біріктіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

https://www.britannica.com/topic/World-Values-Survey.

1. Семенов В.Е. қазіргі жастардың құндылық бағдары // әлеуметтанулық зерттеулер. – 2007. – № 4. – С. 37-38.
2. Гегель Л. А. жасөспірім орыстардың құндылық бағдарлары: жаңа тенденциялар // Жастар және Ресейдің инновациялық дамуы: ғылыми конференция материалдарына негізделген ғылыми мақалалар жинағы. – М.: Мәскеу гуманитарлық университеті, 2011. – 165 б. – С. 10-19.

Трансформация ценностей молодежи с современной точки зрения как социально-философская проблема

Абдихапарова Г. А., Есбергенова Г. Б.

Аннотация. В этой статье рассказывается о том, что на современном этапе молодежь страны, как и многие ее сверстники в других странах, столкнулась со многими проблемами и актуальными задачами. Среди них проблема свободы, неопределенность направления будущей профессиональной жизни, неумение полноценно использовать творческие ресурсы и т.д. Эти и другие проблемы являются одновременно своеобразным трамплином, вызовом, требующим новых шагов и, следовательно, необходимости не останавливаться., но требует развития. Рассмотрены некоторые аспекты данной проблемы, положительные и отрицательные стороны и трансформация ценностей молодежи современной страны. Отзывы, представленные в статье

Ключевые слова: молодежь, социальная динамика, социальная философия, культура, исторический Запад

Transformation of youth values from a modern point of view as a socio-philosophical problem

Abdikhaparova G. A., Yesbergenova G. B.

Abstract: This article tells that at the present stage, the youth of the country, like many of its peers in other countries, faced many problems and urgent tasks. Among them are the problem of freedom, uncertainty of the direction of future professional life, inability to fully use creative resources, etc. These and other problems are at the same time a kind of springboard, a challenge that requires new steps and, consequently, the need not to stop, but requires development. Some aspects of this problem, positive and negative sides and transformation of values of youth of the modern country are considered. The opinions presented in the article tell us that the youth of a modern country, like many of its peers in other countries, faced many problems and pressing tasks.

Keywords: youth, social dynamics, social philosophy, culture, historical West.

АЛАШТЫҢ АҚЫРҒЫ АҚИЫҒЫ

Беделханова Д.Н.
Сәтбаев Университеті, Қазақстан, Алматы қ.
dbedelkhanova01@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш математигі, профессор, ғалым, қазақ тіліндегі тұңғыш «Жоғарғы математика курсы» оқулығының иесі Ермеков Әлімхан Әбеуұлының Ленин басқарған Бүкілодақтық Кеңесінің мәжілісінде (Мәскеу, 1920 жыл, 17 тамыз) «Қазақ автономиялы республикасын және оның шекарасын белгілеу» деген тақырыпта баяндама жасап, қазақ жерін жанқиярлықпен қорғауының нәтижесінде Каспийдің солтүстік жағалауы, Ертіс өзенінің он шақырымдық бойындағы ұлан-ғайыр жер, Семей, Ақмола губерниялары Қазақ автономиялық республикасының құрамына берілетін болып шешім шығарылғаны жайлы айтылыды. Өздеріңізге мәлім империяны мойындатып, өз алдына бас көтеру, байырғы қазақ жерлерін біріктіру ісі оңай болған жоқ. Қазіргі кезде шекара туралы әңгіме туындаған кезде, Әлімхан Ермековтің жасап кеткен еңбегінің маңызы өте зор.

Негізгі сөздер: Қайраткер, тұлға, шекара, Автономия, күрес, Алаш.

Ермеков Әлімхан Әбеуұлы (1891, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы – 1970, Қарағанды қаласы) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақтың тұңғыш математигі, профессор, ғұлама ғалым, белгілі ағартушы. 1905 жылы Қарқаралы қаласындағы үш кластық училищені, 1912 жылы Семей ерлер гимназиясын алтын медальмен бітіріп, Томск технологиялық институтының тау-кен факультетіне оқуға түседі.

1917 жылы Алаш автономиясы құрылғанда, 26 жасында жаңа үкіметтің жаңа премьер-министрінің орынбасары, әрі ел шаруашылығын жоспарлау комитетінің төрағасы болып тағайындалған. Сол жылы II Бүкілқазақтық съезіне Семей облысынан делегат болып қатысып, Алашорда үкіметіне мүшелікке өтеді. 1917-1918 жылдары Алаш автономиясы, Уақытша Сібір үкіметі, Комуч, Башқұрт үкіметі, Сібір облыстық думасы, Уфа директориясы атынан Колчактың Омбы үкіметімен келіссөздер жүргізеді. 1919-1920 жылдар аралығында Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-ревком комитетінің мүшесі, әрі коллегия төрағасы, Семей губревкомының мүшесі болып, Кеңес үкіметінің саяси басқару жүйесінде қызмет істеп, қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты маңызды жұмыстар атқарып, қазақ жерлерін Қазақ АКСР-і шеңберінде тұтас дерлік топтастыруда айрықша еңбек сіңірген.

Әлімхан Томск технология институында оқи жүріп, ондағы ғалымдармен, зиялылар қауымымен етене жақын араласады. Әлекең өмірбаянында: "1917-жылы Қазан социалистік революциясы болған кезде мен Томск технология институтының 5-курсында оқып жүрген едім. Төңкеріске байланысты маған оқудан уақытша қол үзуге тура келді", - деп жазады[2]. Әлімханның уақытша оқуын тастап, саяси күрес аренасына шығуы осы тұс.

Алаштың алғашқы құрылтай сиезі 1917-жылдың 21-26-шілдесінде Орынбор қаласында өтті.

Алаш тарихына "екінші жалпықазақ сиезі" деген атпен енген сиезд 1917-жылдын 5-13-желтоқсанында Орынбор қаласында болып өтті. Оған Қазақстанның сол кездегі 8 облысының бәрінен бірдей делегаттар келді. Жалпықазақ сиезі дүниеге қазақтың тұңғыш тәуелсіз мемлекеті- Алаш автономиясының келгенін жария етті. Міне, жаңа құрылған үкіметтің толық мүшесі (міністір дәрежесіндегі) Әлімхан Ермековке демократиялық жолмен сайланған жаңа премиер-міністірдің орынбасары әрі ел шаруашылығын жоспарлау комитетінің төрағасы қызметі ұсынылады. "Қазақ" газетінің 1917-жылғы желтоқсанда шыққан 253-санында Алаш партиясының Семей облыстық комитеті мүшелерінің тізімі жарияланып, онда бірінші болып Ә.Ермековтың аты-жөні көрсетілді. Қазақтың әйгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Алашты таныстыру" өлеңінде: "Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен, келеді екінші боп бұл ретпен",-деп жазуы онын премиер-міністірдің орынбасары қызметін ғана емес, Алаш қайраткерлері арасындағы зор беделіне берілген әділ баға болса керек. Жиырма алты жасар вице-премиер бірден Алаш жұмысына ден койып, оған бүкіл ынта-жігер, жан-тәнімен кіріседі.

1918-жылдың 2-сәуірі күні Әлімхан Ермеков Алашорданың лидерлері Әлихан Бөкейханұлы және Халел Ғаббасов үшеуі Семейден тікелей байланыс желісі арқылы В.Ленинмен және сол кезде ұлт істері халық комиссары болып істеген И.Сталинмен сейлеседі. Ленин мен Сталинге телеграммамен сейлескендегі алған жауабы мынау:

"Әр халықтың өз билігін өзіне береміз деп айткан законжарлығымыз әлі сол қалпында, айтканымыз-айтқан. Сіздердің өкілдеріңіз бізге әкеліп тапсырған жалпы казақ сиезінің қаулысын түгелімен қабыл аламыз, жалғыз-ақ Совет өкіметін таныңыздар",-деп Ленин, Сталин қол қойған [2].

21-наурызда Бөкейханов, Ғаббасов, Ермеков атына Мәскеуден тағы телеграмма алдық: "Халық комиссарларымен сөйлесіп жатырмыз. Алаштың автономиясына қарсылық жоқ. Бүгін, ертең Алашордамен Сталин өзі сейлеседі", - депті [2]. Алайда 1918-жылдың сәуір-мамыр айларында қазақтың өз алдына дербес ел болып кетуінен корыққан Ресейдің қызыл әкімдерінің талап етуі бойынша Алашорданың облыстық және уездік комитеттері күшпен таратылды.

Бұл жұмысты жүргізу үшін Кирревкомның 1920- жылғы 16-мамырдағы қаулысы бойынша Ә.Ермековке №2043-мандат беріліп, "Қазақ өлкесінің жағдайы және оның шекарасын белгілеу" жөнінде баяндама жасау үшін Мәскеуге женелтеді. Москвага келгеннен кейін Кирревкомның өзге мүшелерімен араласа жүріп, Ермеков өзін іскер, алғыр, жан- жақты білімді, мадениетті кайраткер ретінде керсетеді.

Сөйтіп, Алашорданың бұрынғы вице-премиері Әлімхан Ермеков Кирревком мүшесі әрі коллегия төрағасы болып сайланады.

Ол Қазақ өлкесінің жағдайы мен оның шекарасын белгілеу мәселелері бойынша Халық Комиссарлары Кенесінің мәжілісіне дайындалады. Мәжіліс 1920-жылдың 17-тамызында өтеді.

Ермеков бұл жөнінде былай деп жазды: Маған дейін Түркістан республикасының жағдайы жөнінде түріккомиссиясының мүшесі Георгий Сафаров жолдас та баяндама жасады. Ерекше қызу қанды, әр сөзін шегелеп, дәлелдеп сөйлеуді ұнататын ол баяндамасында отар аудандардағы бұратана халықтың ауыр тұрмысын, Столыпин реформасы салдарынан халықтың шамадан тыс тым тығыз орналасқандығын ашып көрсетті.

Ол ата қоныс жерінен айырылып, жер ауып келген кулактардың талан-таражға түскен қазақ шаруаларының ауыр халімен езілген жайына ерекше назар аударды. Баяндамашы шұғыл түрде кулактарды басқа жерге жер аударып, олардың тартып алған жерін ежелгі иелеріне қайтаруды көздеген жер реформасын жүргізуді талап етті. “Тек сонда ғана, - деді ол, - бұратана халық шын мәнінде бостандықты сезініп, ұлы октябрь революциясының жемісін көретін болды”[3]. Сонымен бірге Әлімхан Ермеков өз баяндамасында: патша үкіметі кезінде өзен-көлдердің жаны, құнарлы жерлердің тұрғылықты халықтың тартып алғаны Ертіс бойындағы он шақырымдық алаң: Каспийдің солтүстік жағалауындағы бір шақырымнан басталып, кейін 70 километрге дейін созылған миллиондық қор деп аталатын алаң: ежелгі қазақ жері екенін бұлтартпас дәлелдермен дәлелдеп береді, Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық алаң 1904 жылы орыс-жапон соғысының алдында қабылданған сенаттың қаулысы бойынша Сібір казактарының пайдалануына беріліп, ол жерді мекен еткен қазақтарды ата қонысынан айырды. Соның негізінде олар ежелден өздері иелік еткен жерді мал жайылымы ретінде пайдаланғаны үшін орасан зор көлемде ақша төлеп, тез арада сіңірі шыққан кедейге айналғанын айтады.

Баяндамамда жоғарыдағыларды тізіп айтып, корытындылай келіп, қазақтардан тартып алынған жерлерді өздеріне қайтару жөнінде және жергілікті қазақ халқы мен отырықшы орыс тұрғындарын жерге орналастырғанша ішкі Ресейден қоныс аударуды тоқтату туралы ұсыныс жасадым. Осы арада Владимир Ильич таңданғанын жасыра алмады. Ол сөзімді бөліп: "Қызық екен! Қызық!.. (Странно! Странно!.) Орталықтан келген Сафаров жолдас бүкіл кулактық шаруашылықты түгелдей Түркістан төңірегінен қуу жөнінде ұсынады, ал сіз болсаңыз қазақтармен орын тепкен орыстарды орналастырып біткенше ішкі Россиядан көшіп келетіндерді тежей тұру қажет",-дейсіз [2].

Владимир Ильич, Сафаров жолдас Түркістанның жағдайын жергілікті жерде мұқият тексеріп, зерттеген болуы керек. Сондықтанда осы сияқты батыл ұсыныс енгізіп отыр. Ал мен Қазақстанның ерекшеліктеріне, қазіргі жай-күйіне орай мұндай ұсынысты бізде қабылдауға болмайды деп есептеймін. Оның үстіне біздің солтүстік уездерімізде тұратын қазақтар мен орыстардың сандық құрамы Түркістандағыдай емес. Сондықтан бекер көшіре салу ақылға қонбайтын тәрізді, ондай асығыстық орыстар мен қазақтардың арасында жаулық, антагонизм туғызып жіберуі мүмкін.

"Ім-ім-ім... Солай деңіз, солай деңіз... Ойлану керек екен, ойлану керек екен.. ("Ага, надо подумать, подумать!"), - деді Владимир Ильич дауысын шығарып[2]. Комиссия мажілісінде республиканың шекарасын белгілеуде жоғарыда атап өткен Каспий теңізінің солтүстігіндегі бір шақырымдық жағалауды Астрахань губерниясынан алып, біздің республиканың шекарасына қосу жөнінде ұсыныс жасадым. Менің бұл ұсынысыма мәжіліске қатысушылар шұғыл карсы шықты. Көптеген басшылар, оның ішінде Лежана, Брюханов және Астрахань губисполкомының төрағасы фамилиясы есімде калмапты қарсы сөйлеп, Мәскеудің халқы Каспийдің балығы арқасында тамақ асырап отырғандығын, елімізде азық-түлік жетіспеушілігін айтып, өз сөздерін дәлелдеуге тырысты. Шығып сөйлегендердің қарсы пікірін тыңдап болғаннан кейін, Ленин мені қолдайтын сыңай таныта сөйлеп: “Біздің экономистеріміздің, шаруашылық басшыларының үзілді-кесілді сөйлегендерін көрдіңіздер ғой, қысылмай еркін айтыңыз, ойыңызды дәлелдеп, еркін жеткізіңіз, енді сөз сізге беріледі,” – деді [2].

“Мен сіздердің алдарыңызда кеше ғана мектеп бітіріп шыққан оқушы сияқты ғанамын, сондықтан жасы үлкен, тәжірибелі жолдастардан үйренуге қашанда әзірмін,”- деп бастап, әрі қарай өз пікірімді дәлеледеуге кірістім.- “Қазақстан өзінің ұлттық және тұрмыстық ерекшеліктеріне орай РСФСР-дің ішінде автономиялық билікке ие болғалы отыр. Жағалауды біздің республикаға қосу туралы әңгіме ол жерді негізінен балық кәсіпшілігімен айналысатын қазақтар мекендейтіндіктен туындауда. Жағалау Қазақстан территориясына кіріңкіреп орналасқандықтан, ол жердегі қазақтарды еңбекке жұмылдыру да оңай болмақ. Егер балықшы қазақтар мекен еткен жағалау біздің республиканың шекарасына қосылатын болса, біз бұл кәсіпті дұрыс жолға қойып, Орталыққа Астрахань губерниясынан әлдеқайда көп мөлшерде балық дайындайтын боламыз,” – дедім [2].

Ленин Астрахань губисполкомының төрағасына жағалауда тұратын қазақ және орыс халқының арасалмағы туралы сұрақ койды. Ол статистикалық деректердің жоқтығын сылтауратып , төтесінен қойылған сұрақтан жалтарып кетпек болып еді , Владимир Ильич:

"О не дегеніңіз... Статистиканың бұл арада қандай қатысы бар? Мен сізден өз жерін жақсы білетін басшы ретінде сол жаңағы жағалауда қазақтар көп пе, орыстар көп пе, соны білгім келіп тұр", - деп қадалды [2].

- Қазақтар көпшілік, Владимир Ильич , қазақтар көп. - Ол құлак-шекесіне дейін қызарып, сасқалақтап қалды.

- Солай десеңізші... Енді мәселе айқын.

- Сонда калай болғаны, Владимир Ильич, Ермеков жолдас Данциг дәлізін жасағалы тұр ма?!.. ("Тов.Ермеков хочет создать Данцигский коридор?!" - деп осы арада Орталық Комитеттің хатшысы Крестинский килікті.

- О не дегеніңіз, Николай Николаевич? Түсінбегенсіз бе, мәселенің түп-төркініне... Крестинский жолдас, мәселенің байыбына бармаған екенсіз. Данциг далізін жасағысы келіп отырғандар кім десеңіз, ол - біздің экономистеріміз, шаруашылық басшыларымыз, мына отырған губисполкомның төрағасы ғой, Қазақстанның атамекенінен ойып алып Астраханьға қосқалы отырған...[2].

Жағалаудағы алқап Астрахань губерниясының иелігінен алынып, Қазақ автономиялық республикасының қарамағына берілетін болып көпшілік дауыспен қабылданды.

Сонымен бірге Орал губерниясы шегіндегі Орал өзенінің сол жағалауындағы 1882 жылы патша өкіметі енбекші қырғыз халқын шеттетіп, Орал казак әскерлерінің меншігіне берген өңір қырғыздардың еңбекші халқына қайтарылды. Жалпы барлық қазақ жерлерін біріктіру

1924 жылы аяқталды. Осы жылы бұрын Түркістан өлкесіне карап келген Жетісу мен Сырдария облыстары Орта Азия республикасының шекарасын межелеу нэтижесінде Қазақ АКСР-на косылды.

Жеті - сегіз жылдар бойы КАЗЦИК-тің мүшесі болған Ермеков біраз жылдар республикалық мемлекеттік жоспарлау комиссиясында және басқа жауапты мемлекеттік жұмыстарда болып, қазақстандық тұңғыш оқу орындары ұйымдастырыла бастағанда ұстаздық қызметке ауысады. Жоғары техникалық мамандығы бар қазақ ретінде ол әуелі Ташкентте ашылған педагогикалық институтта, содан кейін Алматыдағы политехникалық институттың іргетасын қалаушылардың қатарында болады. Осы жылдары ол КазГУ-де, мал дәрігерлік институтта, Қазақтың политехникалық институтында жоғары математика және теориялық механика кафедрасының менгерушісі және жалпы техникалық факультеттің деканы болып қызмет істейді. 1935 - жылы ноябрьден ВАК шешімі бойынша оған математика профессорының дәрежесі беріледі. Бұл тұңғыш қазақ профессор математигінің тууы еді. Бірнеше шет ел тілдеріне жетік, жан - жақты білімді, биік мәдениет иесі Әлімхан Ермеков 1932—36-жылдары ҚАЗ АССР оқу ағарту халық комиссариатының арнаулы тапсырмасымен қазақ тілінде математика терминологиясын жасап шығарды. Жоғарғы оқу орындарына арналған жоғарғы математика оқулығын қазақ тілінде жазады. 1935-жылы жарық көрген бұл оқулық жоғары математиканың қазақ тіліндегі тұңғыш оқулығы болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 3 том , Алматы “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2001- 720 б.
2. Жүз тұңғыш. Жинақ. 2-кітап. Құрастырған- Бексұлтан Нұржекеұлы.- Алматы: Жалын баспасы ЖШС, 2005.- 352 б.
3. Салқынбек Д. “ Отарсыздану ұлт тарихынан басталады”: Зерттеулер.- Алматы: ҚазАқпарат, 2010.-295 б.

Общественная и политическая деятельность А.Ермекова

Беделханова Д.Н.

Аннотация. В данной статье речь идет о выдающемся общественном и государственном деятеле, первом казахском математике, профессоре, ученом, обладателе первого учебника на казахском языке «Высший курс математики» Ермекове Алимхане Абеулы. А.Ермеков на заседании Всесоюзного Совета во главе с Лениным (Москва, 17 августа 1920 г.)выступил с докладом о будущем границе Казахской автономии. В результате самоотверженной защиты казахской земли было принято решение о передаче северных берегов Каспийского моря, десяти километров реки Иртыш, Семипалатинской и Акмолинской губерний Казахской Автономной Республике. Признать империю, как известно, восстать, объединить древние казахские земли было непросто. В настоящее время, когда речь идет о границах, очень важна заслуга Алимхана Ермекова.

Ключевые слова: Деятель, личность, границы, Автономия, борьба, Алаш.

Public and political activities of A. Yermekov

Bedelkhanova D.N.

Abstract: This paper is about Alimkhan Abeuly Yermekov, a prominent public and state figure, the first Kazakh mathematician, professor, scientist, the owner of the first book in the Kazakh language "The Higher Course of Mathematics". A.Yermekov at the meeting of All-Union Council headed by Lenin (Moscow, August 17, 1920) made a report about the future border of Kazakh autonomy. As a result of the selfless defense of the Kazakh land, it was decided to transfer the northern shores of the Caspian Sea, ten kilometers of the Irtysh River, Semipalatinsk and Akmola provinces to the Kazakh Autonomous Republic. It was not easy to recognize the empire, as you know, to rebel, to unite the ancient Kazakh lands. Nowadays, when it is about the borders, the merit of Alimkhan Yermekov is very important.

Keywords: Doer, personality, borders, autonomy, struggle, Alash.

ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНА КӨЗҚАРАСЫ

А.К. Жұмаева ,С.С. Калдыбаева
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
zhumayeva.aruzhan@gmail.com

Аңдатпа. Жаһандану жағдайында әр елдің өзгеруі мен дамуы үшін жаңа күштер, жаңа идеялар, ізгі құндылықтар қажет. Ұлттық сананы қалыптастыра отырып тәрбие берудің негізгі жолы – тарихи білім болып табылады. Тарих – адамзат тарихында болған оқиғаларды, соның ішінде ұлы ұлттардың өрлеуі мен құлдырауын, сонымен қатар адамзат баласының саяси және әлеуметтік жағдайларына әсер еткен басқа да өзекті өзгерістерді баяндайды. Сондықтан, өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі ретінде этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда тарих пәнін оқыту маңызды.

Негізгі сөздер. жаһандану, ұлттық сана, жастар, тарих, сауалнама, респондент

Кез-келген мемлекеттің қозғаушы күші, қоғамның драйвері – жастар. Жастар жаңалыққа, өзгерістер мен жедел іс-қимылға бейім келеді. Еуразия даласындағы мемлекеттің тарихына көз жүгіртсек, жастар және олардың қозғалыстары мемлекеттің дамуына үлкен түрткі болғанын тайға таңба басқандай көре аламыз. Қоғамды дүр сілкіндірген тағдырымызды шешкен оқиғалардың бел ортасында белсенді жастар жүрді. Қазіргі уақытта да мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріне жастар белсенді араласып, елеулі орын алып келеді.

Дегенмен, жастар арасындағы білімсіздік, нашақорлық, жат ағымның жетегінде кету, сыртқы миграция, сияқты проблемалар да жоқ емес. Сондықтан жаһандану жағдайында жастарға мемлекет тарапынан көңіл бөліп, рухани-патриоттық тәрбие беру – өзектілігі жоғалмайтын міндет болып табылады.

Жаһандану жағдайында әр елдің өзгеруі мен дамуы үшін жаңа күштер, жаңа идеялар, ізгі құндылықтар қажет. Олардың барлығына жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болады. Өйткені, жаһанданудың жағымсыз жақтары жастарды жарға жығуы да ықтимал. Қазіргі уақытта тәрбие беру процесі жастардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру ғана емес, заманның кері ықпалынан қорғауға да бағытталған. Жаһандану процесі кезеңінде уақыт ағымы жас ұрпақты қиын таңдау жасауға итермелейді.

Тарих дегеніміз не? Алдымен осы сұраққа жауап іздеп көрейік. Ұлылардың бірі: «Өткенсіз болашақ жоқ» деген екен, және ол дұрыс айтылған. Бүгінгі таңда көптеген адамдар, әсіресе жастар тарихты не үшін білу қажет, оны зерттеу не үшін қажет және оның бізге не беретінін түсінбей жатады. Олжас Сүлейменов өзінің бір сөзінде, «Өзіңді - өзің тану тәрізді, тарихты танып - білу де - қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет. Ол - болмай қоймайтын жоғалтулар мұңын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге прогреске кең жол ашады», - деген екен [1].

Сонымен, тарих – адамзат тарихында болған оқиғаларды, соның ішінде ұлы ұлттардың өрлеуі мен құлдырауын, сонымен қатар адамзат баласының саяси және әлеуметтік жағдайларына әсер еткен басқа да өзекті өзгерістерді баяндайды.

Тарих бізге өз халқымызға қатысты нақты нұсқаулар береді. Ол халықтардың өмір жолындағы мақтаныш пен даңқ неден тұрады, ал намыс пен ұят деген не деген сұраққа сабырлы да шынайы жауап бере алады. Тарих - адамға Отанды сүюге шақырады. Екіншіден, ол Отанымыз халықтарының дүние жүзінің басқа елдерінің халықтарымен, ең алдымен ең жақын көршілеріміз – Еуропа және Азия халықтарымен бірлігін көрсетеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен үш жыл қатарынан тарих ғылымына ерекше назар аударылды. Олар:

1997 жылы – Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу;

1998 жылы – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы»;

1999 жылы – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп аталды.

Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында атап көрсеткен болатын [2].

2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдау керектігін жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған 2004-2011 жылдар аралығында – Қазақстанның тарихы мен этнографиясы бойынша арнаулы зерттеулер жүргізілді. Бұл– тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы атқарылған ауқымды жұмыстар. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» – деген тұжырым жасайды. Міне, осыған орай, 2013 жылы Мемелекеттік хатшы М.Тәжиннің баяндамасында айтылғандай, Президенттің тапсырысымен «Тарих толқынындағы халық» бағдарламасы жүзеге асырылды.

2018 жылы 21 қарашада Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи сананы жаңғырту мәселесі де айқындалады. Елбасы: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты», - деп атап көрсетті [3].

Ұлттық сананы қалыптастырудың ең негізгі жолы – тарихи білім болып табылады. Ол жүйелі түрде мектептерде, ЖОО-да іске асырылуы керек. Сондықтан, тарих пәнін жастардың санасына ертеден сіңірудің маңыздылығы ерекше. Жоғары оқу орындарының Қазақстан тарихын оқытуда тарихшылар жастардың ұлттық намысын тәрбиелеуге, ата-баба рухы деген қасиетті сөздерді жоғалтпауға тәрбиелейді [4].

Қоғамның жаһандануы мен ақпараттануы жастардың құндылықтарының өзгеруіне әсер етуде. Бір жағынан, жаһандық қозғалыстардан туындайтын мәдениетаралық өзара әрекеттестік жастардың рухани құндылықтарын байытуға, басқа мәдени дәстүрлер мен діндерге деген қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Жаһандану ұлтшылдық, шовинизм, кемсітушілік сияқты өзекті мәселені шешуге ықпал етеді. Ақпараттық жүйелер этномәдени коммуникацияны қолдауға мүмкіндік береді және өздері этностың жаһандық мәдени кеңістікте этностың өзара әрекеттесуінің және консолидациясының құрылымдары болып табылады. Бұл басқа этностар мен халықтарға төзімділікке, тиісінше халықаралық терроризм мен кемсітушілікке қарсы тұруға тәрбиелейді. Материалдық құндылықтар саласында жастардың мінездерінде еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік пен бәсекеге қабілеттілік ұстанымдары қалыптасады, яғни, белгілі бір әл-ауқат деңгейіне ұмтылу, өмір сүру жағдайын теңестіру, сана мен мінез-құлықты даралау [5].

Кезінде Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Тарихын жоғалтқан ел, қайда тұрып, қайда бара жатқанын білмейді. Соңында жоғалуға ыңғайлы тұрады», - деген пікірін айтқан. Сондықтан, ұлттық тарихымызды әлі де зерттеп, зерделей түсу біз үшін парыз.

Зерттеу жұмысымыздың негізінде жаһандану дәуірінде қазақ жастарының тарих ғылымына көзқарасын талдау үшін ЖОО-ның 1-2 курс студенттеріне сауалнама жүргізілген болатын. Респонденттерге қойылған сауалнама сұрақтары төмендегідей:


1. Әр тұлғаның өз тарихын білуі міндетті деп санайсыз ба?
2. Қоғамдағы шешілмей жүрген проблемалардың жауабын тарихты оқып табуға болады дегенге келісесіз бе?
3. Сіз ата-бабаңыздың тарихын білесіз бе?
4. Сізді қазіргі ұлт тарихы алаңдатады ма?
5. Қазіргі жаһандану дәуірінде тарихтың дұрыс қалыптасуына жастардың ықпалы бар ма?
6. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал-мәтелді қалай түсінесіз?
7. Егер ел басына күн туса, қолыңыщға қару алар ма едіңіз?
8. Ел тарихында болған елеулі оқиғаларды білесіз бе?
9. Ел арасында болып жатқан маңызды жаңалықтардан жиі хабардар болып отырасыз ба?
10. Жастарды тарихқа тарту үшін қандай шаралар қолдану қажет деп ойлайсыз? Өз ойыңыз...

Респонденттердің алынған жауаптары бойынша төмендегідей талдау жасауға болады.

- біріншіден, Қазақстандық жастар өз халқының тарихын білу міндетті деп санайды;

- қоғамдағы шешілмей жүрген түйіткүлді мәселелердің жауабын тарихты оқып табуға болады деген сауалға - 76,4%-ы иә деп жауап берсе, 18,5%-ы жоқ деп санайды, ал 5,1%-ы жауап беруге қиналатынын мәлімдеген;
- сауалнамаға қатысушылардың 91,7%-ы өз ата-баба тарихын жетік білемін десе, 0,6%-ы оны білу маңызды деп санамайтынын жеткізді;
- ел басына күн туғанда қолға қару ұстар ма едіңіз деген сауалға, жастардың ойы екіге бөлінген. 67,5%-ы оны борышымыз деп санаса, 16,6%-ы жоқ деген, ал, 15,9%-ы жауап беруден бас тартқан.

Бұл сұраққа алынған жауаптың өзі, жастардың арасында, әсіресе ер балалардың Отан алдындағы борышын өтеуге, Тәуелсіз мемлекетіміздің тыныштық күзетінде ел сенімін ақтауға құлықсыздығын аңғартты. ҚР Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп тайға таңба басқандай көрсетілген. Қазақ елінің тұтқасы - ер азаматтарымыздың жасынан жігерлі, қайратты және намысты болып өсуіне отбасындағы тәрбиеге байланысты екені де бүгінгі жаңа Қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі екені даусыз.



Ескерту: Диаграмма сауалнама негізінде автормен құрастырылды

Сауалнама барысында, жастарды тарихқа баулу үшін қандай шаралар қолдану қажет екені туралы жеке пікірлері де сұралған болатын. Жауаптар толқыны төмендегідей сипатта болды. Мысалы:

- *«Тарих пәнін мектептен бастап жақсылап оқыту керек көп іс шараларға қатысу керек кітап оқытуды қатаң міндет етіп қою керек»;*
- *«Тарих пәнінен қосымша сабақтар көп болуы керек деп ойлаймын»;*
- *«Тарихты жастар тілінде яғни, қазіргі жағдаймен бірге көрсетіп салыстырмалы талдау арқылы оқытып, көрсетсе дұрыс деп ойлаймын»;*
- *«Тарихқа тарту үшін, тарихи шаралар ұйымдастыру керек, тарихи оқиғалардан қызықты фильм, сериал түсіру керек деп ойлаймын»;*
- *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Stand-up жобалар, тарихи дебаттар мен іс-шаралар ұйымдастыру арқылы және ұлттық патриотизмді дамытып, ұлттық сананы жетілдіру қажет деп ойлаймын»;*

- *«Болашақ жастардың тарихқа қызығушылықтарын оятудың бір бөлігі - тарихты бірінші басынан қызықты етіп түсіндіру деп ойлаймын»;*
- *«Тарихи құндылықтардың маңыздылығын түсіндіріп, тарихтың болашаққа қадам басуымызға қандай ықпал етіп, көмектесетінін түсіндіруіміз қажет. Себебі, бүгінгі күн ертеңгі тарих»;*
- *«Жастарды тарихқа тарту болашаққа бет бұру яғни жастарымызды түрлі тарихи кештер мен мұражайларға апару тарихты дәріптеу, тарихқа бет бұруға әсер ететін күш»;*
- *«Менің ойымша, жастарды тарихқа тарту үшін барынша тарихты қызықты жеткізу керек деп ойлаймын. Қызықты дегенде өтірік мағұлматтар пайдалану емес, сол тарихты кино түсіру арқылы жеткізу немесе тарихқа қатысты ойындарды, сұрақ-жауап сайыстарын жиі өткізу сияқты тәсілдер бар»* деген ұсыныстар мен көптеген ой-пікірлер болды.

Қорыта келе, Жозеф Ренанның «Тарих дегеніміз – бір халықтың тек қана еркіндікке қарай ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халықтың тәрбиесінің де тарихы», - деген сөзімен өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды екенін атап айтқым келеді. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Өткен уақыт бүгінгінің және өзіміздің болмысымызды ашады. Өйткені, қоғам оны құрайтын жеке жасушалардың, сіз бен біздің үнемі жаңаруымен өмір сүруін жалғастырады. Ол өзінің ежелден келе жатқан қасиеттерін сақтап, жаңа қасиеттерге ие болады. Ол, кез келген тірі организм сияқты, толығымен өзгере алмайды - бұл оның қайта туылуы мен өлімін білдіреді.

Олай болса, тарих елімізді, халқымызды, өз болмысымызды жақсырақ және тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл өте маңызды. Тарих біздің өткеніміз, жастар болашағымыз. Өткенсіз болашақты елестету мүмкін емес. Елдің болашақ тарихы жастардың қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.М.Ахтаева, М.М.Қалдыбаев, А.М.Алимжанова. Жаһандану жағдайында Қазақстан дамуының басымдықтары: жаңа көкжиектер. Семей, 2009 123-126 бб.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
3. Назарбаев Н.Ә. https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-dgeti-qyry
4. Б.О. Алтынбасов, Н. Жангалиев. Жаһандану кезіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері. Алматы, 2013 87-91бет
5. Волошина О.И. Қазіргі жеткіншектердің тарихи санасының ерекшеліктері туралы кейбір ойлар //Біздің өткеніміздің болашағы: Мат. ғылыми конф. Мәскеу, 2011ж. -89 б.
6. https://forms.gle/D8r4fXziCNywetVQ8 сауалнама сілтемесі

Взгляд молодежи на историческую науку в эпоху глобализации

А. К. Жумаева, Калдыбаева С.С.

Аннотация. В условиях глобализации для изменения и развития каждой страны необходимы новые силы, новые идеи, хорошие ценности. Основным путем воспитания с формированием национального сознания является историческое образование. История - повествует о событиях, произошедших в истории человечества, в том числе о взлетах и падениях великих наций, а также о других насущных изменениях, повлиявших на политические и социальные условия человеческой расы. Поэтому важно знать свою историю-как неотъемлемую часть национального самосознания-при сохранении этнической целостности и ее продолжении в последующих поколениях -преподавание предмета истории.

Ключевые слова. глобализация, национальное сознание, молодежь, история, опрос, респондент

Young people's view of historical science in the era of globalization

A. K. Zhumaeva, Kaldybayeva S. S.

Abstract. In the context of globalization, New Forces, new ideas, and good values are needed for the change and development of each country. The main way of education with the formation of national consciousness is historical education. History-tells about the events that have taken place in the history of mankind, including the rise and fall of great nations, as well as other topical changes that have affected the political and social conditions of the human race. Therefore, it is important to study the subject of history in order to preserve ethnic integrity and continue it in the next generations, as knowledge of one's own history is an integral part of national consciousness.

Keywords. globalization, national consciousness, youth, history, survey, respondent.

ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕРМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Шуланбекова Г. К.
Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
gul.aidana@mail.ru

Аннотация. Мақалада әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етедігін, мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші еместігі айтылады. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті — оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «ата қоныс» ұғымы көпшелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен- көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жататын молалардан т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әпсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, интуициялық жоғары қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді.

Негізгі сөздер. Мәдениет, құндылық, этника, тіл, мұра, ұлт, заман, қарым-қатынас, байланыс, Қазақстан.

Әртүрлі мәдениет өкілдерінің табысты болуы үшін қарым-қатынас жасау үшін тиімді мәдениетаралық коммуникацияны үйрену керек. Қазіргі уақытта мәдени сәйкестілік мәселесі мәдениетаралық қарым-қатынас үшін айрықша маңызға ие, яғни өзекті болып табылады, сонымен бірге адамның белгілі бір мәдениетке тиесілі болуы. Бұл мәдениеттер арасындағы байланыстардың көп бөлігі, басқалармен қатар, халықтардың мәдени ерекшелігін біртіндеп жоюға әкеліп соқтырады. Идентификация ұғымы, яғни адамның қандайда бір топқа тиесілігін екендігін білдіреді. Өзін-өзі тану қажет, себебі әрбір адам тек басқа адамдардың қоғамдастығында қол жеткізілетін өмірде тәртіпті қажет етеді.

Мәдениеттік сәйкестік - адамның тиісті мәдени нормалар мен мінез-құлық үлгілерін саналы қабылдау, құндылықтар мен тілдер, белгілі бір қоғамның мәдени үлгілерімен өзін-өзі тану.

Дегенмен этникалық сәйкестілік мәселесі де маңызды болып табылады. Этнос – адамға қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өмірде қолдау көрсете алатын ең сенімді топ. Этноска тиесілілік адамға қауіпсіздікті және тұрақты өмір сүру сезімін білдіретін қасиет. Бұдан басқа, этнос ішінде ұрпақтың өзара байланысы арқылы мәдениет құндылықтары бір-біріне беріліп және сақталып отырады, ал онсыз адамзат дамымай қалар еді. Этникалық сәйкестік әр түрлі ұсыныстарды қамтиды, яғни олар осы топтың мүшелеріне жақын. Бұл пікірлер өз көзқарасын, нанымдарын, сенімдерін, идеяларын, өздерінің және басқа этникалық топтардың бейнесін бейнелейді. Этникалық ерекшеліктің ең маңызды құрылымдары - оның көмегімен адам көпұлтты қоғамдағы өзінің орнын анықтайды және оның топтарында және сыртында мінез-құлық жолдарын меңгереді. Этникалық сәйкестілік арқылы адам өз этносының мұраттарын және нормаларын бойына сіңіреді және өздерінің этностарының стандарттарын және басқа халықтарды өз этностарына ұқсайды немесе ұқсамайде деп бөледі [1].

Мәдениеттің негізгі субъектілері – адамдар болып табылады, олар бір-бірімен әртүрлі жағдайда қарым-қатынаста болады. Осы қарым-қатынастарда маңызды орын адамдардың өздері туралы идеялары болып табылады. Бұл көріністер әртүрлі мәдениетте қатты сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл адамның жеке басы туралы - адамның әлеуметтік және этникалық топтың мүшесі ретінде өзінің орны мен рөлі, оның қабілеттері мен іскерлік қасиеттері туралы білімі мен идеясы. Нағыз өмірде екі мүлдем ұқсас адамдар жоқ, әр адамның өзінің ерекше өмірлік тәжірибесі бар, осыған байланысты әр адам сыртқы әлемге әр түрлі жауап береді. Адамның өзіндік ерекшелігі белгілі бір әлеуметтік-мәдени топқа қатыстылығына байланысты туындайды, өйткені адам бір мезгілде әртүрлі әлеуметтік-мәдени топтардың мүшесі болса, онда ол бірден бірнеше жеке тұлғаны (жынысы, жасы, ұлты, нәсілі, діни, ұлты) бар. Бұл

белгілер адамды басқа адамдармен байланыстырады, бірақ бір мезгілде оның сана мен бірегей тәжірибесі бұл адамды басқа адамдардан бөледі.

Бір мағынада, мәдениетаралық қарым-қатынас – бұл қарама-қарсылықтардың өзара байланысы, онда әңгімелесушілердің жеке тұлғалары бір-біріне кіреді. Нәтижесінде, әңгімелесушінің жеке басын білмейтін және белгісіз болып таныс және түсінікті болады. Сондықтан, біз оған мінез-құлық пен әрекеттердің тиісті түрлерін күтуімізге болады. Тұлғалар өзара әрекеттесу қарым-қатынастың нысаны мен механизмін айқындайды.

Мәдени ерекшелігі екі түрлі функцияны қамтиды. Бұл коммуникаторларға бір-біріне қатысты нақты түсінік қалыптастыруға, өзара әрекеттесуді және пікірлесушілердің көзқарасын болжауға, яғни, қарым-қатынас жасауға көмектесуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл сонымен қатар қақтығыстарды тудыруы мүмкін. Адам басқа лингвомәдени кеңістікке түсетін кезде, ол оның туған мәдениетіне қарағанда өзгеше екенін сезінуі мүмкін. Мұның себебі болуы мүмкін: шет тілінде дұрыс сөйлеуге қабілетсіздігі; байланыс үдерісінде мәдени ақпаратқа назар аудармау; басқа мәдени орталарда өз орнын дұрыс анықтауға даяр болмауы.

Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық доктрина – бұл өз халқының мәдени мұрасы мен басқа елдердің халықтарының байлығын игеріп, олармен өзара түсіністікке ұмтылатын, этносаралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілетті және дайын болуға ұмтылған адамгершілік құндылықтарды ұстанатын мәдени адамның тәрбиесі.

Адамзат тарихында бұл мәселені әртүрлі халықтар арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесінен гөрі күрделі, аса күрделі және күрделі деп табу өте қиын. Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан сияқты көпұлтты елде халықтар арасындағы қарым-қатынаста әлеуметтік нормаларды орнату өте қиын. Жаңа қоғамның мәніне сәйкес келетін жалғыз әдіс – халықтар достығына, республикадағы әр ұлттың мәдениетін дамытуға және олардың іргелі мұраттарының ортақлығына негізделген еркіндік, әділдік жолы. Бұл жолдан аздап ауытқудың өзі, ең жойқын салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Abstract. The article discusses: the conditions for the emergence of the concept of continuing education as one of the factors of the existence of a modern information society; the development of the fundamental ideas of this concept under the guidance of UNESCO; understanding the value of continuing education as an opportunity for professional improvement. Particular attention is paid to the fact that changes in the education system cause changes in society itself and people's consciousness, changes in value orientations. The author shows that as a result of the introduction of this concept, it becomes possible to ensure personal efficiency, labor mobility and competitiveness, regardless of circumstances such as gender, age, nationality, etc. In the context of globalization and Kazakhstan's entry into the zone of world higher education, there is a need to create a domestic model of education; the development of a mechanism for blended learning, the introduction of new educational technologies (distance, electronic, Smart technology, etc.,).

Keywords. Continuing education, UNESCO, self-education, self-development, competence.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

С. Н. Бағдатұлы
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
snurdaulet200@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ-алаш интеллигенциясының жер мәселесі бойынша жасаған еңбектері ашып көрсетіледі және олардың жер үшін күресі жан-жақты талданады.

Қазақстан Республикасының өзінің тарихының, мәдениетінің, мемлектінің болғандығын дәлелдеу. Жер - ол мемлекеттің негізі, оның мемлекет екендігін айқындайтын дәйек. Осы жердің, территорияның әділ бөлінуімен берілуін талап еткен көп азаматтардың ішінен көрнектілері Алаш партиясының қайраткерлері болды. Сол азаматтарды, олардың ұстанымдарымен позициясын қайта үлгі ету.

ТМД территориясында болып жатқан соңғы оқиғаларға, сырт елдердің геосаясаттық жалған ақпаратты таратуына және жас буынның көз ашқызуна байланысты жасылынған еңбек. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының тарихымен мемлекеттілігіне зардап әкелетін дезинформацияға толған мақалалар көбейуде. Жағдайлар одан әрі ушықпау мақсатында оның алдын алу.

Аз уақыт аясында ғана партияның билікте болғанына қарамастан, партия мүшелерінің жасаған еңбектері әлі күнге дейін маңыздылығы мен құндылығын жоғалтпаған. XX ғасырдың басынан басталып өз өмірлерінің соңына дейін алып келген күрестері ақиқат жолында болды, тарихи әділеттілік талап етілді. Қазіргі таңда бұл еңбектер біздің егемендігімізді дәлелдейтін, ауадай қажет, тарихи құжаттар.

Негізгі сөздер. Алаш, күрес, мемлекет, жер, ұлттық мәселе, қайраткер

XX ғасырдың басында Қазақстан аумағы алты облыстан тұрды. Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістан генерал-губернаторлығының, Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстары - Дала генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Ішкі(Бөкей) Ордасы Астрахан губерниясына, ал Маңғыстау - Закаспий облысына қарады. Осы XX ғасырдың басында, Столыпин реформасы бойынша, қазақ даласының шырайлы, бай әрі құнарлы жерлері православ крестяндарына беріле бастады. Бұл реформаға себепші болған жайт Рессей империясындағы ішкі және сыртқы саясатының әлсіреуінің салдарынан халықтың ашынуы. Соңғы жылдары Рессей империясы қажетсіз соғыстарға атсалысты, олар: орыс-жапон соғысы және I дүниежүзлік соғыс. Бұл соғыстар империяның онсызда әлсіз экономикасын одан әрі құлдыратты, халық көтеріле бастады.

Стольпиннің аграрлық реформасында Ресейдің ішкі аудандарындағы жер тапшылығын шешумен қатар, орыс шаруаларын көшіру арқылы шалғайдағы отар аймақтарды игеру көзделді. Шалғайдағы отар аймақтарға қоныс аударған шаруаларға үкімет тарапынан көмек көрсетілетін болды. Бұл іс Қоныс аудару басқармасына жүктелді. Қоныс аударушыларға шет аймақтарда жер бөлу жұмыстары жүргізілді. 1906 – 1915 жылдары аралығында Қазақстанда қоныс аударушылардың пайдасына қазақтардың иеліктеріндегі 21 млн. десятинадан астам шұрайлы жер бөлініп, қазақтар шөлейт, тастақты жерге қоныстана бастады. Стольпиннің аграрлық реформасы негізінде Қазақстанға 700 мыңнан астам орыс және украин шаруалар қоныс тепті. Осындай шаралар арқылы Столыпин орыс шаруаларын Қазақ жеріне қоныс аудару қозғалысына күшті серпін берді. Егер 1895-1905 жылдары Қазақ өлкесінің далалық облыстарына 294296 адам қоныстанса, ал 1906-1910 жылдар арасында қоныстанушылар саны 770 мың адамға жетп. 1897 жыл-ғы санақ бойынша Дала елкесінде орыстардың үлесі 20% құраса, ал 1917 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша олардың үлесі 42%-ға жетті. Түркістан өлкесінде орыс шаруаларының үлес салмағы 3,7%- дан 7,9% -ға дейін өсті.1893-1905 жылдары қазақтардан 4 млн. десятина жер тартып алынса, ал 1906-1912 жылдары 17 млн десятинаға, 1916 жылы 40 млн десятинаға, 1917 жылы 45 млн десятинаға жетті. Тартып алынған жерлер непзінен Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстарында болды. Бұл облыстардан 40,5 млн десятина, Жетісудан 4 млн десятина, Сырдария облысынан 500 мың десятина ең құнарлы жер алынды.

Осы реформаға ашық түрде қарсылық көрсеткен қазақ интеллигенциясы болатын. 1905 жылғы болған қанды жексенбі оқиғасынан кейін империя халқы көптеген көтерілістерге

барды. Нәтижесінде 1906 жылы 27 сәуірден I мемлекеттік дума құрылды. Дума мүшелерінің арасында қазақ депутаттары да орын алды. I және II Думаның (1906, 1907 жж.) қазақ депутаттарының алдында тұрған ең маңызды міндет – жер-аграрлық мәселе болды. Атап айтқанда, Ресейдің ішкі еуропалық гүбернелерінен миллиондаған жерсіз орыс және украин шаруасын қазақ даласынан жер үлесін беріп қоныстандыру саясатын Думаның қадағалауына алдырып, оны заң жүзінде тоқтату негізгі мақсаты болып табылған. Ресейдің либерал қоғамы сияқты «Алаш» қайраткерлері де, өркениетті Батыстың үлгі-өнегесімен үкімет жасақтауды патшаның құзырынан алып, Дума сайлауында басым дауыс алған партия не партиялар коалициясының құзырына тапсыру керек және ол үкімет императорға емес, өзін жасақтаған Дума алдында есеп беруге міндетті деп есептеді. Конституциялық-демократиялық халық бостандығы партиясының (*әрі қарай қысқаша кадет партиясы*) көсемі әрі Думаның 4 шақырылымдағы фракциясының жетекшісі, шешені Павел Милюков парламенттік көпшіліктің үкіметін құру жөнінде премьер-министр Петр Столыпинмен келіссөз жүргізіп те көрді. Ал екіншіден, Алаш серкелері Мемлекеттік Дума, Батыстың үлгісімен, Ресейдің жоғарғы заң шығарушы мемлекеттік билік тетігіне айналуға тиіс деп санады. «*Ресей бюрократиялық мекемелерге және либералды болса да министрліктер кабинеттеріне емес*, – деп жазды Алаш жетекшісі Ә.Н. Бөкейхан бір мақаласында, – *оның әлеметтік құрылымына лайық жалғыз нәрсе болып табылатын шынайы демократиялық мемлекетке айналдыратын түпкілікті өзгерістерге мұқтаж. Сонда ғана, тек сонда ғана Ресей шынайы демократиялық мемлекеттік құрылымға және халық өкілеттігі (Мемлекеттік Дума – парламент) алдында есеп беретін атқарушы билікке қол жеткізеді*» [1, 1-б.].



Ресейдің Конституциялық демократиялық «Халық бостандығы» партиясы депутаттарының фракциясы I Дума қуылғаннан кейін (оңнан солға қарай үшінші тұраған Ә.Н. Бөкейхан.). 9 шілде, 1906 ж. Териоки, Выборг, Финляндия. https://e-history.kz/media/upload/ckimages/01(14).jpg

Рессейдегі демократизімнің жалғыз көрінісі Мемлекеттік Думаға қазақ даласынан сайланған депутаттар – Ә. Бөкейханов, Ш. Қосшығұлов, А. Бірімжанов, Т. Нұрекенов, М. Тынышбаев, Б. Қаратаев , Т. Аллабергеновтер Дума мінбесін пайдаланып қалуға тырысты. Олар қазақ қоғамын эволюциялық жолмен дамытуды жақтады. Бұл зиялылардың көздегені тек әділеттілік болатын, сол мақсатпен I және II Мемлекттік Думаларда аграрлық реформаларды үлкен сынға алған. Оған дәлел Бақытжан Қаратаевтың 1907 жылы II Думада сөйлеген сөзі: « *Мырзалар, осыған дейін сіздердің ешқайсыларыңыз Далалық облыстарға қоныс аудару жайы*

туралы ауыз ашқан жоқсыздар. Бәлкім, Мемлекеттік Дума дархандық танытып, менің сөзімді ақырына дейін тыңдар. Мырзалар, менің шаруаларды Далалық облыстарға қоныс аудартудың жай-күйі жайындағы баяндамамды аяқтауыма мүмкіндігім қалмады, дегенмен менің айтарым - Мемлекеттік Дума өздері Ішкі Россиядағы помещиктер мүдделерін, осынау 130 мың помещиктің мүддесін қорғау үшін шаруаларды қоныстандыру арқылы қорлап отырған қырғыз-қайсақтардың әрдайым шаруалардың жерге деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатымен жеке иеліктегі жерлерді күштеп тартып алу ниетіндегі барлық оппозициялық фракцияларға аянышпен қарайтынын есте ұстайтын болсын. Дегенмен бүгінгі таңда шаруаларға орын босату үшін қырғыздарды жерлерінен ғана емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп, қуып шығып жатқанын түсініңіздер. Орыстың қарапайым еңбекшілері мен зиялылар қауымы жерімен қоса, үйінен, қора-қопсысынан қуылып жатқан сорлы қырғыз-қайсақтарды жәбірлеп жатқандарға қарсы шығып, қамқор қол ұштарын береді деп сенемін. Менің қолымда мұны дәлелдейтін қыруар деректер тұр, бірақ, өкінішке қарай, сөзімді аяқтай алмадым («Орал өңірі», 1990, 8 желтоқсан).» [2]

Нәтижесінде кейінгі Мемлекттік Дума сайлауына Орталық Азиядан депуттар қатыса алмайтындай қылып заң шығарды. Бірақ қазақ интеллегенциясы бұнымен шектеле қойғаны жоқ.

1913-1918 жылдары шығып тұрған « Қазақ » газеті либерал демократиялық бағыттағы ұлт зиялыларының көзқарасын білдірді. Газет редакциясында ұлт-азаттық қозғалыс көсемдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалар қызмет етті . Ұлт көш басшылары патша үкіметінің меншігіне қаратып алған жерлерді Қазақтарға қайтаруын талап етті, жерді сатуға қарсы шықты.



"Қазақ" газетінің 1914 жылғы 14 ақпан күнгі №50 саны "Қыр баласының" қазақтың дәстүрлі билер сотын қалпына келтіру қажеттігін айғақтап жазған "Би һәм билік" мақаласымен ашылады. http://bilim-all.kz/uploads/images/2015/03/26/original/023e794e4b6cd2bb91e485ad8e2046e1.jpg

Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітәби, әдеби, ғылыми айналымда қазақ атының өз аты аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан, туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында, қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Ахмет Байтұрсыновтың бұл жайында: «*Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық*» - дейді [3]. Осыдан аңғаратынымыздай, ұлт зиялалары газетті шығаруда ұлттың мүддесін басты орынға қойды.

Осы газет арқылы жер мәселесі жайлы көптеген мақалалар шығып, талқыланған. «Қыр баласы» бүркеншік атымен Әлихан Бөкейханов **«Үшінші дума һәм қазақ»** атты мақала

жазған. Онда думаға қазақ халқының атынан ешбір депутат сайланбағанын және өзге ұлттан сайланған депутаттардың қазақтың мәселесін қалай көтергенін жазған. 1891 жылғы «Степное положение» заңында «Қазақтың пайдасынан артық жерді қазына өз керегіне алады» деген нормаға бірнеше депутат қарсы шыққан. Думада **«*Қазақтың қазған арығы, салулы жоңышқасы, алма-мейіз салған бақшасы бұл закон бойынша, қазына пайдасына алынбасын*»** деп мәселе көтерген депутат Дзюбинскийдің де, Түркістаннан жер алынбасын деген Кадет партиясының көсемі Минюковтың да, «қазақ жыртқан жер өзінде қалсын» деген Астрахан депутаты Виноградовтың да ұсынысы жерде қалып, бірнеше рет кейін қайтарылған [4].



Үшінші дума һәм қазақ

Бірінші һәм екінші думада қазақ халқы облыс басынан бір депутат сайлаған еді. Бұл екі думада бірі жетпіс екі күн, бірі жүз үш күн тұрып қазақ халқының жұмысы кеңеске жеткей қуылды.

1907 жылы 3 июньде екінші дума қуылып, енді келер думаларды сайлауға "3 июнь законы" шықты. Бұл закон бойынша бүгін қазақ халқы депутатсыз қалды. Қазақ халқы надан, думада депутаттық бұған қол емес деді.

Сөйтіп, өткен бес жылда думада қазақ ісі бөтен халық сайлаған депутаттар қолында қалды. Осы бөтен халық депутаттары қазақ жері туралы 3 думада не сөйледі, не жұмыс қылды, осыны қысқартып жазалық.

Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал облысына қараған қазақтарға закон болып "25 март 1891 жылғы степное положение"[1] шықты.

Бұл законның 119 статьясында айтылған: "Көшпелі қазақ отырған жер – қазынанікі" деп. 160 статьясында айтылған "Бұл жер сроксыз көшпелі қазақ пайдасына болып тұрады" деп. Осы 120 статьяның қосымшасында айтқан: "Қазақтың пайдасынан артық жерді қазына өз керегіне алады", - деп, жоғарыда айтылған бес облыста қазақ жерін мұжыққа алғанда осы қосымшаға сүйеніп алатұғын.

Түркістандағы Самарқан, Ферғана, Сырдария облысының қазақтарына шығарған закон: "21 июнь 1886 жылғы Түркістанский крайлы билеу хақындағы шыққан положение"[2]. Бұл положениенің 279 статьясында қазақтан жер артылса, қазына өз пайдасына алады деген қосымша жоқ еді. Бұл закон бұрынғы күйінде тұрса Түркістанда қазақ жері мұжыққа алынбайтын еді, үкімет 279 статьяға қосымша деп 1911 жылы 3 думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді. "Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса қазына өз пайдасына алатын болсын" деп.

Осы закон думада сөз болғанда қазақ пайдасына қазан депутаты Мақсұдов, Забайкал депутаты 2 Волков, Уфа депутаты Тевкелев, Тобыл депутаты Дзюбинский сөйледі. Бұлардың сөзіне өбден миланып октябрист депутаты барон Мейендорф та бұл законға тас салмаймын деп қарысты. Думаның көпшілік жағы ортасынан шешендерін шығарып, бұл закон халыққа пайдалы һәм бұлай болуы әділшілік деп таласқан жоқ, бәрібір үндемей отырсақ та көптікпен бүктейміз ғой деп.

Дзюбинский: "тым болмаса қазақтың қазған арығы, салулы жоңышқасы, алмамейіз салған бақшасы бұл закон бойынша қазына пайдасына алынбасын" деді. Думаның көпшілігі осы түзулікті бүктемеде қалдырды. Сөйтіп, думаның көпшілігі көптігін қылып, жүйрік шешендері бүктеп 279 статьяға қосымшаны закон болсын деді.

Государственный Совет бұл законның хатында кемшілік бар деп, думаға қайта қайырды.

7 декабрьде 1911 жылда дума әлгі законды екінші рет қарастырды. Кадет партиясының көсемі Минюков Түркістаннан жер алам деген дұрыс емес деп тағы сайрады. Астрахан депутаты Виноградов қазақ жыртқан жер өзінде қалсын деп, законды Дзюбинскийше түзетпек болды. Көптігіне сеніп, сөз тыңдаған 3 дума емес, екінші қайтара 279 статья қосымшасы закон болсын деді.

Осылайша, Түркістан қазағына да Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал қазағының кебі келді. Енді Түркістанда қазақ жерін алғанда закон деп алады.

"Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады" деген осы-дағы.

Думада қазақ сияқты жетім жұрттар жайынан екі-ақ орында сөйлеу ретті келді: "бірі депутаттар қазаққа баса көктеп, зорлық қылып отырсын" – деп үкіметтен жауап сұрағанда, мұны орысша запрос дейді. Екінші қазақты айдап бағып жүрген министерствоның бір жылғы расходын дума бекітерде, мұны бюджет прениесі дейді.

1909 жылы бюджет прениесі болғанда һәм қазақ жерін мұжыққа алғанда чиновниктердің законнан тысқары қылған жұмыстарын беттеріне басып депутат Дзюбинский һәм Виноградов неше түрлі дәлел көрсетіп сөйледі. Бірақ қанша алтын сөз сөйлегенмен, бұл сөзді тыңдайтын үшінші думада құлақ жоқ, саңырау болып өте шықты.

1910 жылы бюджет прениясы болғанда қазаққа законнан тысқары зорлық қылуды әлі қойған жоқсыңдар деп депутат Дзюбинский сөйлеп еді, бұған үкімет мынадай жауап берді: бес-алты қазақты

«Қазақ» газетінің сриншоты
https://aikyn.kz/wp-content/uploads/2021/04/Снимок-экрана-2021-04-28-в-12.26.54.jpg
https://aikyn.kz/wp-content/uploads/2021/04/Снимок-экрана-2021-04-28-в-12.28.15.jpg

«Қазақ» газетінің редакциясының атынан **«Жер мәселесі»** деген мақалада қазақтың қажеті де, кемшілігі де жер мәселесі екенін жазған. Онда көпшілік жер деген сөзі жеңіл түсініп жүргенін және қазақ қала болмаса, бар жақсы жерінен айырылып қалатыны туралы ой тастаған. Қазақтың қала болуы турасында «Айқап» журналы да мәселе көтергенін жазған.

Ахмет Байтұрсынұлының «5 мың десятина жер» атты мақаласында Ресейдегі құрт ауруға қарсы қару егетін жамиғаттың Ырғыз уезіндегі жерден қымызхана ашуға қазақтардан рұқсат сұрағаны туралы жазылған. Олар бұл жерде үкіметтен сұрап алмақшы болған, бірақ ол жер қазақтардың пайдасында болған. Ол 5 мың десятина жерде 13 үйдің қыстауы болған: «*Ол қазақтар жерін алғанға разы ма, жоқ па? Беймағлұм. Бұл жер мұжықтарға алынған сықылды зорлықпен алынып жатқан шығар. Қазақтың жерін басқалар талап алып жатыр деп біздің де талау жолымен алғанымыз лайықсыз. Басқалардан қазақтың жері жылдан-жылға тарылып жатқанда біз де бір жағынан жырмалап жер аламыз дегеніміз жарамайды деп жамиғаттың кей ағзалары қазақтың жерін алуды мақұл көрмеген. Жерді алу-алмасы*

талас болған соң қай жағының сөзі дұрыс екенін ашу үшін Мәскеуден Орынборға бір адам келген», – деп жазды Ахмет Байтұрсынұлы [5].

А. Байтұрсынов қазақ шаруаларына жерді үкімет өз пайдасына қарай алады, кандай жолмен алады соны түсіндіруге тырысты. Зиялы қауым мен орыс школларында оқыгандар, қалалы жердің тұрғындары болмаса, кобіне қазақ шаруалары орыс тілін түсінбелі, білмеді Тілмаштардың өзі көп ретте дұрыс аударма жасай алмады. Сондықтан Ахмет атамыз патша буйрыктарын қазақшага аударып, олардың мән-жайын халыққа түсіндіруге тырысты және әкімшілік орындарында орыс тілін жетік білетін, түсінетін қазақ жұмыс істеу керектігін талап етті . Жерінен айырылып, «қыстайтуғын жаңа жерді общество бермей, отырарға орын таппай сандалып жүрген, орналасқан жерінен мұжық қуып отырған қазақтардың жағдайын біліп, осылардын бәрі қазақтың жол білмеген нашарлығының кесапаты. Қазақ пайдасындағы жердің арғынын алу турасында шыққан пизам, буйрықтарды ең әуелі білу керек», - дей келе, жер су турасындағы низамға түсініктеме беруге кадам жасайды [6. 10-11-бб.]. Сонымен бірге 9 маусымдағы заңның 12 пунктін түгел көшіріп, осы газетте жарияланган заң жобасын жер болу ісіне пайдалануды, түсінбеген заң болса, сұрауға шақырады.

Ахмет атамыз «Қазақ» газетіне жариялаган «Көшпелі һәм отырықшы норма» атты мақаласында переселен басқармасынан бастығы Галинін «қазақтардың артық жерін өздерінін келесімімен алып жатырмыз» және олардың отырықшы боламыз деп арыз бергендеріне 700 мындай десятина жер боліп бердік деген созінің шынлыққа жанаспайтындығын ашына жазды. «Отырықшы норма» деп қатарға беріп жатқан жерлердің бәрі құмды, сорлы, қиыршық тасты болып келетіндігін, ол жерге егін салып, мал ұстай алмайтындығын айта келе, «берушіге бес кеп, алушыға алты аз, жағымдысын ойландар» дей келе, үкімет әкімшілігінің алдауына түсіп калмауын өтінеді [7]. «Бүгінгі тойғанына мәз болып, ертенгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып койып, ертеғ тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан тартынбайды» деп қазаққа жерін сатпай сақтау жөнінде ақыл береді [8 , 17-6 .].

Қазақтын жерінің келімсектердің қолына кетуі ұлт зиялысы Мұхаметжан Тыныш- паевты қатты ойландырды. Ол қазақ жеріне қатысты шыққан ережені жарык көрес салысымен сынға алады. «Уақытша Ереженің» 125, 129 - баптары бойынша «пайдалануға жатпайтын және артык жерлерден өзге қазатардын үй, кора-копсылары, егін еккен жерлері жеке меншікпен бірдей» екенін айта келе, жақсы жерлер кетіп, қазақ барынан айырылып , осыдан тебелес , елім туатындығын келтіреді [9 , с . 154].

Мұхаметжан атамыз патша шенеуніктерінің жүгенсіздігін, қазақ халқының әдет-ғұрпын сыйламайтындығын ашық сынға алған. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, ондағы басқару жүйесі туралы, қазақ даласындағы толқулардың болуының басты себебін патша үкіметінің экономикалық езгісінен деп түсіндірді. Ол қазақ жерінің егіншіліктен гөрі мал шаруашылығына икемді екенін, алайда егіншілікпен айналысып отырғанын дәлелді фактілермен келтіреді. «Қазақтардын жер мәселесі сөзсіз аса маңызды. Жер одан әрі тарылып алына берсе және олардың мүдделері аяққа басылса, тыныштықтың сақталуы қиын» деп ескертеді. Патша үкіметінін нені кездеп отырғандығын ашық түсіндіруге тырысады . Оның ойынша, қыспаққа алу арқылы қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру [10 , 24-25 - бб .] .

Қазақ жерін сақтап қалу жолында ашық пікірталасқа шыққан қазақ зиялыларының арасында Мәмбетәлі Сердалин де, Райымжан Мәрсеков та, Жаһанша Сейдалин да, Бакытжан Каратаев та, Барлыбек Сырттанов жане тагы баскалар болды. Салыстыра карап отырсак , жерге катысты барлыгы да патша занын ашык сынга алған екен . Мәселен, Р. Мәрсеков «Қазак кайтсе жерге ие болады?» деген мақаласында казак жерін түпткілікті тартып алудан аман алып қалу жолын іздейді. Жер турасында кеңесіп, бір шетін шығару керектігін, яғни бас косу кажеттігіне ундейді [11. 30-31 - бб .].

Рессей империясында болым жатқан үлкен өзгерістерге байланысты, қазақ интеллигенциясы 1917 жылы сәуір айында Бірінші жалпықазақ съездін өткізді. Съездің нәтижесімен сол жылдың шілде айында «Алаш» партиясы құрылады. Партияның негізгі

мақсаты қазақ халқын демократияға, егемендікке және бейбіт өмірге алып келу болатын. 1917 ж. желтоқсанның 5 – 13 Орынборда Екінші жалпықазақ съезі өткізілді. Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды. Олардың ішіндегі ең негізгілері: қазақ-қырғыз автономиясын жариялау, милиция һәм Ұлт кеңесі (Үкімет) құру мәселелері болды. Екінші жалпықазақ съездінен кейін Алаш автономиясы құрылды. Бұл автономия небәрі үш жыл тарих алаңында болды. Автоноияның құлауына негізгі себептердің бірі Рессейде болып жатқан азаматтық соғыс болатын. Бұл соғыстың егі лагерінің астында қалған Алаш автономиясы нық позиция ұстап тұра алмады.

Кеңес жүріп жатқан кезде 11-қыркүйекте Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен Х. және Ж. Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, У. Танашев, Ә. Ермеков, А. Бірімжанов қатысқан Алашорданың төтенше мәжілісі өтеді. Онда қазақ автономиясын Алашорданың бір өзі басқаратыны, ал бұрынырақта (18-мамырда) батыс Қазақстандағы саяси жағдайға байланысты уақытша құрылған Ойыл уәлаяты таратылатыны шешілді. Оның онына жол қатынасы нашарлығымен соғыс жағдайы себебінен Алашорданың батыс бөлімшесі құрылды. Бұл болашақта шақырылатын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңында, бірауыздан құрылған автономия бар екенін Кеңеске қатысушыларға көрсету болатын.

23-қыркүйектегі Кеңестің соңғы күнінде Уақытша Бүкілресейлік үкімет — Директория жарияланды. Бірақ бұл Директория өзі жойылардан аз ғана бұрын 4-қарашада шыққан бұйрығымен, бөлінбейтін Ресейді қалпына келтіру үшін барлық облыстық үкіметтермен бірге Алашорданың орталық үкіметін таратып, оның облыстық, уездік ұйымдарын ғана қалдырды. Орнына мәдени-тұрмыстық мүдделерді басқаратын Бас Уәкілдік қызметін енгізді.

Бас Уәкілдік мәселесі 18-қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде өзін «Жоғары Билеуші» деп жариялаған адмирал Колчак кезінде қаралды. «Николайдың заманы мен тәртібі келген уақытта да» қазақ зиялылары көздеген мақсатынан таймады.

Колчак үкіметі Бас уәкілдің міндеті туралы Ережені талқылап, оған керекті материал жинау үшін қазақ даласына өз өкілдерін жіберді. 2-мамырда Семейге келген Ішкі Істер Министрлігінің өкілі Г. Малахов, аталған мекеменің Алашорда тағдыры туралы жоспарын бір топ қазақ интеллигенттеріне таныстырады.

1919 жылы 6-мамырда А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, Р. Мәрсеков, А. Қозбағаров, С. Дүйсембинов, Х. Ғаббасов өлкені басқару туралы жаңа Ережеге өз көзқарастарын білдіріп, Ішкі Істер министрлігінің «Бұратаналар» бөліміне Семейден хат жолдайды. Онда ұлттық-территориялық автономия құру туралы шешім қабылдаған II жалпықазақ сьезі, 1917 жылдың өн бойында өткен облыстық сьездердің қорытындысы болғанын, сол съезд шешіміне қарай қажетті жағдайларда әрекет жасағандарын (Ресей мемлекетін қалпына келтіру үшін Кеңес үкіметіне қарсы ортақ күреске қосылғандарын) сондықтан да қазіргі ауыр жағдайда Ресей мемлекетін қалпына келтіруге кедергі келтірмес үшін ұлттық мүддені қоя тұрып, Уақытша Бүкілресейлік Өкіметтің 1918 жылғы 4-қарашадағы бұйрығына көніп отырғандарын, бірақ бұл жарлықтағы қазақ өлкесін басқаратын арнайы органның құрылуы туралы ереженің кешігуі, қазақ халқын алаңдатып тұрғаны айтылды.

Одан әрі хатта, бұл мәселені шешуді жолсапарға өз өкілдерін жіберу арқылы емес, Омбыдағы үкіметпен келіссөз жүргізіп жатқан Алашорда өкілдері пікіріне жүгіну жолымен шешу дұрыс болатыны ескертілді. Сондай-ақ, хат иелері қазақ халқын басқару туралы Малахов әкелген жоспар-жобаға байланысты өздерінің мынадай ұсыныстарын да көрсетті:

1) Бас уәкілдік туралы. Алаш автономиясын құрайтын қазақ облыстарын басқаратын Бас уәкілдік жекелеген бір министрлік өкілдігі болмауы керек, ол қазақ халқын ұлттық басқару органы болуы тиіс. Сондықтан Бас уәкілдік Ішкі Істер министріне тәуелсіз болып, тек Министрлер Кеңесіне ғана бағынуы керек. Сонымен қатар Бас уәкілдіктің жанында жолдастарымен (орынбасар) қоса, Кеңес құрылуы тиіс.

2) Жергілікті жерлердегі басқару туралы. Бұл басқару ұлттық принципке негізделіп, облыстық әкімшілік және милиция басқармасы қазақ ұлттық басқару органына бағынсын. Ол үшін облыс-уез, болыстарда тікелей Бас уәкілдікке бағынатын ерекше органдар құрылуы қажет. Біздегі земство түрінде ойлайтын, өзін-өзі басқару органдарына келсек, қазіргі

облыстық, уездік земстволар (барлық ұлтқа ортақ) сол күйінде қалып, ал болыстық земстволар қазақ, орыс халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің өзара айырмашылығы жер мен көктей болғандықтан, қазақтардікі орыс халқынан бөлек болғаны жөн. Болыстардағы әкімшілік органы земство мекемелеріне қосылып, оның міндеті земстволық бір мүшесіне жүктелсін.

3) Жекелеген мәселелер туралы. Діни істермен айналысатын жоғары инстанция — Бас уәкілдік жанындағы Кеңес болып, ол діни лауазымдары бар адамдармен толықтырылып отырса. Орыс бодандығындағы қазақтардың, шекаралас шет мемлекеттермен байланысы туралы істеріне қазақ ұлттық басқармасынан да адам қатыстырылуы қажет деп санаймыз.

Колчактың қазақ даласын басқаратын Бас уәкілдік тағайындау туралы жаңа Ережені жаңғыртқан әрекеті алайда жүзеге асқан жоқ. Мұның себебі, бір жағынан күннен-күнге жеңіліске ұшырап жатқан Ақ Армиядағы сәтсіздіктер болса, екінші жағынан ұлттық қозғалыстарға жауыға қарайтын орыс үкіметтеріне тән қасиетті бойына сіңірген Колчак билігінің өзінен болды.

Алашорда сонымен бірге Кеңес үкіметімен байланыс жасауға тырысты. Халел және Жанша Досмұхамедовтер Ленин, Сталинмен, сондай-ақ Халел Ғаббасов ұлт ісі жөніндегі халық комиссары Сталинмен келіссөз жүргізді. Мұның нәтижесі — аутономияның мәдени мұқтажына орталықтың көмегі, бүкілқазақтық құрылтайды шақыру, өлкеде азаматтық бітімге келу туралы уәделер болды.

Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін ешуақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комиеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді.

Бұдан кейінгі Қазақстанның саяси тарихы бәрімізге белгілі. Алдымен 1920 жылы құрылған Қазақ Кеңестік Автономиялық социалистік республикасы, кейіннен 1936 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы болған тұсында қазақтар отаршылдық қамытынан қол үзген жоқ. Қазақ халқы өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын, саяси санасын жоғалту алдында тұрды. Өз тілінен жеріген ұрпақ пайда болды, мәңгүрттік пайда болды

Міне, қарап отырсақ. XX ғасыр басында аграрлық маселенің шешімін табуда әрбір қазақ азаматтары ездігінше күресіп, жерге қатысты кезқарастарын, ой-тұжырымдарын мерзімді баспсөз арқылы жариялап, Дума мінбері аркылы білдірген. Көз ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылары осындай жолмен атадан балаға мирас болып келе жатқан қазақтың жерін сақтап қалуға, келесі ұрпаққа қалдыруға ұмтылуы ерлік іспеттес .

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлихан Бөкейхан. Энциклопедия / Бас ред. Ж. Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 16 б.

2 Қыр баласы. Дума һәм қазақ. //»Қазақ», 1913.23.07, № 23. Орынбор. – 1 б.

3 Қыр баласы. Дума һәм қазақ. – Орынбор: «Қазақ», 1913.12.04, № 10.

4 V. Ненужное генерал-губернаторство. // «Сибирскіе вопросы», №№ 45–46, 1908 г. СПб.

5 «Қазақ» газеті. / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.

6 Байтұрсынов А. Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындагы низамдар , буйрыктар // Айкап 1911. - №о9.

7 Кешпелі һәм отырыкшы норма // Казак . 1913. №20 . 29 июнь.

8 // Айкап . - 1911 . - №2.

9 Петергофское совещания о проекте Государственной Думы - Петроград . 1917.

10 Тынышпаев М. Из истории казахского народа . -Алма - Ата , 1993.

11 Марсеков Р. Казак кайтсе жерге ие болады ? // Айкап . - 1912. - №2.

Деятели Алаш и земельный вопрос

Багдатулы С. Н.

Аннотация. В данной статье раскрываются труды казахско-алашской интеллигенции по земельному вопросу и всесторонне анализируется их борьба за землю.

Доказательство существования Республики Казахстан своей истории, культуры, государства. Земля-это основа государства, определяющая, является ли оно государством. Из многих граждан, которые требовали справедливого распределения этой земли, территории, наиболее видными были деятели партии Алаш. Переформулировать тех граждан, их позицию и позицию.

Зеленый труд, связанный с последними событиями, происходящими на территории СНГ, распространением зарубежными странами геополитической дезинформации и откровением молодого поколения. В последние годы все чаще появляются дезинформационные статьи с историей Республики Казахстан, которые наносят ущерб ее государственности. Предотвращение ситуаций с целью их дальнейшего обострения.

Несмотря на то, что партия была у власти лишь в течение короткого времени, труды членов партии до сих пор не утратили своей значимости и ценности. Борьба, начавшаяся с начала XX века и приведшая к концу своей жизни, шла по пути истины, требовала исторической справедливости. В настоящее время эти труды являются необходимыми историческими документами, доказывающими наш суверенитет.

Ключевые слова. Алаш, борьба, государство, земля, национальный вопрос, деятель

Figures of Alash and the land issue

Bagdatuly S. N.

Abstract. This article reveals the works of the Kazakh-Alash intelligentsia on the land issue and comprehensively analyzes their struggle for land.

Proof of the existence of the Republic of Kazakhstan of its history, culture, state. The land is the basis of the state, which determines whether it is a state. Of the many citizens who demanded a fair distribution of this land, territory, the most prominent were the figures of the Alash party. Reformulate those citizens, their position and position.

Green work related to the latest events taking place on the territory of the CIS, the spread of geopolitical disinformation by foreign countries and the revelation of the younger generation. In recent years, disinformation articles with the history of the Republic of Kazakhstan, which damage its statehood, have been increasingly appearing. Prevention of situations with a view to their further aggravation.

Despite the fact that the party was in power only for a short time, the works of the party members have not yet lost their significance and value. The struggle that began at the beginning of the XX century and led to the end of his life, followed the path of truth, demanded historical justice. At present, these works are necessary historical documents proving our sovereignty.

Keywords. Alash, struggle, state, land, national question, activist

ЦИФРОВАЯ ЭКОНОМИКА: НОВАЯ АРХИТЕКТОНИКА БИЗНЕСА И ТРАНСФОРМАЦИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ

Бағдат А.Б
Карагандинский университет Казпотребсоюза, Казахстан
aruzhan.21@internet.ru

Аннотация. В данной статье рассмотрены основные аспекты понятия «цифровая экономика», её характерные черты. Кроме того, определено понятие «цифровая экономика» с нормативной точки зрения и научной трактовки, указаны её базовые состовляющие. Определено нормативно-правовое регулирование цифровой экономики в Республики Казахстан, задчи и цели, поставленные перед ее развитием в нашем государстве. Уточнена характеристика цифровой экономики, основу которой оставляет торговля с помощью Интернета. Выявлено роль цифровой экономика, как фактора инвестиционного и инновационного роста. Особый акцент сделан на развитии цифровой экономики современного Казахстана. Выявлены подходы Казахстана к развитию цифровой экономики, проанализированы пути ее создания в Казахстане. Значительное внимание уделено исследованию показателей современного состояния циф-ровизации Казахстана в соответствии с показателями ежегодных международных рейтингов. Выделены проблемы, препятствующие цифровизации экономики страны. Проанализировано состояние развития информационно - телекоммуникационных технологий в мире. Выявлены основные перспективные направления развития цифровой экономики а Казахстане. Так же выполнен образ развития цифровой экономики в мире и в Казахстане, выявлены риски и угроза развития цифровой экономики, а так же предложены направления их предоления.

Сегодня новые цифровые технологии, инновационные бизнес-модели проникают во все сферы хозяйственной жизни общества, оказывая влияние на саму суть экономики, формируя в ней качественные структурные изменения. Уровень развития цифровой экономики тесно коррелирует со страновой конкурентноспасобностью, что требует особого внимания государства и бизнеса к ее развитию.

Ключевые слова. Цифровая экономика, стратегия развития, коммерческие операции, интернет-экономика, информация, инфраструктра, информационно-телекоммуникационные технологии.

В современном мире цифровые технологии играют все более важную роль в развитии экономики стран. Уже сегодня более 40% населения планеты имеет доступ к Интернет. Цифровые технологии дали ряд примуществ-упрощение доступа населения и бинеса к государственным услугам, ускорение обмена информацией, появление новых возможностей для ведения бизнеса, создание новых цифровых продуктов и т.д.

Основной цель государственной программы «Цифровой Казахстан» - прогрессивное развитие цифровой экосистемы для достижения устойчивого экономического роста, повышения конкурентноспособности экономики и нации, улучшения качества жизни населения.

В последнее время как в экономической теории, так и на практике сформировалась концепция цифровой экономики, что привело к развитию цифровых технологий на основе информационной революции и процессов глобализации в начале XXI века. Информация в оюществе и экономических процессах стала ключевым ресурсом. В руках человека оно становится знанием, а социально-экономические отношения все больше смещаются в киберфизическое пространство. В настоящее время к основным технологическим трендам в области цифровизации экономики и ее отраслей можно отнести массовое внедрение различных цифровых технологии: Интернета вещей, технологий искуственного интелекта и активного использования больших данных, роботизацию, автоматизацию и интеграцию процессов управление производстовом. В единую киберфизическую информационную систему. Поэтому сегодня в Казахстане, как и во многих зарубежных странах, направление на создание цифровой экономики, цифровизацию промышленности, инновационных экосистем. Цель развития цифровой экономики в Казахстане – повышение качества жизни, обеспечение конкурентоспособности страны и национальной безопасности.

Некоторые лица используют сегодня технологии для простоговыполнения существующих задач на компьютере, цифровая экономика более развита. Это не просто

использование компьютера для выполнения задач, традиционно выполняемых вручную или на аналоговых устройствах. Цифровая экономика подчеркивает возможность и необходимость для организаций и частных лиц использовать технологии для выполнения поставленных задач лучше, быстрее и тачсто иначе, чем раньше.

Информация – это особый товар (экономическое благо), приобретающее форму информационных продуктов и услуг. В условиях экономики цифрового типа информация, выступая ценнейшим ресурсом, формируется, хранится, передается и обрабатывется посредством информационно-коммуникационных технологий. В более общим смысле в цифровой экономике следует относить такой тип экономических систем, в котором преобладающая часть национального продукта обеспечивается видами деятельности, так или иначе связанными с производством, обработкой, хранением и распростронением информации.

Цель Казахстана на 15-20 лет – стать одной из ведущих экономик мира за счет цифровой трансформации традиционных отраслей и развития независимой и конкуретноспасобной цифровой индустрии. Таким образом, исследования и практические результаты подтверждают, что важным направлением повышения эффективности экономики является внедрение цифровых технологий в различные отрасли экономики, опережающее развитие высокотехнологичных производств, формирорвание эффективных инновационных систем. Кроме того, в настоящее время рассматриваются умные технологии, умные цифровые двойники и экосистемы. Поэтому основной целью цифровой экономики является учет внешних глобальных вызовов, в том числе распростронение пандемий и углубление рецессий, изучение устойчивого развития экономических систем, изучение цифровой экономики и цифровой трансформаций промышленности разработка рекомендаций и подведение практических раезультатов. Проведен анализ ситуации. Получение опыта в области инновационных систем, управления качеством, финансово-экономической и информационной безопасности, внедрения цыфровых технологий, а также подготовки инженерно-экономических кадров.

Процесс оцифровки следует рассматривать в широком и узком смысле. Первый – совершенствование многоаспектных организационно-технологических процессов массового применения новых цифровых технологий в производстве и управлении с целью снижения затрат и повышения скорости бизнес-процессов. Во-вторых, в более узком, техническом смысле, он означает переход от аналогичной формы передачи, обработки и представления данных (информации) к цифровой форме, которая осуществляется с использованием соответствующих технологий и платформ. Согласно экономической логике, приемущества цифровизации определяются следующими факторами эффективности:

ускорение использования предприятиями новых рыночных возможностей за счет прямых цифровых сигналов из внешней среды;

повышение качества обслуживания клиентов за счет упрощения и снижения стоимости сбора данных для персонализации запросов и поддержания с ними регулярной связи;

расширение возможности оптимизации бизнес-процессов (минимизация задержек), а также их упрощение и ускорение за счет цифровых устройств;

увиличить целевую аудиторию и географический охват предприятия за счет использования цифровых каналов и всех форм их точек подключения.

Эти факторы имеют тактическое значение и часто характерны для предприятий, переходящих на использование цифровых технологий в производстве и реализации продукции.

По темпам цифровизации экономики и общества Казахстан не отстает от стран лидеров, о чем свидетельствуют высокие рейтинги в сфере электронного правительства, разработки программного обеспечения, законодательства. В то же время известно, что при быстром развитии процесса, когда отсуствуют ограничения на разработку и использование различных организационных схем и продуктов, в несколько раз возрастают различные риски, приводящие к искажению исходных целей. Поэтому необходимо учитывать прямую связь между цифровизацией производственных процессов и соответствующим

совершенствованием аналоговой состовляющей (организационной структуры, обучения, методик и инструкций). Драйверами роста в цифровой экономике являются люди, обладающие знаниями и заданиями цифровой экономики. Поэтому перед возобновлением использования цифровых технологий на предпреятии необходимо проанализировать бизнес-процессы, определить экономическую эффективность цифровизации, разработать логику внедрения новых технологий, определить ключевые бизнес-задачи по трансформации производства и управления. Качественное и систематическое образование является необходимой основой цифровизации предприятй, так ка сама обработка и анализ данных занимает менее 20% времени и усилий, а остальные 80% приходится на бизнес-анализ и подготовку данных (оцифровку). Качество оцифрованных данных, подготовленный персонал, приоритет многоуровневой связи и координация со стороны государства определяют успех цифровизации. Мы понимаем, что развитие цифровой экономики неминуемо будет сопровождаться трансформационными процессами в различных областях и постепенно сформирует новую образовательную экосистему, которая будет состоять не только из школ, техникумов, университетов, но и из принципиально новых элементов – таких как глобальные онлайнплатформы, различные городские образовательные форматы или сообщества практик11. В связи с этим действующие образовательные организации могут стать ключевыми звеньями в образовательной системе и существенно расширить свои текущие функции. Мы предполагаем, что для эффективной работы в условиях цифровой экономики высшим учебным заведениям потребуется несколько отойти от привычной модели функционирования, не только модернизируя и совершенствуя текущие формы образовательной деятельности, но и существенно расширив сферу своих услуг с помощью внедрения принципиально новых образовательных форм.

Современная цифровая трансформация экономики невозможна без развития инновационных знаний, компетенций6 сетвого взаимодействия. Технологическая модернизация экономических процессов обусловливает изменение запросов общества к профиссиональным и лчным качествам человека. В нстоящее время каждый специалист, желающий быть успешнымв организации, должен обладать особыми «цифровыми» компетенциями. Ключевым фактором цифровых преобразований становится развитие цифрового образования и культуры, модернизация стратегии и формата образовательных программ. Переход на цифровую модель экономического развития предпологает высокую концентрацию накукоемкого производства, знаний, компетенций,технологий. Разнообразие новых терминов, употребляемых в научных и публицистических работах, посвященных цифровым технологиям, приводит к сложностям в понимании сущности явлений цифровой экономики.

Как видим, переход к цифровой экономике рано или поздно потребует существенной трансформации отжившей себя индустриальной системы образования. На данный момент различные страны по-разному реагируют на предстоящие изменения: одни придерживаются политики законодательного замедления развития технологий, другие – наоборот, стимулируют создание рабочих мест нового типа. На наш взгляд, разумной стратегией будет являться соблюдение баланса между законодательным регулированием распространения технологий и реализацией проактивных мер по стимулированию создания необходимой экосистемы, которая позволит безопасно и с подготовленными ресурсами встретить все задачи и вызовы цифровизации.

Высокий уровень развития цифровой грамотности, спасобность к использованию и трансформации цифровых компетенций рассматриваются исследователями как цифровая зрелость. Этот термин применим не только к отдельному человеку, но и социальной группе, экономическому институту. Таким образом, можно говорить о цифровой зрелости человека и цифровой зрелости предприятия.

Термин «цифровые лидеры» применяетсяк ведущим компаниям в цифровой экономике, которые обладают возможностями цифровой трансформации внутренных процессов,

инфраструктуры бизнеса и разработки новой стратегии. Все это влечет за собой необходимость трансформации и компетенций.

В рамках четвертой индустриальной революции необходимо объединить усилия государства и общества для создания возможностей для развития Казахстана в соответствии с национальными интересами путем правильного прогнозирования направления цифровой эволюции. Казахстану чрезвычайно важно повышать свою вовлеченность в вопросы цифровизации и развивать уникальные возможности, которые сделают его экономику более привлекательной в ходе развития глобальных производственных процессов. Готовность страны к будущему определяют масштабность и структура производства, а также сильные движущие силы, способные ускорить процесс трансформации.

Сегодня превыше всего начинают цениться знение и информация6 умение их преподнести, своевременно обработать и воспользоватся ими. Меняется сам характер труда и трудовых отношений. Все чаще бизнес-процессы уходят в онлайн, причем касается это всех сфер жизни общества.

В современном Казахстане активно возрастает роль передовых технологий и инноваций в развитии национальной экономики. Традиционные подходы и методы работы трансформируются по мере того, как новейшие технологии проникают в новые отрасли и сферы человеческой деятельности. Экономика Казахстана активно переходит на новый уровень цифровизации. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в октябре 2019 года на заседании Высшего Евразийского Экономического совета в Ереване призвал государства членов ЕАЭС сосредоточиться на цифровизации экономик. «Особое внимание предлагается уделить созданию привлекательных условий для развития передовых технологий. Основа успешных экономик — это наукоемкие технологии, которые способствуют освоению передовых методов производства и выпуска конкурентоспособной продукции. Поэтому приоритетным направлением должна стать цифровизация экономик наших стран». Дальнейшая интеграция цифровых технологий будет иметь для страны решающее значение. Без этого Казахстану будет сложно войти в список 30 наиболее конкурентоспособных экономик мира и повысить благосостояние населения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Сборник, «Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики», 2020 г
2. Послание Президента РК 2018 года
3. Волкова А.А., Плотников В.А., Рукинов М.В. Цифровая экономика: сущность явления, проблемы и риски формирования и развития. *Управленческое консультирование*. 2019;(4):38-49.

«Цифрлық экономика: Жаңа бизнес архитектоникасы және құзыреттерді трансформациялау»

Бағдат А.Б

Аннотация. бұл мақалада «цифрлық экономика» ұғымының негізгі аспектілері, оның сипаттамалық ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, «цифрлық экономика» түсінігі нормативтік-құқықтық тұрғыдан және ғылыми тұрғыдан түсіндіріліп, оның негізгі құрамдас бөліктері көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы цифрлық экономиканың құқықтық реттелуі, оны дамытудың біздің мемлекетімізде алға қойған міндеттері мен мақсаттары айқындалған. Интернет арқылы сауда негізін құрайтын цифрлық экономиканың сипаттамалары көрсетілген. Инвестициялық және инновациялық өсу факторы ретінде цифрлық экономиканың рөлі айқындалды. Қазіргі Қазақстанның цифрлық экономикасын дамытуға ерекше назар аударылады. Қазақстанның цифрлық экономиканы дамытудағы тәсілдері айқындалып, оны Қазақстанда құру жолдары талданды. Жыл сайынғы халықаралық рейтингтердің көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстанның цифрландырудың ағымдағы жай-күйінің көрсеткіштерін зерделеуге көп көңіл бөлінеді. Ел экономикасын цифрландыруға кедергі келтіріп отырған мәселелер айтылды. Әлемдегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың даму жағдайы талданады. Қазақстанда цифрлық экономиканы дамытудың негізгі перспективалық бағыттары айқындалды. Сондай-ақ әлемдегі және Қазақстандағы цифрлық экономиканың даму имиджі жасалды, цифрлық экономиканың дамуына қауіп-қатер мен қауіптер айқындалды, сондай-ақ оларды еңсеру бағыттары ұсынылды.

Бүгінгі таңда жаңа цифрлық технологиялар, инновациялық бизнес-модельдер қоғамның экономикалық өмірінің барлық саласына еніп, экономиканың мәніне әсер етіп, ондағы сапалы құрылымдық өзгерістерді қалыптастырады. Цифрлық экономиканың даму деңгейі елдің бәсекеге қабілеттілігімен тығыз байланысты, бұл оның дамуына мемлекет пен бизнестің ерекше назар аударуын талап етеді.

Негізгі сөздер: цифрлық экономика, Даму стратегиясы, коммерциялық операциялар, интернет-экономика, ақпарат, Инфрақұрылым, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар.

«Digital economiy: new business architectonics and transformation of competences»

Bagdat A.B.

Abstract. this article discusses the main aspects of the concept of "digital economy", its characteristic features. In addition, the concept of "digital economy" is defined from a regulatory point of view and scientific interpretation, its basic components are indicated. The legal regulation of the digital economy in the Republic of Kazakhstan, the tasks and goals set for its development in our state are determined. The characteristics of the digital economy, the basis of which is trade via the Internet, are clarified. The role of the digital economy as a factor of investment and innovative growth is revealed. Particular emphasis is placed on the development of the digital economy of modern Kazakhstan. The approaches of Kazakhstan to the development of the digital economy are identified, the ways of its creation in Kazakhstan are analyzed. Considerable attention is paid to the study of indicators of the current state of digitalization of Kazakhstan in accordance with the indicators of annual international ratings. The problems that hinder the digitalization of the country's economy are highlighted. The state of development of information and telecommunication technologies in the world is analyzed. The main promising directions for the development of the digital economy in Kazakhstan have been identified. The image of the development of the digital economy in the world and in Kazakhstan was also made, the risks and threats to the development of the digital economy were identified, and directions for their overcoming were also proposed.

Today, new digital technologies, innovative business models penetrate into all spheres of the economic life of society, influencing the very essence of the economy, forming qualitative structural changes in it. The level of development of the digital economy is closely correlated with the country's competitiveness, which requires special attention of the state and business to its development.

Keywords: Digital economy, development strategy, commercial operations, Internet economy, information, infrastructure, information and telecommunication technologies.

СЕКЦИЯ: «ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМИ В ТЕХНИЧЕСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ: ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРАКТИКИ»

FOCUSING ON LISTENING SKILLS DEVELOPMENT OF NON-LINGUISTIC DEPARTMENT UNDERGRADUATE

E. K. Sartbayeva, Z. M. Ainabayeva
Satbayev University,Almaty, Kazakhstan,
e.sartbayeva@satbayev.university

Abstract. The article is devoted to the issues of foreign language training of students of non-linguistic specialties in the framework of teaching listening as one of the most significant components of professional communication in a foreign language in business and academic fields. It also describes the subject of applying Internet resources in English classes, which contribute to the development of listening skills. The focus is given on the aspect of improving listening skills of bachelor students of non-linguistic faculties. The article concludes about the effectiveness of the formation of listening skills in students of non-linguistic specialties and its positive impact on student' motivation for further learning a foreign language.

Keywords: teaching English; Internet resource; listening skill; authentic material; audio material; audiotext.

Modern linguodidactics requires foreign language teaching to be associated with the development of the of the characteristics of a multicultural linguistic personality among students, who are ready and able to communicate in various international situations. For the flourish of country's economy, the role of technical universities multicompetent graduates is obvious.

The main objective of academic discipline "Foreign Language" at a technical university is to enhance students' communicative competence in foreign languages on a professional level. The process of solving various scientific and professional problems requires social interaction among specialists.

Development of students' foreign language competencies is a strategic objective of Satbayev University, which is positioning itself as the leading technical institutions providing global labor market needs. The development of the mentioned above competences in teaching foreign language to students are impossible without developing skill in various types of speech activities, particularly listening involves perception, understanding, interpretation of information in an oral message, that is the most important. [1].

To develop listening skills, authentic materials such as audio and videos that help to create a realistic atmosphere, providing visual representation of culture and traditions of target language are suggested. and contributing to the formation of students' personal attitude to the presented material. Since the visual-associative function of the brain is more active among modern students, which is associated with better assimilation of visual information, this article suggests working with video materials.

Listening as a skill to develop in teaching a foreign language was not considered enough in the methodological literature [7]. This was explained by the fact that listening skill develops in students through their immersion in the language environment and practice, during doing grammatical, lexical, and phonetic activities [8, 9]. Nowadays, representatives of society need to develop a high level of proficiency in listening process, because of necessity of understanding, what they are told in English in person, at business meetings, on television, in the theater, while watching a movie, traveling to foreign countries, listening to audio recordings, etc. [4, 5].

Listening is the most challenging skill in mastering the English language. This problem is explained by overcoming such factors as the nature of the language material, presentation conditions, semantic content, sources of information, as well as individual characteristics of both the speaker (manner of speech, pace, accent) and the listener, their auditory experience, and many others [5].

Listening, on the other hand, is an effective instrument for teaching a foreign language, since it facilitates to the assimilation of the lexical composition of the language and its grammatical structure, makes it possible to master the sound side of the studied language, its phonemic composition and intonation: rhythm, stress, melody. In one of his latest publications, M. Rost described listening as a necessary type of speech activity, because it provides the listener with information. Without understanding the information, no learning can begin [10].

It should not be forgotten that listening, as well as speaking, provides the opportunity of communication in a foreign language. Without mastering the ability to distinguish foreign speech by ear, conversation with representatives of other cultures is impossible at all.

Unfortunately, with a few academic hours of English per week, teachers are not able to pay enough attention to the development of students' listening skills. Thus, increasing emphasis is put on independent work, which became possible due to the emergence of Internet resources. We are suggesting some examples of them and consider some of them in more details:

1. **TED (Technology, Entertainment, Design)** is a universal online platform with many conferences of leading experts and main specialists within side the discipline of science, art, culture, entertainment, business, design, politics, global issues, and technology. The idea of the conference is to disseminate unique and specific ideas ("ideas worth spreading") [12]. Recordings of the most interesting and professional speakers can be found on the official TED.com website. There are more than 1000 selected lectures with translations into different languages are available on the websites and what is valuable is that all videos posted are free for usage [11].

The algorithm for working with the given site is that it suggests the following scheme: "sound - text - sound". First, students are invited to watch a video without subtitles and catch the main idea. This is followed by a detailed analysis of the text with the help of the sub/titles provided, as well as, if the teacher suggests, with the focus on additional exercises on vocabulary and grammar. After that, the video is watched again, during which auditory-visual synthesis turns up, synchronic broadcasting of sound and image (with subtitles or with a test), which contributes to the enhancing of skills and abilities of listening to speech and motivates oral-speech communication of students during further discussion on the video material.

2. Ororo.tv [13] is a site that provides access to the latest series and some movies with subtitles in various languages, which can be turned on and off at the request of the viewer.

As Malinina I.A. states that watching movies and TV shows in the original is of great importance in the process of teaching foreign languages, since it is based on one of the main methodological principles - the principle of visibility. While watching a video film, all types of speech activity are involved. As you know, seen and heard information is remembered five times better than just heard [3].

Watching authentic videos is also an effective means of increasing a student's motivation to learn a foreign language, as they demonstrate the functioning of the language in the form accepted by its native speakers in a natural social context, introduce the norms and rules of communication and behavior, show various types of relationships and illustrate the language of facial expressions and gestures. Video is a unique tool for teaching speaking and communication in foreign languages [2].

3. BBC Podcasts [14]. BBC radio stations have a wide range of topics that, in the absence of subtitles, would be useful to listen to in the background, which will put the listener in a state of 'flow' and create the illusion of 'total immersion' in an authentic environment. Due to the feeling of a 'flow' state, the forgotten knowledge of grammar and vocabulary begins to activate on its own, and the melody of the language itself is captured, which is also important when teaching speaking.

It is worth noting here that in such radio programs as, for example, **BBC Learning English - 6-Minute English** [15], the podcast hosts are native speakers, so it is possible to listen and learn a living language, in the form in which it is used by ordinary residents of English-speaking countries, that is, authentic material is used.

Podcasts are divided into 3 levels: the first one is for beginners (elementary), the second one is for students with average knowledge of English (lower intermediate and intermediate), the third one is for students with above average knowledge (upper-intermediate). The advantage of the BBC Learning English project is that the rate of speech of voiced dialogues is different, depending on the

level of language proficiency. In 6-Minute English, there are inserts from dialogues in English from BBC correspondents, in addition, there are explanations of new English words, phrases and expressions. You have to keep in your mind that all explanations are given in English only. Moreover, scripts are attached to the podcasts (text version of the transmission).

4. Linguahouse.com is the site provides self-study section where students can focus on necessary skills to develop, our suggestion is a big variety of materials for developing listening skill. The provided materials are mostly free of charge and available to different levels and they cover different topics which is quite attractive for learners. Students can easily navigate on the site and find whatever they want. In listening section students can find not only audio but also video materials and attached developed tasks for them in a different mode. One of the aspects to focus is that here students can find answer keys as well which can help them to do self-checking after completing task, that is convenient because they don't need to wait when teacher check and as well work further to deal with mistakes and correct themselves these all help to track learners' achievements [16].

It should be emphasized that many foreign language learners do not realize that when they listen to their native speech, in fact, they do not listen to every word, moreover, they underestimate the fact that a person closely links linguistic knowledge with existing experience and knowledge of such concepts like theme and culture. Faerch C., Kasper G. point out that the absolute understanding of the audio text is an erroneous representation of how the natural process of perceiving information in the native language takes place [6]. The effort to understand everything does not lead to effective results, causes a feeling of fatigue and, ultimately, leads to failure.

In our opinion, it is necessary to teach students to select the necessary information, ignoring the irrelevant, that is, to teach them to do it the way they do it in their native language. The main thing is to develop the skill of guessing, to learn to predict what could be discussed, what the speaker could say in a given situation, thus leveling possible gaps in perception.

To sum up, the formation of the ability to listen to foreign language speech is one of the priority tasks in teaching specialists in non-linguistic areas of training, it includes not only traditional exercises, but also listening to authentic materials in simulated conditions of real communication contributes to the full inclusion of students in further professional communication in a foreign language, both in business and in the academic field, and also develops an interest in learning a foreign language. Therefore, Internet resources are an effective means of organizing an educational space, support social relations, as they allow participants in the learning process to carry out joint activities, use the latest materials in numerous formats, and also train various types of speech activity. Authentic educational audio material is interesting, informative, meaningful, understandable, corresponds to the modern reality of a foreign-speaking society and creates favorable conditions for students to master new regional information, the speech behavior of native speakers, contributes to their acquaintance with the living language, people's way of life, its culture, modern realities.

REFERENCES

1. Гальскова, Н.Д. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика / Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез. – М.: Изд-во «Академия», 2006. – 335 с.

2. Казанцев А. Ю., Казанцева Г. С. Эффективные формы и методы в обучении аудированию иноязычной речи студентов в неязыковом ВУЗе на примере английского языка. Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). – 2015. – С. 153.

3. Малинина И. А. Использование Интернет-ресурсов второго поколения Web 2.0 в обучении аудированию // Молодой ученый. – 2012. – № 11. – С. 446–448.

4. Anderson A., Lynch T. Listening. Oxford: OUP, 1993.

5. Brown G. Twenty-five years of teaching listening comprehension // Forum. – 1987. 25, 4. P–. 11–15.

6. Faerch C., Kasper G. The role of comprehension in second language learning. Applied Linguistics. – 1986. 7/3. – P. 257–274.

7. Hedge T. Teaching and learning in the language classroom. Oxford: OUP, 2008. – P. 227–258.

8. Richards J.C. "Listening comprehension: approach, design, procedure". In: M. H. Long and J. C. Richards (eds.), Methodology in TESOL: A Book of Readings. Heinle and Publishers, 1987. – P. 161–176.

9. Rivers W., Temperley M. 1978. A practical guide in the teaching of English. New York: Oxford University Press; Celce-Murcia. 1995. ‘Discourse analysis and the teaching of listening’ in G. Cook and B. Seidlhofer (eds.). P. 363–377.
10. Rost M. Introducing listening. Penguin, 1994. P. 94.
11. https://ru.wikipedia.org/wiki/TED
12. https://te-st.ru/entries/ted-ideas-worth-spreading/
13. https://ororo.tv/ru
14. http://www.bbc.co.uk/podcasts
15. http://www.bbc.co.uk/learningenglish/russian/features/6-minuteenglish
16. https://www.linguahouse.com

Лингвистикалық емес факультет студенттерінің тыңдау қабілеттерін дамытуға назар аудару

Э. К. Сартбаева, З. М. Айнабаева

Аңдатпа. Мақала іскерлік және академиялық салаларда шет тілінде кәсіби қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде тыңдауды оқыту аясында тілдік емес мамандықтар студенттерін шет тілін оқыту мәселелеріне арналған. Бұл мақалада тыңдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін ағылшын тілі сабақтарында интернет ресурстарын пайдалану тақырыбы талқыланады. Тілдік емес факультеттердің бакалавриат студенттерінің тыңдау дағдыларын жетілдіру аспектісіне баса назар аударылады. Мақалада тілдік емес мамандықтардың студенттерінде тыңдау дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі және оның студенттердің шет тілін одан әрі оқуға деген ынтасына оң әсері туралы қорытынды жасалған.

Негізгі сөздер: ағылшын тілін оқыту; Интернет-ресурс; тыңдау дағдысы; түпнұсқа материал; аудиоматериал; аудиомәтін.

Акцентирование внимания на развитии навыков аудирования студентов неязыкового факультета

Э. К. Сартбаева, З. М. Айнабаева

Аннотация: Статья посвящена проблемам иноязычной подготовки студентов неязыковых специальностей в рамках обучения аудированию как одному из наиболее важных компонентов профессионального общения на иностранном языке в деловой и академической сферах. В данной статье рассматривается тема применения интернет-ресурсов на занятиях по английскому языку, которые способствуют развитию навыков аудирования. Акцент делается на аспекте совершенствования навыков аудирования у студентов бакалавриата неязыковых факультетов. В статье делается вывод об эффективности формирования умения аудирования у студентов неязыковых специальностей и его положительном влиянии на мотивацию студентов к дальнейшему изучению иностранного языка.

Ключевые слова: преподавание английского языка; Интернет-ресурс; умение слушать; аутентичный материал; аудио материал; аудиотекст.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Момынжанова К.Р.
Ғ. Даукеев атындағы Алматы Энергетика және Байланыс Университеті
Алматы, Қазақстан
kymbat_momynzhanova87@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада білім беру процесін цифрландыру мен оның элементтерінің терең қарама-қарсы трансформациясын қарастырылған. Білім беру процесінде қолданылатын сандық технологиялар мен құралдарға да шолу жасалған. Сонымен қатар білім беру процесін трансформациялаудың мақсаты-цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін және цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін барынша толық пайдалануды қамтамасыз ететін икемді білім беру жүйесін құру мәселелері зерттелген. Цифрлық технологияларды трансформациялаудың мақсаты-қойылған педагогикалық міндеттерді барынша тиімді шешу үшін оларды бейімдеу мәселелері де жіті зерттелген. Ғылым мен білім саласының алға дамуы білім беру саласындағы технологиялардың дамуы мен оларды қолдану қажеттілігін арттырды. Сондай-ақ мақалада цифрлық білім берудің қажеттілігі, тиімділігі, күтілетін нәтижелердің жоғарғы болуы білім алушылардың білім деңгейлерінің жоғары болатындығы сияқты мәселелер зерттелген.

Негізгі сөздер: білім, ғылым, цифрландыру, трансформация, технология

Кіріспе

Кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландырудың күтілетін маңызды нәтижелері цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін анықтауға және барынша толық пайдалануға байланысты болады. Осындай нәтижелер мыналарды жатқызуға болады[1]:

- Жеке тұлғаның қалыптасуына негізделген білім беру процесін толыққанды дербестенуі; білім беру траекториялары және білім алушылардың оқу жетістіктерін, олардың жеке және кәсіби дамуын үздіксіз дербестігін бақылау;
- Оқу қызметін ұйымдастырудың әр түрлі жеке және командалық түрлерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту;
- Әрбір білім алушыны бүкіл сабақ бойы белсенді қызметке тарту, оқуға деген ынтаның қарқынын арттыру, оқу сабақтарының уақытын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

Анықтайтын негіздемелік заңдылықтар ретінде цифрлық білім беру процесінің ерекшеліктері кәсіптік білім беру мен оқытуды дамытудағы бірқатар кең үрдістерді қарастыру, оның ішінде:

- Цифрлық кәсіптік білім берудің әртүрлі корпоративтік e-learning, we-learning сияқты платформаларын дамыту, соның ішінде кәсіпорында яғни жұмыс орнында оқыту. Бұл жағдайда интеграцияланған желілік бағдарламалардың пайда болуы және дамуы мүмкін, іске асырылатын модульдер мен қысқа бағдарламалардан дербес білім беру бағыттарын құрастыруды ұсынатын кәсіптік білім беру мен ұйымдары мен корпорациялар жұмыстарын жетілдіру қажет;
- Білім беру мазмұнына оның практикаға бағытталу бөлігінде жаңа талаптар қалыптастыру, қолжетімді білім беру мазмұнының академиялық компонентінің рөлін төмендету және білім берудің маңызды ақпарат және қызмет мазмұнының рөлін арттыру;
- Кәсіптік білім беру бағдарламаларының көлденең және тікелей деңгейлері; жалпы, орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарының арасындағы шекараларды ажыратып білім беру, сондай-ақ дәстүрлі жас ерекшелігі білім берудегі курстар кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарында жұмыстар атқару қажет. Белгілі бір типтегі және профильдегі білім туралы құжат емес, жиынтықты тіркейтін кәсіби білім портфолиосы маңызды болады. Тәлімгерлер игерген білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажет[2].

Кәсіби білім беру процесінің цифрлық түрленуі жағдайында келесі жеке (дидактикалық) заңдылықтар айқындалады.

Оқу процесінің рөлін және студенттің оқу дербестігін арттыру.

Цифлық технологиялар әртүрлі ресурстарымен қанықкан білім беруге, мазмұны бойынша іс жүзінде шектеусіз орта құруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда білім алушы өз бетінше (мүмкін, педагогтер, тьюторлар тарапынан және/ немесе адаптивті оқыту жүйелерін ұсынғанда) бірқатар білім берудің маңызды міндеттерін шешуге, өз білімдерін түсіну және тұжырымдау және осы негізде жеке білім беру бағытын қалыптастыруына болады. Болашақта оған өз бетінше білім беру бағыты дұрыс немесе бұрыс құрастырылғаны туралы шешім қабылдау қажет. Басқа курсты игеру және т. б. білім алушыдан онлайн-курстарды игеру білім беру процесінің барлық кезеңдерінде өзінің оқу үрдісін дербес ұйымдастыру қабілетін ояту талап етіледі[3].

Осылайша, цифрлық білім беру ортасы ресурстары, тәлімгерді оқыту, дамыту, әлеуметтік мәселесін шешу, тәрбиелеу мүмкіндіктерін береді. Цифрлық білім беру ортасының қандай дәрежеде сұранысқа ие болғандығы және бұл ортаның педагогикалық әлеуеті студенттің өзіндік пәндік белсенділігі мен оқу тәуелсіздігіне байланысты қолданылады. Білім алушылар үшін орта кәсіптік білім беру бағдарламалары, оқу процесінде цифрлық білім беру ортасының әлеуетін пайдалануға, мотивациялық және аспаптық іс-әрекеттің төмен деңгейімен сипатталады. Осыған байланысты, цифрлық кәсіптік білім беріп оқыту жалпы білімге мектеп түлегінің оқу тәуелсіздігін қалыптастырумен байланысты түбегейлі жаңа сұранысты ұсынады. Оқу процесі өзін-өзі тексеруді ұйымдастыруға және ынталандыруға дайындығының болуы, цифрлық білім беру ортасының ресурстарын белсенді және тиімді пайдалану арқылы пайда болады[4].

Бірінші белгісі: білім алушылардың оқу дербестігінің төмендігі жағдайында цифрлық білім беру жүйесін құру. Әртүрлі мүмкіндіктерге ие орта ұйымының қажеттілігі шарты, жеткіліксіз болады. Педагогикалық тиімді цифрлық білім беру процесін жүзеге асыру қажет. Сондай-ақ, осы ортада студенттердің атқаратын міндеттерін ұйымдастыру жүйесі қажет.

Екінші белгісі: цифрлық білім беру ортасының және цифрлық оқыту құралдарының болуы, оқу мотивациясын сақтау үшін жеткілікті құрал және оқу дербестігінің деңгейінің төмендігі білім алушылардың өздеріне тікелей байланысты. Оқу ынталарын ояту үшін цифрлық технологиялар құралдарымен қамтамасыз етілген басқару құралдарының кешенін пайдалану қажет[5]:

- Берілген толық ассимиляцияға негізделген сәттілік жағдайы оқытудың басым факторы ретіндегі рөлін едәуір төмендетеді;
- Оқу тапсырмаларын орындау процесінде жедел кері байланыс;
- Оқу мотивациясын басқарудың әлеуметтік және эмоционалды әдістерінің кең спектрін қолдану, оның ішінде ойын ортасын қолдану (геймификация), желідегі серіктестермен өзара байланыс орнату, оқу командаларын құру және т. б.

Базалық цифрландыру процесінің нәтижелерінің тиімділігі.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары салыстырмалы түрде тиімді процестерді автоматтандыру оларды көбейту тиімділігі төмен процестерді автоматтандыру оларды одан да тиімді етеді деген заңдылық пайда болды. Осыған байланысты цифрландыру процесінде білім беру элементтерін таңдауға мұқият қарау қажеттілігі туындады[6]:

- Кейбір элементтердің цифрландырылуы (қажетті цифрландыру), бұл олардың педагогикалық нәтижелігін ұлғайтады;
- Басқалары тиісті цифрлық білім беру құралдарын әзірлегеннен кейін цифрландырылуы мүмкін;
- Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін ескере отырып, алдын ала жетілдіру (трансформациялау), содан кейін ғана оларды цифрландыруды жүзеге асыру қажет;
- Білім берудің бірқатар элементтері бар цифрландыруға педагогикалық тұрғыдан орынсыз болатын процестерді міндетті түрде сақтау қажет.

Білім беру процесін цифрландыру жағдайында оқыту әдістерінің белсенділігі және интерактивті формалардың рөлінің артуы.

Цифрландыру процесі оқу материалын жинақтау және оқу үрдісін ұйымдастыру үшін сапалы жаңа мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, сондай-ақ түбегейлі жаңа білім беру сұраныстарын қалыптастырады[7]. Атап айтқанда, балалар өздігінен қатысатын іс-шаралар түрлері және цирлық қоғам әлеуметінің табиғи ортасы ретінде әрекет етуі. Мұндай жағдайларда оқытудың әртүрлі технологиялары мен әдістерінің дидактикалық әлеуеті тұрғысынан сараланuы артады. Қызметі мен құрылымы бойынша біртекті, дәріс сияқты оқу жұмысының рөлінің артуы, оқытуда пассивті формалар айтарлықтай төмендейді[8]. Керісінше, педагогика оқушылардың өзіндік белсенділігін арттырып, интерактивті коммуникацияға, топтық жұмысқа, топтық және жеке рефлексияға негіздейді. Күрделі құрылымы және белгілі бір ішкі сценарий, мысалы білім алушылардың жобалық қызметі, оның барлық нұсқаларында, оқытудың ойын технологиялары, кейстерді шешу, топтық пікірталастар мен талқылаулар және т. б. осы технологиялардың барлығы білім алушылардың, оның ішінде: цифрлық қоғам жағдайындағы қажетті әлеуметтік құзыреттерін арттырады.

Цифрландыру барысында білім беру процесін трансформациялау.

Бұл жағдайда білім берудің әдістерінің күрделілігі мен формаларын және оқыту құралдарын пайдалану принципті түрде қолданылады. Ұйымдастыру формаларының алуан түрлілігі цифрлық білім беру ортасы жағдайындағы қызмет айтарлықтай өседі және олар динамикалық сипатқа ие болады[9].Ұйымдастыру формаларының алуан түрлілігі. цифрлық білім беру ортасы жағдайындағы қызметтің айтарлықтай өседі, олар динамикалық сипатқа ие болады. Бұл білім беру процесінің педагогикалық тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Білім беру процесін цифрландыру жағдайында педагог қызметінің жалпы өзгеруі, оның жұмысын жеңілдетуде және оның зияткерлік шығармашылық сипатын арттыруда, оның ішінде күнделікті операцияларды автоматтандыру болып табылады[10].

Цифрлық білім беру процесінде оқыту технологиялары мен әдістері оқу мазмұнының қасиетіне ие болады. Бұл оқытудың белсенді мазмұны идеясының дамуына жағдай жасайды, оған сәйкес мазмұнның негізгі көзі кәсіби, коммуникативті, ұйымдастырушылық, өзін-өзі тәрбиелеу және ассимиляция үшін міндетті болып табылатын басқа да іс-шаралар әдістері болып табылады. Осындай стандарттар немесе қызмет стандарттары болып табылатын педагогикалық технологиялар дамуға жататын қажеттіліктердің негізгі элементтеріне айналады. Сонымен, шығармашылық, сыни ойлау, қарым-қатынас, топтық жұмыс немесе жобалық жұмыс туралы айту педагогикалық тұрғыдан маңызы төмен болады. Бұл қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін осындай оқыту технологияларын қолдану қажет. Кәсіптік білім беру мен оқытудың қызметтік мазмұнын игеру бойынша білім алушылардың ұйымдастырылған міндеттері әмбебап, жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттерді қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады[11]. Цифрлық технологиялар берілген қызмет үлгілерін игеру процесін едәуір жылдамдатуға, технологиялық және педагогикалық тұрғыдан тиімді етуге, жедел диагностикалық кері байланыс, жеке ұсыныстар және басқа құралдар арқылы оларды игеруге деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді[12].

Цифрландырудың жаһандық процестері визуалды-бейнелі және визуалды-логикалық ойлаудың үстемдігі.

Цифрландыру процестері және жаһандық ақпараттық ортаның қалыптасуы білім берудегі маңызды ақпаратты жинақтаудың жаңа тәсілдерін туындатты, олар ықшамдауға және тез қабылдау мен қолдануға ыңғайлы. Бұл тәсілдерді цифрлық буын өкілдері балалық шақтың алғашқы кезеңдерінде игереді, нәтижесінде білім алушылардың ойлау стилі де өзгереді. Ол ауызша жаңа материалды түсіндіруді қажет ететін және көлемді мәтіндерді баяндауды азайтады және мидың екі жарты шарының бірлескен жұмысына негізделген инфографиялық, визуалды-логиканы оятады. Осылайша, цифрлық білім беру процесінде оқу материалын ұсынудың дәстүрлі баяндау тәсілі педагогикалық тұрғыдан тиімді болмайды[13]. Материалдың репродуктивті презентациясына негізделген және айқын мәселелерді немесе интерактивті компоненті жоқ дәрістер, көлемді оқу мәтіндері сөзсіз оқу процесінің шетінде қалып қояды. Инфографиканың баяндаудан айырмашылығы неғұрлым күрделі логиканы қолдануға мүмкіндік береді, ол оқытудағы пәнаралық, интеграцияланған тәсілдің мәнін жақсы

көрсетеді. Материал берудің инфографикалық нысандарының ықшамдылығы мен салыстырмалы дербестігі («Сызба», «Слайд» және т.б.), мәтіндік баяндау формаларынан айырмашылығы әртүрлі кәсіптерде әртүрлі түрде біріктірілген заманауи құзыреттердің модульдік форматына сәйкес келеді. Ойлаудың негізінен инфографиялық, визуалды-логикалық түрін қолдану динамикалық және жаңаша ортада өте қажет болатын ақпараттың толық еместігі жағдайында күрделі, көп жүйелік мәселелерді шамамен жылдам шешуге мүмкіндік береді. Біз, шын мәнінде, қазіргі адамның шығармашылық, интуитивті, ықтималды ойлауы туралы айтып отырмыз, оның қажеттілігі кез-келген өндіріс процесінде күнделікті операцияларды автоматтандыру кезінде айтарлықтай артады[14].

Кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру оқу курстарының ұзақтығын қысқартуға ықпал етеді. Оқу процесін жекелендіру дәрежесі және білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым бұл бағдарламалар ұзақтығы мен мазмұны жағынан қысқа болуы керек. Оқыту процесін модуляризациялау бұдан әрі де жалғасса оқу кәсіби модульдерден цифрлық трансформация жағдайында негізгі дидактикалық бірліктерге микро модульдерге айналады. Кәсіптік оқыту және қосымша кәсіптік білім беру жағдайларында таңдау бойынша курстардың рөлін арттыру, ал болашақта жалпы кәсіптік білім беру өзектілігі артады[15].

Қорытынды

Қазіргі уақытта педагогтар электронды технологияларды да, оқыту құралдарын да жедел қарқынмен игеруге дайын, бірақ зерттеулер көрсеткендей, орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі мәселелер көптеп кездеседі. Сондықтан, көп жағдайда сарапшылардың күндізгі оқытуда цифрлық сауаттылықтарды арттыру бойынша жұмыс істеу керек деген тұжырымдарымен келісу керек. Педагогтердің цифрлық ортада жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру процесі мынадай мүмкіндіктерді береді:

- Педагог кадрлар өздерінің педагогикалық қызметін, әсіресе аралас оқыту технологияларын қолдану бөлігінде жүйелі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді қажет етеді;
- Қазіргі заманғы цифрлық білім беру ресурстарын жүзеге асыратын жобаларды іске асыру шеңберінде әзірлеу бойынша шаралар қажет. Цифрлық білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-курстарды қамтамасыз етеді;
- Практикалық даярлықты өзге нысандармен алмастыруға жол бермеу мақсатында білім беру стандарттары деңгейінде практикалардың, әсіресе өндірістік практикалардың ең аз көлемдерін регламенттеген жөн. Әрине, бұл шара қатаң карантин жағдайында мәселелерді шешпейді, бірақ білім алушылардың практикалық дайындығына қойылатын талаптарды қатаң сақтауды талап етеді;
- Цифрлық білім беру ортасында оқытудың жаңа еңбек функцияларын ескере отырып, ұйымдардың педагог қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа нормативтерін әзірлеу.

Бұл ретте цифрлық білім беру ортасында кәсіптік оқытудың дидактикасын қалыптастыру жөніндегі жүйелі жұмыстардың маңыздылығын атап өткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вербицкий А.А., Калашников В.Г. Категория «контекст» в психологии и педагогике. – М.: Логос, 2010.
2. Вербицкий А.А. Воспитание в современной образовательной парадигме // Педагогика. – 2016. – № 3. – С. 3-16.
3. Вербицкий А.А. Теория и технологии контекстного образования. Учебное пособие. – М., МПГУ, 2017.
4. Воинова О.И., Плешаков В.А. Киберонтологический подход в образовании. Монография / Под ред. В.А. Плешакова. – Норильск: Норильский индустриальный институт, 2012.
5. Воинова О.И., Плешаков В.А. Личность и киберсоциум: становление киберсоциальности и классификация людей по степени интегрированности в киберсоциум // Электронный научно-публицистический журнал «Homo Cyberus». – 2018.–№1(4). [Электронный ресурс] URL: http://journal.homocyberus.ru/personality_and_cybersocium_formation_of_cybersafty_and_classification_of_people_according_to_the_extent_of_the_integration_into_the_cyberocium

6. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.3 Проблемы развития психики / Под ред. А.М. Матюшкина. – М. Педагогика, 1983.
7. Иванов М.В. Пути совершенствования методов преподавания в высшей школе // Современная высшая школа. – 1982. – № 3. – С. 118-122.
8. Коменский Я.А. Великая дидактика / Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. Т. 1. – М.: Педагогика, 1982.
9. Коменский Я.А. Выход из школьных лабиринтов, или Дидактическая машина / Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. Т. 2. – М.: Педагогика, 1982. – С. 174-191.
10. Кузьминов Я.И. ВШЭ полностью откажется от традиционных лекций в пользу онлайн-курсов [Электронный ресурс] URL: https://rb.ru/news/vshe-study-online
11. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл: Академия, 2005. Пиз Аллан. Язык телодвижений. Как читать мысли других по их жестам. – М.: Изд-во «Ай Кью», 1992.
12. Психологические особенности поколения. [Электронный ресурс] URL: http://mansa-uroki.blogspot.com/2016/04/z_12.html
13. Психология и педагогика контекстного образования: Коллективная монография / Под научн. ред. А.А. Вербицкого. – М.: СПб.: Нестор-История, 2018.
14. Рыбакина Н.А. Компетентностно-контекстная модель обучения и воспитания в общеобразовательной школе // Образование и наука. – 2017. – Том 19. – № 2. – С. 31-50.
15. Howe N., Strauss W. Generations: The History of America's Future 1584–2069. – New York: William Morrow and Company, 1991. [Электронный ресурс] URL: https://www.goodreads.com/book/show/183651.Generations

Закономерности и проблемы развития цифрового образовательного процесса

Момынжанова К.Р.

Аннотация. В статье рассматривается цифровизация образовательного процесса и глубоко противоположная трансформация его элементов. Также представлен обзор цифровых технологий и инструментов, используемых в образовательном процессе. Вместе с тем, исследованы вопросы создания гибкой образовательной системы, целью которой является трансформация образовательного процесса, отвечающей потребностям цифровой экономики и обеспечивающей максимально полное использование дидактического потенциала цифровых технологий. Для более эффективного решения поставленных педагогических задач была также тщательно изучена цель трансформации цифровых технологий-их адаптация. Опережающее развитие науки и образования обусловило развитие технологий в сфере образования и необходимость их применения. В статье также представлен обзор таких вопросов, как необходимость, эффективность цифрового образования, высокие ожидаемые результаты, высокий уровень знаний обучающихся.

Ключевые слова: образование, наука, цифровизация, трансформация, технология

Patterns and problems of the development of the digital educational process

Momynzhanova K.R.

Abstract. The article deals with the digitalization of the educational process and the profoundly opposite transformation of its elements. An overview of digital technologies and tools used in the educational process is also presented. At the same time, the issues of creating a flexible educational system, the purpose of which is to transform the educational process that meets the needs of the digital economy and ensures the fullest use of the didactic potential of digital technologies, have been studied. For a more effective solution of the pedagogical tasks set, the goal of the transformation of digital technologies, their adaptation, was also carefully studied. The outstripping development of science and education has led to the development of technologies in the field of education and the need for their application. The article also provides an overview of such issues as the necessity, effectiveness of digital education, high expected results, high level of knowledge of students.

Key words: education, science, digitalization, transformation, technology

ІСКЕРИ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ

К.Жаксыликова, А.Базарбай
Satbayev University, Алматы қ., Қазақстан
kulyai@inbox.ru

Аңдатпа. Іскери тілді студенттерге үйретуде фразеологизмдерді ұтымды қолданған жөн. Студенттерге іскери тілде кездесетін фразеологизмдердің мағынасын саралай түсіну олардыңқазақша сөйлеу машығын тәжірибеде жетілдіруге және шығармашылық жұмыстарға жасауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі сабаққа қарағанда әр түрлі тәсілдерді, атап айтқанда, фразалық тіркестерді қолдану арқылы жүргізген сабақтар неғұрлым қызықты өтеді. Мұндай жұмыстар студенттердің іскери тілді үйренуге қызығушылығын арттырып, ішкі мүмкіндіктерін шығармашылықпен қолдануға ықпал етеді. Іскерлік қазақ тілі курсында іскери тілді студенттерге үйретуде фразеологизмдерді ұтымды қолдану сабақтың сапасын көтерумен қатар, оларды шығармашылықпен, ізденушілікпен жұмыс жасауға қанаттандырады. Сонымен қатар, студенттердің тіл байлығын кеңейтіп, сөз саптау шеберліктерін шыңдай түседі. Бұл жағдай олардың іскери тілді үйренуге деген ынтасын арттырумен қатар, пән бойынша жақсы нәтижеге жетулеріне де мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: іскери тіл, тұрақты тіркестер, фразалар, фразеологизм, уәж.

Әрине, пәнді оқыту сапасы әр түрлі жағдайға байланысты екені белгілі. Іскерлік қазақ тілі курсын оқытуда да сабақтың студенттерді қызықтыратындай қызықты, интерактивті өтуін назарда ұстаған жөн. Бұл орайда, студенттерді сөз саптау шеберлігіне машықтандыратын, іскери тілді тез меңгеріп алу ынтасын арттыратын тәсілдер қолданылған жөн. Ұсынып отырған мақалада жоғары оқу орындары студенттерінің қазақы іскери тіл байлығын дамытып, жетілдіруге бағытталған ұлтымыздың сөз мәйегі фразеологизмдерді сабақта ұтымды қолдану жолдары мәселесі қарастырылады.

Ұлттық тіліміздің қазынасы болып саналатын фразалық тіркестер мен мақалдар студенттердің өз ойын әдемі, айшықты және дәл білдіруге көмектеседі. Сонымен бірге фразеологизмдерді, фразалық тіркестер мен мақалдарды сабақта әрдайым қолдану студенттердің қазақы іскери тілді білу деңгейінің де көрсеткіші болып саналады. Курстың алғашқы сабақтарынан бастап оларға фразеологиялық сөздіктермен жұмыс жасау жолы мен тәсілдерін үйретіп, бағыт-бағдар берген жөн. Әрине, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді студенттер мектеп курсынан, отбасы, қоғамдық ортада қолданылуы барысында естіп, шама-шарқынша ауыз екі тілде қолданып жүруі де ықтимал. Дегенмен, қазақы іскери тіл қатынасында фразеологизмдерді ұтымды қолдануға дағдылану басқа жағдай. Ол үшін студенттер әр түрлі сөздіктермен, энциклопедиялық әдебиеттермен жұмыс жасап үйренгені дұрыс. Соның нәтижесінде олар фразеологимдерді белгілі бір сөздердің баламасы, синонимі ретінде қолдану дағдыларын жетілдіреді. Фразеологимдердің мағынасын жете түсінген студенттер оны қазақы іскери қатынаста көтеріліп отырған мәселе тақырыбына сай ұтымды қолдана алатын болады. Атап айтқанда, студенттер фразеологизмдердің мағынасын түсінумен қатар оны іскери қатынаста ұтымды қолдана білулерін оқытушы басты назарда ұстау қажет. Жоғары оқу орындары студенттеріне Іскери қазақ тілі сабағында тұрақты тіркестердің сыры мен қырын, мағынасын таныстыру қажет. Соның нәтижесінде студенттер оларды жете түсіне бастайды. Одан кейін әдетте фразеологизмдерді, тұрақты тіркестерді, мақалдарды шағын іскери сөз орамдарында , кейін оларды күрделендіріп, тұтас сөйлем, мәтін ішінде қолдануға жаттықтыру қажет. Сөйтіп студенттер фразеологизмдердің мағына тұтастығын жете түсіне бастайды. Алдымен, студенттер мектепті орыс тілінде бітіргенін ескере келе, аудармасымен түсіндіруге болады. Мысалы, *жеті атасына дейін - до семи колен, көзіңді аш - раскрой глаза ; тақырға отыру - сесть в лужу; жолы болды -повезло, жерге кіріп кете жаздады - сквозь землю не провалился , т.б.*. Мұндай тәсіл -фразеологизмдерді түсіндірудің қарапайым жеңіл жолы.

Әрине, тұрақты тіркестер мен мақалдарды, фразеологизмдерді аударма тәсілімен түсіндірген жақсы нәтиже берері анық. Дегенмен, түсіндірме сөздіктер арқылы фразеологизмдердің мағынасын нақты түсіндіру, мысалдар келтіру тәсілі студенттерге

пайдалы болары сөзсіз. Мысалы, 1.*балама сөз арқылы түсіндіру* - жеті қазына -байлық, ырыс-несібе; жерден жеті қоян тапқандай -қатты қуану, шаттану; 2. *сипаттау арқылы түсіндіру* - аюша қорбаңдау - ыңғайсыз жүру, жердің түбіне кету - өте алыс жолға шығу; тамыр жайды - кең таралды, дамыды, тамырын басты - ақырындап сұрады, сыр тартты, жайлап пікірін білді. 3. *сурет арқылы* түсіндіру - жеті қабат тау асты - алыс жер; жет ғалам - әлем, дүние, пана болды - қорғады, сүйеніш болды.

Іскерлік қазақ тілі сабағында студенттерге фразеологимдерді меңгерту арқылы олардың тілі баиды, көркем сөйлеуге үйренеді. Атап айтқанда, студенттердің фразеологизмдерді қазақы тілдік қатынаста ұтымды қолдану дағдысы, тіл мәдениеті қалыптасады. Кері жағдайда, қолданыстан тыс қалған сөз орамдары мен фразеологизмдер ұмытылады. Пассив қордағы сөз орамдары актив қорға айналуы қажет. Сондықтан студенттердің фразеологизмдерді қазақы тілдік қатынаста болсын, жалпы қоғамдық ортада болсын ұтымды жұмсау машықтарын автоматизмге жеткізу қажет.

Студенттерге фразалық тіркестер мен фразеологизмдердің мағынасын түсіндіргеннен кейін, оны іскери қатынаста қолдануға жаттықтықтыру қажет. Бұл жұмыс әр түрлі жолмен жүзеге асады. Мысалы, алдымен фразалық тіркестерді сөз орамдарында, сосын сөйлемде қолдануға машықтандыру керек. Сосын фразеологизмдердің мағынасын ашатын суреттерді ұсыну арқылы олардың мағынасын, сосын қолданылу жүйесін түсіндіресіз. Кейін студенттер фразеологизмдердің мағынасын әбден түсінген соң тапсырманы күрделендіруге болады. Мысалы, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолданып, шағын баяндау, пайымдау мәтінін, сұхбат құрастыру. Немесе, бір тұлғаны, затты, құбылысты фразалық тіркестерді қолдана отырып сипаттау мәтінін құрастыру. Іскери қатынас тақырыбында әр түрлі эссе жазу, ментальды карта құрастыру жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Егер осы жұмыстарды студенттер шығармашылықпен, ізденушілікпен ыждағатты орындайтын деңгейге жетсе, онда фразеологизмдердің олардың актив сөздік қорына айналғанын көрсетеді.

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді студенттердің қазақы іскери тілінің қолданыс құралына айналдарудың мәні зор. Өйткені іскери тілдің штампқа негізделген мазмұнына қажетті жерінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді ұтымды қолдану оған көркемдік мән, айшықты әсерлілік береді. Тұрақты сөз тіркестер қатарына жататын мақал-мәтелдердің өзіндік ерекшелігі, танымдық-тәрбиелік мәні де зор. Олар құрамы жағынан күрделі болғанымен, мазмұны жағынан танымдық сипатқа ие болып келеді. Олар көбіне ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы, *мың теңгең болғанша, мың досың болсын; білімді - мыңды жығар, білекті - бірді жығар.* Фразалық тіркестер болса көбіне атауыш, бейнелеуіш мәнге ие екені белгілі. Мысалы, *төредей киіну, бір кісідей, қас батырдай, дес бермеді.* Бастысы, студенттер олардың мағынасын ажыратып, іскери тілде тиімді қолдануға дағдылануы қажет.

Ұлттық тілдің мәйегі - мақалдар айтылар ойды, ұғымды нақты тікелей білідретін болса, ал мәтелдер айтылар ойға нұсқап меңзейді. Жоғары оқу орындары студенттерінің қазақы іскери қатынас тілін жетілдіру үшін мақал-мәтелдерді қолдану да тиімді. Ол үшін мақал-мәтелдермен жаттығу жұмыстарын жүйелі әр сабақ сайын жүргізу қажет. Дегенмен, барлығын бір сабақта үйіп-төгіп бермей, әр сабақ сайын екі-үш фразеологизм, екі-үш мақал-мәтел ұсынуға болады. Олармен тапсырма жұмысын да әр түрлі бағытта ұсыну қажет. Мысалы, алдымен мағынасын ашу тапсырмалары, кейін басқа да интербелсенді әдістер арқылы оны түрлендіріп отырған абзал.

Іскерлік қазақ тілі сабағында студенттерге мақал-мәтелдермен жаттығу жұмысын жасатумен қатар, дәптерлеріне түсіндірме сөздігін жаздырып отыру артық болмайды. Сонымен қатар, осы жазып алған мақалдарын достарымен, отбасында, қоғамдық орындарда күнделікті қатынаста қанша рет, қалай қолданғандарын айтып отырған дұрыс. Кейде барлығын жазып алып, келесі сабақта топта оқып, бөлісулеріне болады. Студент жазбасын оқу барысында аздаған кемшіліктер болса, бірден ескертіп, түзетіп отырған жөн. Сонда ғана ұсынылған материалдың тәжірибеде тілдік қатынаста тиімді қолданылып жүргенін көресіз. Бұның бәрі сабақта ұйымдастырылып, жүзеге асқан жұмыстардың нәтижесінің көрсеткіші, дәлелі.

Ұлттық қазынамыз мақал-мәтелдердің жастарды тәрбиелеуде, олардың таным көкжиегін кеңейтуде маңызы зор екені белгілі. Ата-бабамыздың өмір тәжірибесінің сан жылдар бойы сараптан, сынақтан өткен баға жетпес мұрасы. Және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің осы сипаты кез келген халыққа тән. Сондықтан орыс бөлімі студенттеріне олардың басқа тілдегі баламаларымен сабақта қатар ұсынуға да болады. Бұл мақал-мәтелдер болсын, фразеологизмдер, тұрақты тіркестерді оқыту болсын барлығына ортақ тәсіл, оларды меңгертудің ортақ бағыттары. Бұл оларды меңгертудің қолайлы жолдарының бірі.

Сонымен, нәтижесінде қазақы іскери тілді оқытуда мақалдарды кеңінен қолдану студенттердің іскери тілді меңгеруге деген белсенділігі мен үлкен қызығушылығын арттыады. Қазақы іскери тілді үйретудің нәтижелі болуына ықпал етеді. «Іскерлік қазақ тілі» пәнін оқытуда фразеологизмдер, тұрақты тіркестерді ұтымды қолдану студенттердің айтар ойын жүйелі жеткізуге дағдыландырады және іскери сөйлеу мәдениетін, әр түрлі жағдайда сөзді орынды қолдануға жетелейтін қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, қазақ тілінің фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерін студенттерге меңгерту барысында әр түрлі ребус, сөзжұмбақ, кроссворд жасату тәсілдерін орынды пайдалану арқылы да халқымыздың баға жетпес байлықтарын тереңдете кіріктіре игерту жұмысымен қатар оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары қатар жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
2. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 712 бет.
3. Смағұлова Г.Н. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Арыс», 2010. – 280 б.
4. Жаксыликова К. и др. Студенттердің іскерлік қатынас мәдениетін қалыптастыруда фразеологизмдерді қолдану. - «Сатпаевские чтения -2020»: сборнике представлены материалы конференции Сатпаевские чтении. И С21 – Алматы: КазНИТУ имени Сатпаева, 2020. – 671-675 с - ISBN 978-601-323-209-6.

Обучение студентов деловому языку на основе фразеологизмов

К.Жаксыликова, А.Базарбай

Аннотация. При обучении студентов деловому языку следует оптимально использовать фразеологизмы. Дифференцированное понимание значения фразеологизмов делового языка позволяет студентам совершенствовать навыки деловой речи казахского языка на практике. Такая работа повышает интерес студентов к изучению делового языка и побуждает творчески использовать свой внутренний потенциал. Оптимальное использование фразеологии при обучении деловому языку студентов в процессе изучения делового казахского языка не только повышает качество уроков, но и побуждает их к творческой деятельности и исследовательской работе. Это не только повышает их мотивацию к изучению делового языка, но и позволяет добиться более высоких результатов по предмету.

Ключевые слова: деловой язык, устойчивые сочетания, фразы, фразеологизмы, мотивация.

Teaching students business language based on phraseological units

K. Zhaxylikova, A.Bazarbai

Proof. We move the Cartesian coordinate system *xOy* parallel to the centre of the circumscribed circle. The axes of the new coordinate system are again denoted by primary coordinates – *x,y*. Then $z_0 = 0$.

Remark. The distance between two points is invariant with respect to the transformation, i.e. the distance $|IQ|$ does not depend on the choice of the coordinate system.

Therefore $|IQ| = |QI| = |g|$, where *g* is defined by (2).

$$|g|^2 = g \cdot \overline{g} = \left(\frac{BC}{2p}a + \frac{AC}{2p}b + \frac{AB}{2p}c\right)\left(\frac{BC}{2p}\overline{a} + \frac{AC}{2p}\overline{b} + \frac{AB}{2p}\overline{c}\right) =$$

$$= \frac{1}{4p^2}\left(BC \cdot 2p|a|^2 + AC \cdot 2p|b|^2 + AB \cdot 2p|c|^2 - 2p \cdot AB \cdot BC \cdot AC\right) =$$

$$= \frac{1}{2p}\left((AB + BC + AC)R^2 - AB \cdot BC \cdot AC\right) = R^2 - 2Rr\,.$$

Hence $d^2 = R^2 - 2Rr$.

REFERENCES

[1] Skopets Z.A. Geometric Thumbnails/ Moscow: Prosveshchenie, 1990, p.224.

[2] Sagindykov B. Zh., Bimurat A. /Inscribed and circumscribed quadrilaterals in complex numbers // Proceedings of articles the international scientific-practical conference held in Russia, Penza, January 12, 2020. International scientific cooperation center “Nauka and Prosveshchenie” (МЦНС «Наука и просвещение»), pp.11-22.

Планиметрия есептерін шығаруға комплекс сандарды қолдану

Б.Ж. Сағындықов

Аңдатпа. Геометриялық есептерді шешу кезінде әртүрлі әдістер қолданылады: векторлық, координаталық, геометриялық түрлендірулер және комплекс сандар әдісі. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – планиметрия есебін комплекс сандар әдісімен жоғарыда аталған әдістермен байланыстыра отырып шешу және нәтижені оқушыларға жеткізу. Комплекс сандар алгебрасы – планиметриялық есептерді шешудің тиімді әдістерінің бірі. Элементар геометрия есептерінің кең ауқымы геометриялық шешіммен қатар қарапайым есептеулері бар аналитикалық шешімді қабылдайды. Нүктелері комплекс сандар болатын Евклид жазықтығында жұмыс істей отырып, Эйлер формуласы мен тригонометриялық құралдардың көмегімен геометриялық объектілерге әртүрлі зерттеулер жүргізуге болады. Бұл тәсіл геометрияның классикалық теоремаларының бірқатарын өте талғампаз дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: центроид, инцентр, ортоцентр, Эйлер формуласы, Стюарт теоремасы.

Комплексные числа в задачах планиметрии

Б.Ж. Сагиндыков

Аннотация. При решении геометрических задач применяются различные методы: векторные, координатные, геометрические преобразования и метод комплексных чисел. Основная цель данной работы – это решить задачу планиметрии методом комплексных чисел в совокупности с вышеуказанными методами и донести до учащихся полученный результат. Алгебра комплексных чисел представляет собой один из эффективнейших методов решения планиметрических задач. Широкий круг задач элементарной геометрии, наряду с геометрическим решением, допускает аналитическое решение с достаточно простыми вычислениями. Работая в евклидовой плоскости, где точки – это комплексные числа, с помощью формулы Эйлера и тригонометрических средств удается осуществлять разнообразные исследования геометрических объектов. Такой подход позволяет провести весьма элегантные доказательства ряда классических теорем геометрии.

Ключевые слова: центроид, инцентр, ортоцентр, формула Эйлера, теорема Стюарта.

СЫЗЫҚТЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУДІ ШЕШУДІҢ ЖАҢА БІР ӘДІСТЕМЕСІ

Б.Ж. Сағындықов, Е.Е. Ерназар
Satbayev University, Қазақстан, Алматы
*bimurat55@gmail.com

Аңдатпа. Біртекті емес екінші ретті тұрақты коэффициентті сызықты дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімі екі шешімнің қосындысынан тұратыны теориядан белгілі. Характеристикалық теңдеудің түбірлеріне қатысты біртекті теңдеудің жалпы шешімі әрқашан табылады. Ал біртекті емес теңдеудің дербес шешімін анықталмаған коэффициенттер әдісімен немесе тұрақтыны вариациялау әдісімен табады. Сондықтан біртекті емес теңдеудің қайсыбір дербес шешімін табарда көбінесе тұрақтыны вариациялау әдісін қолданады. Алайда дифференциалдық теңдеудің реті өскен сайын Лагранж әдісін қолдану қиындай түседі. Әсіресе характеристикалық теңдеудің түбірлері өзара түйіндес комплекс сандар болғанда біртекті емес сызықты дифференциалдық теңдеудің бастапқы шарттарды қанағаттандыратын дербес шешімін табу және оның физикалық мағынасын ашу оңай емес. Бұл мақалада алгебралық теңдеулер жүйесін шешуді қажет етпейтін жаңа әдіс ұсынылып отыр.

Негізгі сөздер: дифференциалдық теңдеулер, характеристикалық теңдеу, Бернулли және Эйлер әдістері, Виет теоремасы.

$$y''(x)+py'(x)+qy(x)=f(x) \tag{1}$$

түріндегі біртекті емес екінші ретті тұрақты коэффициентті сызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырайық, мұнда $x\in[a,b]$, ал $f(x)$ – үзіліссіз функция. (1) теңдеудің шешімін

$$y(x)=A(x)e^{k_0x} \tag{2}$$

түрінде іздейік, мұнда $A(x)$ – белгісіз функция, k_0 – характеристикалық теңдеудің қайсыбір түбірі.

Алгебраның негізгі теоремасынан (1) теңдеудің

$$k^2+pk+q=0 \tag{3}$$

түріндегі характеристикалық теңдеуінің комплекс сандар жиынында міндетті түрде екі түбірі табылатыны белгілі. Сонымен қатар Виет теоремасы бойынша

$$k_1+k_2=-p,\ k_1\cdot k_2=q. \tag{4}$$

Әрі қарай ізделініп отырған (2) шешімнің бірінші және екінші туындыларын тауып, бастапқы (1) теңдеуге қоямыз, сонда

$$y''(x)+py'(x)+qy(x)=A''(x)e^{k_0x}+A'(x)(p+2k_0)e^{k_0x}+A(x)\left(k_0^2+pk_0+q\right)e^{k_0x}=f(x). \tag{5}$$

(5) теңдіктің екі жағын бірдей e^{k_0x} -не бөліп,

$$A''(x)+A'(x)(p+2k_0)+A(x)\left(k_0^2+pk_0+q\right)=f(x)\cdot e^{-k_0x} \tag{6}$$

теңдеуіне көшейік.

Ұйғаруымыз бойынша k_0 – характеристикалық теңдеудің қайсыбір түбірі, онда (6) теңдеудің құрамындағы $k_0^2+pk_0+q=0$. Олай болса, (6) теңдеу ізделініп отырған $A(x)$ функциясына қатысты

$$A''(x)+A'(x)(p+2k_0)=f(x)\cdot e^{-k_0x} \tag{7}$$

түрінде жазылады. Алынған (7) теңдеу $A'(x)$ функциясына қатысты сызықты теңдеу. Демек оның жалпы шешімін Бернулли әдісін қолдана отырып табуға болады:

$$A'(x)=e^{-(p+2k_0)x}\left(C_1+\int f(x)\cdot e^{-k_0x}\cdot e^{(p+2k_0)x}dx\right)=e^{-(p+2k_0)x}\left(C_1+\int f(x)\cdot e^{(p+k_0)x}dx\right).$$

Бұдан

$$A(x)=C_2-C_1\frac{e^{-(p+2k_0)x}}{p+2k_0}+\int e^{-(p+2k_0)x}\left(\int f(x)\cdot e^{(p+k_0)x}dx\right)dx.$$

Сонда бастапқы (1) теңдеудің жалпы шешімі

$$y(x) = C_2 e^{k_1 x} + C_1 \frac{e^{k_2 x}}{k_2 - k_1} + \left(\int e^{(k_2 - k_1)x} \left(\int f(x) e^{-k_2 x} dx \right) dx \right) e^{k_1 x}. \quad (8)$$

1. Енді (7) теңдеудің дербес жағдайын қарастырайық. Ол үшін (3) характеристикалық теңдеудің түбірлері нақты және өзара тең деп ұйғарайық, яғни $k_0 := k_1 = k_2$. Сонда Виет теоремасы бойынша $p + 2k_0 = -k_0 - k_0 + 2k_0 \equiv 0$. Онда (7) теңдеу

$$A''(x) = f(x) e^{-k_0 x} \quad (9)$$

түрінде жазылады. Бұдан ізделініп отырған $A(x)$ функциясы үшін

$$A(x) = C_2 + C_1 x + \int \left(\int f(x) e^{-k_0 x} dx \right) dx$$

теңдігі алынады. Бұл жағдайда (1) теңдеудің жалпы шешімі

$$y(x) = C_2 e^{k_0 x} + C_1 x e^{k_0 x} + \left(\int \left(\int f(x) e^{-k_0 x} dx \right) dx \right) e^{k_0 x} \quad (10)$$

түрінде табылады.

2. (3) характеристикалық теңдеудің түбірлері өзара түйіндес комплекс сандар дейік, сонда $k_1 = \alpha - i\beta$, $k_2 = \alpha + i\beta$, $k_2 - k_1 = 2i\beta$, $k_2 + k_1 = 2\alpha$ және $k_1 \cdot k_2 = \alpha^2 + \beta^2$; мұнда α, β – нақты сандар, $i^2 = -1$. Бұл жағдайда Виет теоремасы

$$p = -(k_1 + k_2) = -2\alpha,\ q = k_1 \cdot k_2 = \alpha^2 + \beta^2$$

теңдіктері арқылы анықталады. Демек (3) характеристикалық теңдеуді

$$k^2 - 2\alpha k + \alpha^2 + \beta^2 = 0 \quad (11)$$

түрінде жазуға болады.

Одан әрі (7) теңдеуге қайта оралайық та, k_0 үшін характеристикалық теңдеудің $k_2 = \alpha + i\beta$ түбірін алайық. Сонда (7) теңдеу

$$A''(x) + i2\beta A'(x) = f(x) \cdot e^{-(\alpha + i\beta)x}$$

немесе

$$A''(x) + i2\beta A'(x) = f(x) \cdot e^{-\alpha x} \cdot e^{-i\beta x} \quad (12)$$

түрінде жазылады. (12) теңдеудің жалпы шешімін табу үшін тұрақтыны вариациялау әдісін қолданамыз. Алдымен характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$\lambda^2 + i2\beta\lambda = 0 \text{ немесе } \lambda(\lambda + i2\beta) = 0.$$

Бұдан $\lambda_1 = 0$, $\lambda_2 = -i2\beta$. Демек біртекті теңдеудің жалпы шешімі

$$A_O(x) = C_1 A_1(x) + C_2 A_2(x) \quad (13)$$

түрінде табылады, мұнда $A_1(x) = 1$, $A_2(x) = e^{-i2\beta x}$. Одан әрі (13) Лагранж шешімінің құрамына кіретін C_1 және C_2 тұрақтыларын тәуелсіз айнымалы x-тің функциялары ретінде қарастырып, біртекті емес (12) теңдеудің жалпы шешімін

$$A(x) = C_1(x) A_1(x) + C_2(x) A_2(x) \quad (14)$$

түрінде ізделеді. Нәтижесінде белгісіз $C_1(x)$ және $C_2(x)$ функциялары үшін келесі теңдеулер жүйесі алынды:

$$\begin{cases} C_1'(x) A_1(x) + C_2'(x) A_2(x) = 0, \\ C_1'(x) A_1'(x) + C_2'(x) A_2'(x) = f(x) e^{-\alpha x} \cdot e^{-i\beta x}. \end{cases} \quad (15)$$

(15) жүйенің бас және қосалқы анықтауыштарын есептейік:

$$\Delta = \begin{vmatrix} 1 & e^{-i2\beta x} \\ 0 & -i2\beta e^{-i2\beta x} \end{vmatrix} = -i2\beta e^{-i2\beta x},\ \Delta_{C_1'(x)} = \begin{vmatrix} 0 & e^{-i2\beta x} \\ f(x) e^{-\alpha x} \cdot e^{-i\beta x} & -i2\beta e^{-i2\beta x} \end{vmatrix} = -f(x) e^{-\alpha x} \cdot e^{-i3\beta x},$$

$$\Delta_{C_2'(x)} = \begin{vmatrix} 1 & 0 \\ 0 & f(x) e^{-\alpha x} \cdot e^{-i\beta x} \end{vmatrix} = f(x) e^{-\alpha x} \cdot e^{-i\beta x}.$$

Крамер формулалары бойынша

$$C_1'(x)=\frac{1}{i2\beta}f(x)e^{-\alpha x}\cdot e^{-i\beta x}\ \Rightarrow\ C_1(x)=C_1+\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{-i\beta s}ds,$$

$$C_2'(x)=-\frac{1}{i2\beta}f(x)e^{-\alpha x}\cdot e^{-i\beta x}\ \Rightarrow\ C_2(x)=C_2-\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{i\beta s}ds.$$

Демек (12) теңдеудің жалпы шешімі (14) формуланың негізінде

$$A(x)=\left(C_1+\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{-i\beta s}ds\right)\cdot 1+\left(C_2-\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{i\beta s}ds\right)\cdot e^{-i2\beta x}$$

түрінде табылады. Өз кезегінде бастапқы (1) теңдеудің жалпы шешімі

$$y(x)=A(x)e^{k_0x}=A(x)e^{\alpha x}\cdot e^{i\beta x}$$

немесе

$$y(x)=e^{\alpha x}\left[\left(C_1+\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{-i\beta s}ds\right)\cdot e^{i\beta x}+\left(C_2-\frac{1}{i2\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\cdot e^{i\beta s}ds\right)\cdot e^{-i\beta x}\right] \qquad (16)$$

теңдіктері арқылы анықталады.

Табылған шешімді есептеуге ыңғайлы дайын формула түріне келтіреміз:

$$y(x)=e^{\alpha x}\left(C_1\sin\beta x+C_2\cos\beta x+\frac{1}{\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\,\frac{e^{i\beta(x-s)}-e^{-i\beta(x-s)}}{2i}\right)=$$

$$=e^{\alpha x}\left(C_1\sin\beta x+C_2\cos\beta x+\frac{1}{\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\sin(x-s)ds\right).$$

Сонымен (3) характеристикалық теңдеудің түбірлері өзара түйіндес комплекс сандар болғанда (1) теңдеудің жалпы шешімі

$$y(x)=e^{\alpha x}\left(C_1\sin\beta x+C_2\cos\beta x+\frac{1}{\beta}\int_{x_0}^{x}f(s)e^{-\alpha s}\sin(x-s)ds\right) \qquad (17)$$

формуласы арқылы табылады.

Қорытынды. Қолданбалы инженерлік есептерде біртекті емес тұрақты коэффициентті екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеулер жиі кездеседі. Сондықтан олар үшін мақалада қарастырылған әдіс әрқашан оң нәтижесін береді. Бұл әдістің басқа әдістерге қарағанда артықшылығын көрсету мақсатында [2] есеп кітабынан бірнеше есептер қарастырдық.

№577. Теңдеудің жалпы шешімін тап: $y''+y=\frac{1}{\sin x}$.

Шешуі. Характеристикалық теңдеудің түбірлері өзара түйіндес комплекс сандар: $k_1=-i$, $k_2=i$; өйткені $k^2+1=0$. Бұдан $\alpha=0$, $\beta=1$ мәндері табылады. Сонда (17) формула берілген теңдеудің жалпы шешімін береді:

$$y(x)=C_1\sin x+C_2\cos x+\int_{\pi/2}^{x}\frac{1}{\sin s}\sin(x-s)ds=C_1\sin x+C_2\cos x+\sin x\int_{\pi/2}^{x}\frac{\cos s}{\sin s}ds-\cos x\int_{0}^{x}ds=$$

$$=C_1\sin x+C_2\cos x+\sin x\ln|\sin x|-x\cos x=\left(C_1+\ln|\sin x|\right)\sin x+(C_2-x)\cos x.$$

№575. Теңдеудің жалпы шешімін тап: $y''-2y'+y=\frac{e^x}{x}$.

Шешуі. Характеристикалық теңдеудің түбірлері еселі $k_1 = k_2 = 1$, өйткені $k^2 - 2k + 1 = (k-1)^2 = 0$. Еселі түбірлер үшін теңдеудің жалпы шешімі (10) формула бойынша табылады:

$$y(x) = C_2 e^{k_0 x} + C_1 x e^{k_0 x} + \left(\int \left(\int f(x) e^{-k_0 x} dx \right) dx \right) e^{k_0 x},$$

мұнда $f(x) = \dfrac{e^x}{x}$, $k_0 = 1$. Сонда

$$y(x) = e^x \left(x \ln|x| + C_1 x + C_2 \right),$$

өйткені

$$\int f(x) e^{-k_0 x} dx = \int \frac{e^x}{x} \cdot e^{-x} dx = \ln|x|, \text{ ал } \int \ln|x| dx = x \ln|x| - 1.$$

№576. Теңдеудің жалпы шешімін тап: $y''' + 3y' + 2y = \dfrac{1}{e^x + 1}$.

Шешуі. Характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$k^2 + 3k + 2 = 0,\ k_1 = -2,\ k_2 = -1.$$

Табылған түбірлер нақты және әртүрлі. Берілген теңдеудің жалпы шешімін табу үшін (8) формуланы пайдаланамыз:

$$y(x) = C_2 e^{k_1 x} + C_1 \frac{e^{k_2 x}}{k_2 - k_1} + \left(\int e^{(k_2 - k_1)x} \left(\int f(x) e^{-k_2 x} dx \right) dx \right) e^{k_1 x},$$

мұнда $f(x) = \dfrac{1}{e^x + 1}$, $k_2 - k_1 = 1$, $\int f(x) e^{-k_2 x} dx = \int \dfrac{e^x}{e^x + 1} dx = \ln\left(e^x + 1\right)$ және

$$\int e^{(k_2 - k_1)x} \left(\int f(x) e^{-k_2 x} dx \right) dx = \int e^x \ln\left(e^x + 1\right) dx = \int e^x \ln\left(e^x + 1\right) dx =$$
$$= \int \ln\left(e^x + 1\right) d\left(e^x + 1\right) = \left(e^x + 1\right) \ln\left(e^x + 1\right) - e^x.$$

Сонда

$$y(x) = C_2 e^{-2x} + C_1 e^{-x} + \left(e^{-x} + e^{-2x}\right) \ln\left(e^x + 1\right) - e^{-x} = C_2^* e^{-2x} + C_1^* e^{-x} + \left(e^{-x} + e^{-2x}\right) \ln\left(e^x + 1\right),$$

мұнда $C_2^* = C_2$, $C_1^* = C_1 - 1$ – кез келген тұрақтылар.

№601. Теңдеудің жалпы шешімін тап: $y'' + 2y' + y = \cos ix$, $i^2 = -1$.

Шешуі. Характеристикалық теңдеудің түбірлері еселі $k_1 = k_2 = -1$. Берілген теңдеудің жалпы шешімін табу үшін (10) формуланы пайдаланамыз:

$$\int f(x) e^{-k_0 x} dx = \int \cos ix \cdot e^x dx = \int \frac{e^{-x} + e^x}{2} \cdot e^x dx = \frac{1}{2} x + \frac{1}{4} e^{2x},$$

$$\int \left(\int f(x) e^{-k_0 x} dx \right) dx = \frac{1}{4} x^2 + \frac{1}{8} e^{2x}.$$

Сонда

$$y(x) = \left(C_1 + C_2 x + \frac{x^2}{4} \right) e^{-x} + \frac{1}{8} e^x.$$

Әдебиеттер

[1] Сағындықов Б.Ж. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер және Matlab: Оқу құралы./Б.Ж. Сағындықов – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2019. -212 б.

[2] Филиппов А.Ф. Сборник задач по дифференциальным уравнениям. – Ижевск: НИЦ Регулярная и хаотическая динамика, 2000, 176 с.

Новый метод решения линейных дифференциальных уравнений

Б.Ж. Сагындыков, Е.Е. Ерназар

Аннотация. Из теории известно, что общее решение неоднородного линейного дифференциального уравнения второго порядка с постоянными коэффициентами состоит из суммы двух решений. Всегда существует общее решение однородного уравнения относительно корней характеристического уравнения. А независимое решение неоднородного уравнения находится методом неопределенных коэффициентов или методом вариации постоянной.

Поэтому метод вариации постоянных часто применяют для нахождения любого независимого решения неоднородного уравнения. Однако по мере увеличения порядка дифференциального уравнения применять метод Лагранжа становится все труднее. Найти независимое решение неоднородного линейного дифференциального уравнения, удовлетворяющее начальным условиям, и раскрыть его физический смысл непросто, особенно когда корнями характеристического уравнения являются сопряженные комплексные числа. В данной статье представлен новый метод, не требующий решения системы алгебраических уравнений.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, характеристические уравнения, методы Бернулли и Эйлера, теорема Виета.

A new method for solving linear differential equations

B.Zh. Sagindykov, E.E. Ernazar

Abstract. It is known that the general solution of a non-homogeneous second-order linear differential equation with constant coefficients consists of the sum of two solutions. There always exists a general solution of a homogeneous equation with respect to the roots of the characteristic equation. Moreover, an independent solution of an inhomogeneous equation is found by the method of indefinite coefficients or by the method of variation of a constant. Therefore, the constant variation method is often used to find any independent solution to the inhomogeneous equation. However, as the order of the differential equation increases, it becomes more and more troublesome to apply the Lagrange method. It is not easy to find an independent solution of an inhomogeneous linear differential equation that satisfies the initial conditions and to reveal its physical meaning, especially when the roots of the characteristic equation are conjugate complex numbers. This article presents a new method that does not require the solution of a system of algebraic equations.

***Keywords*:** differential equations, characteristic equations, Bernoulli and Euler methods, Vieta's theorem.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ТАЛДАУ

А.С. Ажибекова, А.Б. Нуртай, Қ.Д. Нуралиев, Д.Е. Жапсар
[1]Satbayev University, Қазақстан, Алматы
*aliya_azhibek@mail.ru

Аңдатпа. Орнықты экономикада қаржы саласының ішіндегі айналым көп табыс әкелмейді. Тек экономиканың нақты секторын инвестициялау арқылы капиталды өсіруге болады. Экономиканың нақты секторы – бұл материалдық және материалдық емес өндірістің барлық салаларының жиынтығы. Бірақ капиталды өсіру үшін инвестициялық процестердің талдауын білу қажет. Мұндай процестер – бұл инвестициялар теріс болатын, ал кірістер оң болатын төлемдер ағындары. Бастапқы инвестициялары және тұрақты табысы бар шекті және шексіз жоба сипаттамаларын есептеу әдістері қарастырылған. Инвестициялық шешім қабылдаудың негізіне болашақ инвестиция мен қаржы түсімдерінің көлемін салыстыру мен бағалай білу алынады. Салыстырылатын көлемдер әр түрлі кезеңдерге жатады да олардың өзара қатынасы қаралады. Инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде болашақ капитал салымының тиімділігін бағалай білудің маңызы зор.

Негізгі сөздер: NPV, NFV, инвестиция көлемі, инвестициялық жобалардың сипаттамалары, пайыздық мөлшерлеме.

Кіріспе. Ендігі кезекте инвестициялық процестер туралы біршама ұғымдармен танысайық [1,2]. $\{(R_k, t_k)\}$ инвестициялық процесі – t_k мерзіміндегі R_k төлемдер ағыны болсын, R_k төлемінің таңбасы маңызды: оң таңба – кірісті, теріс таңба – шығыс немесе инвестицияларды көрсетеді. Егер процесте соңғы төлем болса, ол шекті деп аталады, әйтпесе – шексіз деп аталады.

NPV (Net Present Value) – келтірілген таза кіріс, мерзімі 0-ге тең болғандағы, i қойылымымен дисконтталған төлемдердің алгебралық қосындысы.

$$NPV = \sum_k \frac{R_k}{(1+i)^{t_k}}.$$

Шекті процесте NFV (Net Future Value) – өскен таза кірісті анықтауға болады. Ол соңғы төлем мерзімі t_n болғандағы, i қойылымымен дисконтталған төлемдердің алгебралық қосындысы.

$$NFV = \sum_k \frac{R_k}{(1+i)^{t_k - t_n}}.$$

Одан

$$NFV = NPV \cdot (1+i)^{t_n}$$

екені анық.

$NPV > 0$ болса процесс өзін-өзі ақтайды. Яғни, кез-келген уақытта дисконтталған барлық төлемдердің алгебралық суммасы оң болса, процесс өз өзін ақтайды, өйткені барлық осындай суммалар *NPV* немесе *NFV*-мен тығыз байланысты. Процестің кірістілігін былай анықтауға болады: барлық төлем процесстерін белгілі бір уақытқа i процентімен дисконттау арқылы және кірістің шығысқа қатынасын табамыз. Егер процесс өз өзін ақтаса, онда оның кірісіде оң болады, ал ақталмаса – теріс болады.

Келесі кезекте мерзімі 0-ге тең болғанда инвестиция, ал калған төлемдер оң, яғни кіріс болатын процесін қарастырамыз. Мұндай процестер үшін қызықты сипаттама q - процесінің ішкі кірісі - ең аз оң сан, q мөлшерлемесі бойынша 0-ге дейін дисконтталған барлық төлемдердің (алгебралық) сомасы. Егер процесс өзін өзі ақтаса онда $i \leq q$.

1. Бастапқы инвестициясымен және тұрақты табысы бар шекті жобаның сипаттамаларын есептеу формулалары

A=R*a(n,i),

A-жалға алу шамасы немесе кірістер ағыны
R- n жыл бойы жылдық төлем шамасы
a(n,i)-жалға алу коэффиценті

NPV=R*a(n,i)+Inv,
NPV-таза кіріс көлемі
Inv-инвестиция көлемі

Inv+R*a(n,q)=0,
q-жобаның ішкі кірістілігі

d=NPV/-Inv ,
d-кірістілік (финанстық көрсеткіш) 1-ші кестеде көрсетілген.

$$a(n,i) = [1 - (1 + i)^{-n}]/i$$

n \ i	3	4	5	6	7	8	9	10	11
3	2,829	1,775	2,723	2,673	2,624	2,577	2,531	2,487	2,444
4	3,717	3,630	3,546	3,465	3,387	3,312	3,240	3,170	3,102
5	4,580	4,452	4,329	4,212	4,100	3,993	3,890	3,791	3,696
6	5,417	5,242	5,076	4,917	4,767	4,623	4,486	4,355	4,231
7	6,230	6,002	5,786	5,582	5,389	5,206	5,033	4,868	4,712
8	7,020	6,733	6,463	6,210	5,971	5,747	5,535	5,335	5,146
9	7,786	7,435	7,108	6,802	6,515	6,247	5,995	5,759	5,537
10	8,530	8,110	7,722	7,360	7,024	6,710	6,418	6,145	5,889

Кесте 1. Келтірілген рента коэффициенттерінің кестесі

2. Инвестицияның көлемін анықтау

Белгілі бір ұзақтықта инвеститциялық жоба беріледі және де оның өзін өзі ақтау мерзімі сол берілген уақытқа тең. Жоба берілген жылдық кірісті қамтамасыз ету керек. Бұл жобаның характеристикасын және ең маңызды бастапқы инвестицияны табамыз

Қажетті инвестициялар Inv = -R • a(n, i), жоба кірісінің ағымдағы және есептелген мәндері 0 болатыны анық, өйткені өтелу мерзімі жобаның ұзақтығымен сәйкес келеді, жобаның табыстылығы сондай-ақ 0, ал ішкі табыстылық пайыздық мөлшерлемемен сәйкес келеді.

3. Берілген жобаның ішкі кірісі бойынша жылдық табысты есептеу

Акционерлік қоғам инвестициялық жобаны әзірлеуде. Акционерлер жобаның ұсынылған ұзақтығы n және Inv инвестицияның талап етілетін көлемімен келісті, бірақ бұл инвестициядан жалпы қабылданған I пайыздық мөлшерлемеден гөрі j жоғары кірісті талап етеді .Бұл үшін ең төменгі R жылдық табыс қанша болуы керек?

-Inv=R*a(n,j)
$-Inv=R*[1-(1+j)^{-n}]/j$
Осы теңдіктен жылдық табысты анықтаймыз:
$R=(-j*Inv)/[1-(1+j)^{-n}]$.

4. Проценттік қойылымының жобаның сипаттамаларына әсері

Inv, R, n берілген. Кіріс ағымы A=R*a(n,i) екенін білеміз: $a(n,i)=1/(1+i)^n$.

Осыған қарай мынадай тұжырым жасауға болады: *i*% өскен сайын, a(n,i) - кемиді. Сәйкесінше, NPV= -Inv+R*a(n,i) -да азаяды және кірістілік азаяды,ал өз-өзін ақтау уақыты ұялгая түседі. Ал ішкі кірістілік инвестиция көлемі мен кіріс ағынымен анықталатын болғандықтан, i%-ға әсер етпейді.

Осы айтылғандарды тұжырымдасақ, инвестициялық проект проценттік қойылым i% аз болған кезде өз өзін ақтайды,ал қойылым көп болса,өз-өзін ақтай алмайды.

5. Инвестициялық жобаларды салыстыру

Инвестициялық жобалардың ең маңызды сипаттамалары - бұл төмендетілген таза табыс NPV, өтелу мерзімі және жобаның ішкі табыстылығы. Алғашқы екі сипаттама байланысты пайыз мөлшерлемесі i, ал ішкі табыстылық нормасы оған тәуелді емес. Шығындары бойынша ерекшеленетін, бірақ нәтижелері бойынша бірдей инвестициялық жобаларды жиі салыстыру қажет.

Жобаның шығын ағынын графикалық түрде көрсетейік. Ағымдағы құнын есептеу арқылы жобаларды салыстырамыз, ал Am дегеніміз m-ші жоба бойынша шығындар ағыны. Шығындардың бұл ағынын шексіз деп санау әбден заңды, демек:

$$Am = Km + Cm * v + Cm * v^2 + \ldots = Km + Cm / i ,$$

Бұл жерде v = 1 /(1+i) i-салыстыру мөлшерлемесі бойынша дисконт коэффициенті.

Салыстырылған жобалардың ішінде ең жақсысы m жобасы деп есептелуі керек. Шығын ағынының ағымдағы мәні Km + Cm ең кіші, бұл ең кіші мәнге тең Cm + i * Km. Соңғысы төмендетілген шығындардың көрсеткіші ретінде белгілі. i салыстыру коэффициенті ретінде нормативтік тиімділік коэффициенті деп аталатын. Кейбір салаларда ол 0,1-ден 0,5-ке дейінгі диапазонда және орташа белгіленді ұлттық экономика үшін 0,15 болды, бұл 2-ден 10-ға дейінгі ең жоғары рұқсат етілген өтеу мерзімін болжады, ал орта есеппен шамамен 6 жыл.

6. Жабдықты жалға алу үшін төлем өлшемі

Инвестициялық процестің бір түрі лизинг болып табылады.

Жабдық иесінің қамтамасыз етуі маңызды жалға алушы үшін жалға беру тиімділігінің қажетті деңгейі -дилемманы шешіңіз: жабдықты сатып алыңыз немесе оны жалға алыңыз. Бұл мәселелерді шешудің бірінші қадамы - жалдау төлемдерінің мөлшерін анықтау. Жабдық құны- P n-жылға жалға берілсін.

Осы кезеңнің соңына қарай оның қалдық құны 5. Осылайша, жабдықтың иесі

$P - S / (1 + j)^n$ жоғалтады,

бұл жерде 1/(1 + j) - S сомасын әкелетін дисконт коэффициент-I, j-болуы мүмкін үшін жабдықты жалға алудың табыстылығымен анықталады.Шығынды меншік иесіне жалға алушы өтеу керек.

Оның ренталық төлемдер ағынының ағымдағы құны j мөлшерлемесі бойынша

$P - S / (1 + j)^n$ тең болуы керек, осылайша R біржолғы жылдық жалдау төлемінің мөлшерін теңдеулер арқылы анықтауға болады:

$$R*a(n,j) = P-S/(l+j)^n$$

Сондықтан бұл жылдық төлем

$$R = [P - S/(i + j)^n]/a(n, j),$$

j - қайтарымының нормасынан жоғары болуы керек екені анық амортизация h.

j - h айырмашылығы белгілі бір дәрежеде транзакцияның тиімділігін сипаттайды.

7. Жабдықты жалға беруден пайда нормасын анықтау

Жабдықтың иесі үшін жабдықты жалға алуда тиімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету маңызды, атап айтқанда, рентабельділік (инвестициялық процестің кірістілік нормасы) амортизация нормасынан жоғары болуы керек. Жабдық құны - P ол n-жылға жалға берілсін. Жабдықтың бұл түрі үшін амортизация нормасы жылына h пайызды құрайды. Содан кейін n жылдан кейін жабдықтың қалдық құны S тең P(1 - nh). Жылдық жалдау төлемі R деп есептейік. Содан кейін рентабельділік нормасы $R*a(n,j)=P-S/(1+j)^n$ теңдеуінен есептеледі. Қайтарымының нормасынан жоғары болуы керек екені анық амортизация h. j-h айырмашылығы белгілі бір дәрежеде сипаттайды транзакцияның тиімділігі.

Жабдықтың иесі үшін жабдықты жалға алуда тиімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету маңызды, атап айтқанда, рентабельділік (инвестициялық процестің кірістілік нормасы) амортизация нормасынан жоғары болуы керек.

Жалға алушының дилеммасы: жабдықты сатып алу немесе оны жалға алу шешімі қарапайым (егер сіз жалға алудың кейбір қосымша нәзіктіктерін ескермесеңіз): жабдықты сатып алу және оны жалға алу құнының ағымдағы мәндерін салыстыру керек.

Әдебиеттер

[1] Малыхин В.И. Финансовая математика: Учеб. пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – С. 39-46.

[2] Четыркин Е.М. Финансовая математика. – М.: Издательство «ДЕЛО», 2008.

Анализ инвестиционных процессов

А.С. Ажибекова, А.Б. Нуртай, Қ.Д. Нуралиев, Д.Е. Жапсар

Аннотация. В стабильной экономике оборот внутри финансового сектора не приносит большого дохода. Приумножить капитал можно только за счет вложений в реальный сектор экономики. Реальный сектор экономики представляет собой сумму всех отраслей материального и нематериального производства. Но чтобы приумножить капитал, нужно уметь анализировать инвестиционные процессы. Такие процессы представляют собой платежные потоки, в которых инвестиции отрицательны, а доходы положительны. Существуют методы расчета характеристик конечного и бесконечного проектов с начальными инвестициями и постоянными доходами. В основе принятия инвестиционных решений лежит способность сравнивать и оценивать объем будущих инвестиций и финансовых доходов. Сравниваемые объемы относятся к разным стадиям и рассматривается их взаимосвязь. Важно уметь оценивать эффективность будущих капитальных вложений при принятии инвестиционных решений.

Ключевые слова: NPV, NFV, объем инвестиций, характеристика инвестиционных проектов, ставка процента.

Analysis of investment processes

A.S. Azhibekova, A.B. Nurtay, K.D. Nuraliyev, D.E. Zhapsar

Abstract. In a normal economy, the turnover within the financial sector does not bring much income. It is possible to increase capital only by investing in the real sector of the economy. The real sector of the economy is the sum of all branches of material and non-material production. But in order to increase capital, you need to be able to analyze investment processes. Such processes are payment flows in which investment is negative and returns are positive. There are methods for calculating the characteristics of finite and infinite projects with initial investment and constant income. At the heart of making investment decisions is the ability to compare and evaluate the volume of future investments and financial returns. Compared volumes refer to different stages and their relationship is considered. It is important to be able to evaluate the effectiveness of future capital investments when making investment decisions.

Keywords: NPV, NFV, volume of investments, characteristics of investment projects, interest rate.

КВАДРАТУРАДА ШЕШІЛЕТІН БІРТЕКТІ ЕМЕС ТҰРАҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ ҮШІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР

Б.Ж. Сағындықов, Н.Д. Ғанибаева, Б.М. Қамысбай
Satbayev University, Қазақстан, Алматы
bimurat55@gmail.com

Аңдатпа. Біртекті емес сызықты дифференциалдық теңдеудің қайсыбір дербес шешімін табарда көбінесе Лагранж әдісі деп аталатын тұрақтыны вариациялау әдісін қолданамыз. Алайда дифференциалдық теңдеудің реті өскен сайын Лагранж әдісін пайдалану қиындай түседі. Өйткені қосымша сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін шешуге тура келеді. Бұл жұмыста характеристикалық теңдеудің түбірлеріне қатысты үш жағдай қарастырылды. Характеристикалық теңдеудің түбірлері еселі болғанда үшінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеудің реті екіге төмендейді. Екінші жағдайда бастапқы теңдеу сызықты теңдеуге келтіріледі. Характеристикалық теңдеудің бір түбірі нақты, ал қалған екеуі өзара түйіндес комплекс сандар болғанда бастапқы теңдеудің реті бірге төмендейді. Жұмыстың ерекшелігі – барлық жағдайда үшінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеуді шешудің дайын формуласы беріледі. Сондықтан бұл жұмыста теңдеудің жалпы шешімін бір немесе бірнеше интегралдар арқылы өрнектейтін жаңа әдістеме ұсынылды.

Негізгі сөздер. Дифференциалдық теңдеулер, характеристикалық теңдеу және оның түбірлері, Виет теоремасы, Эйлер формуласы, жорамал бірлік.

$$y'''(x)+py''(x)+qy'(x)+ry(x)=f(x) \tag{1}$$

түріндегі біртекті емес тұрақты коэффициентті үшінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырайық, мұнда $x\in[a,b]$, ал $f(x)$ – үзіліссіз функция. (1) теңдеудің шешімін

$$y(x)=A(x)e^{k_0x} \tag{2}$$

түрінде іздейік, мұнда $A(x)$ – белгісіз функция, k_0 – характеристикалық теңдеудің қайсыбір түбірі.

Алгебраның негізгі теоремасынан (1) теңдеудің

$$k^3+pk^2+qk+r=0 \tag{3}$$

түріндегі характеристикалық теңдеуінің комплекс сандар жиынында міндетті түрде үш түбірі табылатыны жалпы теориядан белгілі. Сонымен қатар бұл түбірлер үшін Виет теоремасы

$$k_1+k_2+k_3=-p,\ \ k_1k_2+k_2k_3+k_3k_1=q,\ \ k_1k_2k_3=-r \tag{4}$$

түрінде жазылады, мұнда k_1, k_2, k_3 – (3) характеристикалық теңдеудің түбірлері.

Одан әрі ізделініп отырған (2) шешімнен бірінші, екінші және үшінші туындыларын тауып, батсапқы (1) теңдеуге қоямыз. Нәтижесінде ізделініп отырған $A(x)$ функциясына қатысты

$$A'''(x)+(3k_0+p)A''(x)+(3k_0^2+2pk_0+q)A'(x)+(k_0^3+pk_0^2+qk_0+r)A(x)=f(x)\cdot e^{-k_0x} \tag{5}$$

түріндегі теңдеу алынады. Ұйғаруымыз бойынша k_0 – характеристикалық теңдеудің қайсыбір түбірі. Сондықтан $k_0^3+pk_0^2+qk_0+r\equiv 0$. Соңғы теңдікті ескере отырып, (5) теңдеуді қайтадан жазайық:

$$A'''(x)+(3k_0+p)A''(x)+(3k_0^2+2pk_0+q)A'(x)=f(x)e^{-k_0x}. \tag{6}$$

Шын мәнісінде теңдеудің реті бірге төмендеді.

Жалпы теориядан кубтық теңдеудің әртүрлі нақты үш түбірі немесе бір нақты және екі өзара түйіндес комплекс түбірлері болуы мүмкін. Енді (6) теңдеуді характеристикалық теңдеудің түбірлеріне қатысты зерттейік:

а) характеристикалық теңдеудің түбірлері нақты және өзара тең деп ұйғарайық, сонда

$$k_0:=k_1=k_2=k_3.$$

Бұл жағдай үшін Виет теоремасының бірінші және екінші теңдіктерін ашып жазайық:

$$k_1 + k_2 + k_3 = 3k_0 = -p \text{ немесе } 3k_0 + p = 0;$$

$$k_1k_2 + k_2k_3 + k_3k_1 = 3k_0^2 = q \text{ немесе } 3k_0^2 - q = 0.$$

Сонда $$3k_0^2 + 2pk_0 + q = 3k_0^2 + 2\left(-3k_0\right)k_0 + 3k_0^2 \equiv 0.$$

Демек характеристикалық теңдеудің еселі түбірлері үшін (6) теңдеу

$$A'''\left(x\right) = f\left(x\right)e^{-k_0x} \tag{7}$$

түрінде жазылады. Бұл теңдеуді біртіндеп үш рет интегралдаймыз. Ізделініп отырған $A(x)$ функциясы және оның туындылары үшін келесі өрнектерді аламыз:

$$A''\left(x\right) = \int_{x_0}^{x} f\left(x\right)\cdot e^{-k_0x}dx + C_1,\ A'\left(x\right) = \int_{x_0}^{x} dx\int_{x_0}^{x} f\left(x\right)\cdot e^{-k_0x}dx + C_1\left(x - x_0\right) + C_2,$$

$$A\left(x\right) = \int_{x_0}^{x} dx\int_{x_0}^{x} dx\int_{x_0}^{x} f\left(x\right)\cdot e^{-k_0x}dx + C_1\frac{\left(x - x_0\right)^2}{2} + C_2\left(x - x_0\right) + C_3.$$

Сонда

$$y\left(x\right) = A\left(x\right)e^{k_0x} = \left(\int_{x_0}^{x} dx\int_{x_0}^{x} dx\int_{x_0}^{x} f\left(x\right)\cdot e^{-k_0x}dx + C_1\frac{\left(x - x_0\right)^2}{2} + C_2\left(x - x_0\right) + C_3\right)e^{k_0x}. \tag{8}$$

Соңғы (8) формула бастапқы (1) теңдеудің квадратура арқылы табылатын жалпы шешімін көрсетеді. $x = x_0$ шартында $A\left(x = x_0\right) = C_3$, $A'\left(x = x_0\right) = C_2$, $A''\left(x = x_0\right) = C_1$, яғни бастапқы шарттарды қанағаттандыратын дербес шешімін аламыз.

б) характеристикалық теңдеудің түбірлері нақты, бірақ арасында еселі түбірлер бар деп ұйғарайық. Мысалы $k_1, k_0 := k_2 = k_3$ болсын дейік. Бұл жағдайда (4) Виет теоремасының бірінші теңдігі

$$k_1 + k_2 + k_3 = -p \ \Rightarrow\ k_1 + 2k_0 = -p$$

түрінде анықталады. Сонда $3k_0 + p = k_0 - k_1$.

Виет теоремасының екінші теңдігінен q-ды анықтайық:

$$q = k_1k_2 + k_2k_3 + k_3k_1 = 2k_0k_1 + k_0^2.$$

Сонда

$$3k_0^2 + 2pk_0 + q = 3k_0^2 + 2k_0\left(-k_1 - 2k_0\right) + 2k_0k_1 + k_0^2 \equiv 0.$$

Бұл жағдайда ізделініп отырған $A(x)$ функциясы үшін

$$A'''\left(x\right) + \left(k_2 - k_1\right)A''\left(x\right) = f\left(x\right)e^{-k_2x} \tag{9}$$

теңдеуі алынады. $A''\left(x\right) = B\left(x\right)$ теңдігі арқылы жаңа $B(x)$ функциясын анықтайтын болсақ, онда (9) теңдеу $B(x)$ функциясына қатысты сызықты теңдеу болады:

$$B'\left(x\right) + \left(k_2 - k_1\right)B\left(x\right) = f\left(x\right)\cdot e^{-k_2x}. \tag{10}$$

(10) теңдеудің жалпы шешімін Бернулли әдісін қолдана отырып табамыз:

$$A''\left(x\right) = B\left(x\right) = e^{(k_1-k_2)x}\left(C_1 + \int f\left(x\right)e^{-k_2x}\cdot e^{(k_2-k_1)x}dx\right) = e^{(k_1-k_2)x}\left(C_1 + \int f\left(x\right)e^{-k_1x}dx\right),$$

$$A'\left(x\right) = C_2 + C_1\frac{1}{k_1 - k_2}e^{(k_1-k_0)x} + \int e^{(k_1-k_0)x}dx\int f\left(x\right)e^{-k_1x}dx,$$

$$A\left(x\right) = C_3 + C_2x + C_1\frac{1}{\left(k_1 - k_2\right)^2}e^{(k_1-k_0)x} + \int dx\int e^{(k_1-k_0)x}dx\int f\left(x\right)e^{-k_1x}dx.$$

Сонда

$$y\left(x\right) = A\left(x\right)e^{k_2x} = \left(C_3 + C_2x + C_1\frac{1}{\left(k_1 - k_2\right)^2}e^{(k_1-k_0)x} + \int dx\int e^{(k_1-k_2)x}dx\int f\left(x\right)e^{-k_1x}dx\right)\cdot e^{k_2x}.$$

в) характеристикалық теңдеудің бір түбірі нақты, ал қалған екеуі өзара түйіндес комплекс сандар дейік. (6) формуладағы k_0 үшін нақты түбірді алайық, сонда $k_0 = k_1$, $k_2 = \alpha - i\beta$, $k_3 = \alpha + i\beta$. Мұнда α, β – нақты сандар, i – жорамал бірлік, $i^2 = -1$. Виет теоремасы бойынша

$$k_1 + k_2 + k_3 = k_0 + 2\alpha \;\Rightarrow\; p = -\left(k_0 + 2\alpha\right),$$

$$k_1k_2 + k_2k_3 + k_3k_1 = 2\alpha k_0 + \alpha^2 + \beta^2 \;\Rightarrow\; q = \alpha^2 + \beta^2 + 2\alpha k_0,$$

$$k_1k_2k_3 = k_0\left(\alpha^2 + \beta^2\right) \;\Rightarrow\; r = -k_0\left(\alpha^2 + \beta^2\right).$$

Осы теңдіктердің көмегімен (6) теңдеудің коэффициенттерін α, β және k_0 арқылы өрнектейік:

$$3k_0 + p = 2\left(k_0 - \alpha\right),\; 3k_0^2 + 2pk_0 + q = \left(k_0 - \alpha\right)^2 + \beta^2.$$

Нәтижесінде (6) теңдеу

$$A'''(x) + 2\left(k_0 - \alpha\right)A''(x) + \left[\left(k_0 - \alpha\right)^2 + \beta^2\right]A'(x) = f(x)e^{-k_0x}$$

түрінде жазылады.

$$A'(x) = B(x) \tag{12}$$

алмастыруын жасайық, сонда жаңа $B(x)$ функциясына қатысты

$$B''(x) + 2\left(k_0 - \alpha\right)B'(x) + \left[\left(k_0 - \alpha\right)^2 + \beta^2\right]B(x) = f(x)e^{-k_0x} \tag{13}$$

теңдеуі алынады. (13) теңдеудің характеристикалық теңдеуінің түбірлеріне қатысты үш жағдай қарастырылады:

а) түбірлері нақты және өзара тең: $\lambda_0 := \lambda_1 = \lambda_2$;

б) түбірлері нақты және әртүрлі: $\lambda_1 \neq \lambda_2$;

в) түбірлері өзара түйіндес комплекс сандар: $\lambda_1 = \gamma - i\delta$, $\lambda_2 = \gamma + i\delta$.

Бірінші жағдайды толықтай қарастырайық, яғни $\lambda_0 := \lambda_1 = \lambda_2$ дейік. Одан әрі (13) теңдеудің характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$\lambda^2 + 2\left(k_0 - \alpha\right)\lambda + \left[\left(k_0 - \alpha\right)^2 + \beta^2\right] = 0. \tag{14}$$

(13) теңдеудің шешімін

$$B(x) = D(x)e^{\lambda_0x} \tag{15}$$

түрінде іздейміз, мұнда λ_0 – (14) теңдеудің қайсыбір түбірі. Нәтижесінде ізделініп отырған $D(x)$ функциясына қатысты

$$D''(x) + D'(x)\left(2k_0 - 2\alpha + 2\lambda_0\right) + D(x)\left(\lambda_0^2 + 2\left(k_0 - \alpha\right)\lambda_0 + \left(k_0 - \alpha\right)^2 + \beta^2\right) = f(x)e^{-k_0x}\cdot e^{-\lambda_0x} \tag{16}$$

теңдеуі алынады.

Виет теоремасы бойынша $\lambda_1 + \lambda_2 = 2\lambda_0 = -2\left(k_0 - \alpha\right)$, бұдан $2k_0 - 2\alpha + 2\lambda_0 = 0$. Онда (16) теңдеу

$$D''(x) = f(x)e^{-k_0x}\cdot e^{-\lambda_0x}$$

түрінде жазылады. Соңғы теңдіктен ізделініп отырған $D(x)$ функциясы үшін

$$D(x) = C_2 + C_1x + \int dx\int f(x)e^{-k_0x}\cdot e^{-\lambda_0x}dx$$

теңдігі алынады. Сонда (15) теңдіктің негізінде (13) теңдеудің жалпы шешімі

$$B(x) = \left(C_2 + C_1x + \int dx\int f(x)e^{-k_0x}\cdot e^{-\lambda_0x}dx\right)e^{\lambda_0x}$$

түрінде жазылады. Әрі қарай (12) теңдіктен $A(x)$ функциясы табылады:

$$A(x) = C_3 + \int\left(C_2 + C_1x + \int dx\int f(x)e^{-(k_0+\lambda)x}dx\right)e^{\lambda_0x}dx.$$

Ескерту. (13) теңдеудің характеристикалық теңдеуінің түбірлеріне қатысты табылатын жалпы шешімдері [1] мақалада толықтай қарастырылған.

1-мысал. $y''' - 3y' - 2y = 9e^{2x}$ теңдеуінің жалпы шешімін тап.

Шешуі. Характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$k^3 - 3k - 2 = k^3 + 1 - 3(k+1) = (k+1)(k^2 - k - 2) = (k-2)(k+1)^2 = 0$. $k_1 = 2$, $k_2 = k_3 = -1$.

Берілген теңдеудің жалпы шешімін

$$y(x) = A(x)e^{k_0 x}$$

түрінде іздейміз. Характеристикалық теңдеудің түбірлері нақты, бірақ арасында еселі түбірлері бар. Сондықтан $k_0 := k_2 = k_3 = -1$ деп аламыз. Сонда жалпы шешім (11) формула бойынша табылады. Мұнда $f(x) = 9e^{2x}$.

$$\int f(x)e^{-k_1 x}dx = \int 9e^{2x} \cdot e^{-2x}dx = 9x;\ \int e^{(k_1 - k_2)x}dx \int f(x)e^{-k_1 x}dx = \int 9xe^{3x}dx = (3x-1)e^{3x};$$

$$\int dx \int e^{(k_1 - k_2)x}dx \int f(x)e^{k_1 x}dx = \int (3x-1)e^{3x}dx = \frac{3x-2}{3}e^{3x}.$$

Сонда

$$y(x) = \left(C_3 + C_2 x + \frac{1}{9}C_1 e^{3x} + \frac{3x-2}{3}e^{3x}\right)e^{-x} = (C_3 + C_2 x)e^{-x} + \frac{1}{9}(C_1 + 9x - 6)e^{2x}.$$

2-мысал. $y''' - 3y'' + 3y' - y = \dfrac{e^x}{x}$ теңдеуінің жалпы шешімін тап.

Шешуі. Характеристикалық теңдеуін құрамыз: $k^3 - 3k^2 + 3k - 1 = (k-1)^3 = 0$.

Характеристикалық теңдеудің түбірлері нақты және өзара тең. Сондықтан $k_0 := k_1 = k_2 = k_3 = 1$. Бұл жалпы шешім (8) формула бойынша табылады. Мұнда

$$f(x) = \frac{e^x}{x},\ \int f(x)e^{-k_0 x}dx = \int \frac{e^x}{x}e^{-x}dx = \ln|x|;\ \int dx \int f(x)e^{-k_0 x}dx = \int \ln|x|dx = x\ln|x| - x;$$

$$\int dx \int dx \int f(x)e^{-k_0 x}dx = \int (x\ln|x| - x)dx = \frac{x^2}{2}\ln|x| - \frac{3x^2}{4}.$$

Сонда

$$y(x) = \left(C_1 \frac{x^2}{2} + C_2 x + C_3 + \frac{x^2}{2}\ln|x| - \frac{3x^2}{4}\right)e^x.$$

3-мысал. $y'''(x) - y''(x) + y'(x) - y(x) = \dfrac{1}{\sin x}$ теңдеуінің жалпы шешімін тап.

Шешуі. Характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$k^3 - k^2 + k - 1 = 0 \ \Leftrightarrow\ (k^2 + 1)(k-1) = 0;\ k_1 = 1,\ k_2 = -i,\ k_3 = i.$$

(6) формуладағы k_0 үшін нақты түбірді алайық, сонда $k_0 = k_1 = 1$, $k_2 = \alpha - i\beta = -i$, $k_3 = \alpha + i\beta = i$. Демек $\alpha = 0$, $\beta = 1$, $k_0 - \alpha = 1$. Нәтижесінде белгісіз $B(x)$ функциясы үшін (13) теңдік

$$B''(x) + 2B'(x) + 2B(x) = \frac{1}{\sin x}e^{-x} \tag{17}$$

теңдеуі арқылы анықталады. Әрі қарай (17) теңдеудің характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$\lambda^2 + 2\lambda + 2 = 0 \ \Rightarrow\ \lambda_{1,2} = -1 \pm i \ \Rightarrow\ \lambda_1 = -1 - i,\ \lambda_2 = -1 + i.$$

(17) теңдеудің жалпы шешімін

$$B(x) = D(x)e^{\lambda_0 x} \tag{18}$$

түрінде іздейміз. Біршама есептеулерден кейін белгісіз $D(x)$ функциясына қатысты

$$D''(x) + (2\lambda_0 + 2)D'(x) = \frac{1}{\sin x}e^{-x} \cdot e^{-\lambda_0 x} \tag{19}$$

теңдеуі алынады. Бұл теңдеудің құрамындағы λ_0 үшін $\lambda_2 = -1 + i$ түбірін алайық, сонда $2\lambda_0 + 2 = 2i$. Сонымен қатар (19) теңдеу

$$D''(x) + 2iD'(x) = \frac{1}{\sin x} e^{-ix},\ i^2 = -1 \tag{20}$$

түрінде жазылады. Соңғы (20) теңдеудің жалпы шешімін табу үшін тұрақтыны вариациялау әдісін қолданайық. Характеристикалық теңдеуін құрамыз және түбірлерін анықтаймыз: $r^2 + 2ir = 0$, $r_1 = -2i$, $r_2 = 0$. Біртекті теңдеудің жалпы шешімін жазамыз:

$$D_O(x) = C_1 D_1(x) + C_2 D_2(x),$$

мұнда $D_1(x) = e^{-2ix}$, $D_2(x) = 1$. Одан әрі (20) теңдеудің жалпы шешімін

$$D(x) = C_1(x) D_1(x) + C_2(x) D_2(x) \tag{21}$$

түрінде іздейміз, сонда $C_1(x)$, $C_2(x)$ функцияларын табу үшін

$$\begin{cases} C_1'(x) D_1(x) + C_2'(x) D_2(x) = 0, \\ C_1'(x) D_1'(x) + C_2'(x) D_2'(x) = \dfrac{1}{\sin x} e^{-ix} \end{cases}$$

теңдеулер жүйесі алынады. Крамер формулаларының көмегімен $C_1'(x)$ және $C_2'(x)$ функцияларын анықтаймыз:

$$C_1'(x) = -\frac{1}{\sin x}\frac{1}{2i} e^{ix} \text{ және } C_2'(x) = \frac{1}{\sin x}\frac{1}{2i} e^{-ix}\ .$$

Бұдан

$$C_1(x) = C_1 - \frac{x}{2} - \frac{1}{2i}\ln|\sin x|,\ C_2(x) = C_2 - \frac{x}{2} + \frac{1}{2i}\ln|\sin x|.$$

(21) теңдіктен

$$D(x) = \left(C_1 - \frac{x}{2} - \frac{1}{2i}\ln|\sin x|\right) e^{-2ix} + \left(C_2 - \frac{x}{2} + \frac{1}{2i}\ln|\sin x|\right)\cdot 1.$$

(18) теңдіктен

$$B(x) = D(x) e^{-x}\cdot e^{ix} = e^{-x} + \left(C_2 - \frac{x}{2} + \frac{1}{2i}\ln|\sin x|\right) e^{ix}\Bigg] =$$

$$= e^{-x}\left(\overline{C}_1 \cos x + \overline{C}_2 \sin x - x\cos x + \sin x\cdot \ln|\sin x|\right) =$$

$$= e^{-x}\left(\overline{C}_1 \cos x + \overline{C}_2 \sin x - x\cos x + \sin x\cdot \ln|\sin x|\right),$$

мұнда $\overline{C}_1 = C_1 + C_2$, $\overline{C}_2 = i(C_2 - C_1)$. Одан әрі (12) теңдіктен ізделініп отырған $A(x)$ функциясын табамыз.

Қорытынды. Біртекті емес дифференциалдық теңдеудің реті өскен сайын оның жалпы шешімін табу қиындай түсетіні белгілі. Бұл мақалада дифференциалдық теңдеудің ретін төмендететін жаңа әдістеме қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Сағындықов Б.Ж. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер және Matlab: Оқу құралы./Б.Ж. Сағындықов – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2019. -212 б.

[2] Филиппов А.Ф. Сборник задач по дифференциальным уравнениям. – Ижевск: НИЦ Регулярная и хаотическая динамика, 2000, 176 с.

Неоднородные линейные дифференциальные уравнения третьего порядка с постоянными коэффициентами, решаемые в квадратурах

Б.Ж. Сагиндыков, Н.Д. Ганибаева, Б.М. Камысбай

Аннотация. При нахождении частного решения неоднородного линейного дифференциального уравнения часто используется метод вариации постоянных, называемый методом Лагранжа. Однако по мере увеличения порядка дифференциального уравнения использование метода Лагранжа становится все труднее. Потому что нужно решить систему дополнительных линейных алгебраических уравнений. В данной работе рассматриваются три случая, связанные с корнями характеристического уравнения. Когда корни характеристического уравнения кратны, порядок линейного дифференциального уравнения третьего порядка уменьшается на два. Во втором случае исходное уравнение сводится к линейному уравнению. Когда один корень характеристического уравнения является действительным, а два других — комплексными числами, порядок исходного уравнения уменьшается на единицу. Особенность работы в том, что во всех случаях дается готовая формула решения линейного дифференциального уравнения третьего порядка. Поэтому в данной работе предлагается новый способ выражения общего решения уравнения одним или несколькими интегралами.

Ключевые слова. дифференциальные уравнения, характеристические уравнения и их корни, теорема Виета, формула Эйлера, гипотетическая единица.

Inhomogeneous linear differential equations of the third order with constant coefficients, solved in quadratures

B.Zh. Sagindykov, N.D. Ganibaeva, B.M. Kamysbai

Abstract. When finding a particular solution to a non-homogeneous linear differential equation, the method of variation of constants is often used, called the Lagrange method. However, as the order of the differential equation increases, using the Lagrange method becomes more and more difficult because you need to solve a system of additional linear algebraic equations. In this article, we consider three cases related to the roots of the characteristic equation. When the roots of the characteristic equation are multiples, the order of the third-order linear differential equation is reduced by two. In the second case, the original equation reduces to a linear equation. When one root of the characteristic equation is real and the other two are complex numbers, the order of the original equation is reduced by one. The peculiarity of the work is that in all cases a prepared formula for the solution of a third-order linear differential equation is given. Therefore, in this paper, we propose a new way of expressing the general solution of an equation by one or more integrals.

Keywords. differential equations, characteristic equations and their roots, Vieta's theorem, Euler's formula, hypothetical unit.

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУДЕГІ МАТРИЦАЛЫҚ ЭКСПОНЕНТАНЫҢ РОЛІ

Б.Ж. Сағындықов, А. Досымбекова
Satbayev University, Қазақстан, Алматы
bimurat55@gmail.com

Аңдатпа. Матрицалық экспонента қарапайым дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешуде қолданылады. Бұл жұмыста матрицалық экспонентаны әртүрлі жолдармен табу қарастырылады. Әсіресе оқу бағдарламасында кездесе бермейтін Лапластың интегралдық түрлендіруіне негізделген балама әдіс ретінде операциялық қисап әдісі ұсынылады. Мақалада біртекті емес тұрақты коэффициентті сызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесінің жалпы шешімін табу үшін келесі алгоритм қарастырылды. Алдымен біртекті жүйенің негізгі матрицасының матрицалық экспонентасы табылды. Матрицалық экспонентаның көмегімен біртекті жүйенің жалпы шешімі жазылды. Содан кейін тұрақтыны вариациялау әдісін қолдана отырып біртекті емес жүйенің жалпы шешімі табылды. Бұл әдістеме оқу жүйесінде қарастырылатын басқа әдістемелерге қарағанда жаңа тәсіл болып табылады. Жұмыс барысында жүйенің барлық теңдеулеріне ортақ характеристикалық теңдеу алынды. Сонымен қатар бұл әдістің қысқаша сипаттамасы және оған қоса нақты мысалдарды шешудің алгоритмі беріледі.

Негізгі сөздер. Дифференциалдық теңдеулер жүйесі, матрица, матрицалық экспонента, операциялық қисап, Эйлер және Даламбер әдістері.

Алғысөз. Университетте міндетті түрде оқытылатын „Дифференциалдық теңдеулер“ курсында қарастырылатын „Дифференциалдық теңдеулер жүйесі“ тақырыбы толықтай зерттеуді талап ететін күрделі тақырыптардың бірі. Техникалық салалар бойынша білім алушылардың көпшілігі бұл тақырыпты зерттеуде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Бұл әдетте тақырыпқа бөлінетін кредиттің аздығына да байланысты.

Оқытушылардың басым көпшілігі студенттерге қарапайым дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу жолдарын үйретуде бұрыннан қалыптасқан әдістемелік тәсілді қолданады. Көбіне дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешуде келесі схема қолданылады:

1) қалыпты дифференциалдық теңдеулер жүйесі ұғымы енгізіледі, оның жалпы және жеке шешімдері туралы түсінік қалыптастырылады;

2) дифференциалдық жүйелерді шешудің қарапайым әдістері қарастырылады, атап айтқанда − „белгісізді шығарып тастау“ және „интеграладанатын комбинациялар“ әдістері.

Екі әдіс те дифференциалдық теңдеулер жүйесін зерттеуге дейінгі тақырыптарға негізделеді.

3) Әрі қарай сызықтық дифференциалдық теңдеулер жүйелері қарастырылады (біртекті және біртекті емес). Мұндай жүйелерді шешу үшін әдетте Эйлер және Даламбер әдістері қолданылады.

Мақалада дифференциалдық теңдеулер жүйесін зерттеуде оқу бағдарламасында қарастырыла бермейтін тағы бір тәсіл бар. Ол матрицалар теориясы мен операциялық қисап теориясына негізделген әдістеме. Бұл әдістегі негізгі ұғым − „матрицалық экспонента“ ұғымы. Сонымен қатар жоғарыда қарастырылған әдістерге сүйене отырып берілген матрицаның „матрицалық экспонентасын“ табудың әртүрлі жолдарын қарастырамыз. Жүйенің негізгі матрицасының „матрицалық экспонентасы“ табылатын болса, онда оның жалпы шешімін және бастапқы шарттарды қанағаттандыратын дербес шешімін табу қиындық туғызбайды. Сондықтан алда тек „матрицалық экспонентаны“ табумен айналысамыз.

№868. $A=\begin{pmatrix} 0 & 1 \\ -1 & 0 \end{pmatrix}$ матрицасы берілген. $e^A=\exp\left(A\right)$ табу керек.

Шешуі. Берілген A матрицасын

$$\begin{cases} \dot{x}=y, \\ \dot{y}=-x \end{cases} \qquad (1)$$

біртекті теңдеулер жүйесінің негізгі матрицасы ретінде қарастырамыз, мұнда $\dot{x} = \frac{dx}{dt}$, $\dot{y} = \frac{dy}{dt}$.

(1) жүйенің жалпы шешімін табу үшін алдымен бастапқы шарттары берілген

$$\begin{aligned} \dot{x} &= a_{11}x + a_{12}y, \\ \dot{y} &= a_{21}x + a_{22}y, \end{aligned} \quad x(0) = x_0,\ y(0) = y_0 \tag{2}$$

біртекті дифференциалдық теңдеулер жүйесін қарастырайық. (2) жүйені матрицалық түрде жазайық:

$$\frac{d}{dt}\begin{pmatrix} x(t) \\ y(t) \end{pmatrix} = A\begin{pmatrix} x(t) \\ y(t) \end{pmatrix} \text{ немесе } \dot{X}(t) = AX(t),\ X(0) = X_0, \tag{3}$$

мұнда $A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{pmatrix}$, $X = \begin{pmatrix} x(t) \\ y(t) \end{pmatrix}$, $X(0) = \begin{pmatrix} x_0 \\ y_0 \end{pmatrix}$. Сонда бастапқы шарттарды қанағаттандыратын (3) жүйенің шешімі

$$X(t) = e^{tA}X(0) \tag{4}$$

теңдігі арқылы беріледі, мұнда e^{tA} – (2) жүйенің негізгі матрицасының экспонентасы.

Матрицалық экспонентаның қасиеттері:

1^0. $AB = BA$ теңдігі орындалғанда және тек сонда ғана барлық t үшін $e^{tA} \cdot e^{tB} = e^{t(A+B)}$ теңдігі орындалады.

2^0. A және ($-A$) матрицалары орын алмастырымды матрицалар екені анық. Сондықтан $e^{tA} \cdot e^{-tA} = e^{t(A-A)} = E$ теңдігінен e^{-tA} матрицасы e^{tA} матрицалық экспонентасының кері матрицасы болады.

3^0. e^{tA} матрицалық экспонентасы (2) жүйенің фундаментальды (іргелі) матрицасы болады.

Бұл қасиеттер (2) жүйенің фундаментальды матрицасын, демек жүйенің жалпы шешімін табуға мүмкіндік береді.

Матрицалық экспонентаны табудың кейбір жолдарын қарастырайық. Әдетте сызықты дифференциалдық жүйенің жалпы шешімін табу үшін „меншікті мәндер мен меншікті векторлар әдісі“ (Эйлер әдісі) және „интегралданатын комбинациялар“ (Даламбер әдісі) қолданылады. Біз бұл жұмыста басқа бір әдістеме қолданамыз. Ол үшін (2) жүйенің характеристикалық теңдеуін құрамыз:

$$\lambda^2 - \mathrm{Sp}A \cdot \lambda + \det A = 0, \tag{5}$$

мұнда $\mathrm{Sp}A = a_{11} + a_{22}$, $\det A = \begin{vmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{vmatrix} = a_{11}a_2 - a_{12}a_{21}$.

(5) характеристикалық теңдеуден ізделініп отырған $x(t)$, $y(t)$ функциялары келесі біртекті емес екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеулердің шешімі болатыны шығады:

$$\ddot{x}(t) - \mathrm{Sp}A\dot{x}(t) + \det Ax(t) = 0, \tag{6}$$

$$\ddot{y}(t) - \mathrm{Sp}A\dot{y}(t) + \det Ay(t) = 0. \tag{7}$$

Енді берілген $A = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ -1 & 0 \end{pmatrix}$ матрицасының экспонентасын табуға кірісейік. Характеристикалық теңдеуін құрамыз: $\lambda^2 + 1 = 0$, $\lambda_{1,2} = \pm i$, $i^2 = -1$. Жүйенің меншікті мәндері өзара түйіндес жорамал бірліктер, онда (6) және (7) теңдеулердің шешімдері

$$x(t) = C_1 \cos t + C_2 \sin t,\ y(t) = A_1 \cos t + A_2 \sin t$$

түрінде анықталады, мұнда C_1, C_2, A_1, A_2 – кез келген тұрақтылар. Теориядан жалпы шешімнің құрамына тек C_1, C_2 тұрақтылары кіретіні белгілі. Сондықтан A_1, A_2 тұрақтылары C_1, C_2 тұрақтылары арқылы өрнектеледі. Ол үшін (1) жүйенің кез келген теңдеуін алуға болады. Мысалы, $\dot{x} = y$ теңдеуін алайық. Сонда

$$-C_1 \sin t + C_2 \cos t = A_1 \cos t + A_2 \sin t \;\Rightarrow\; A_1 = C_2,\; A_2 = -C_1.$$

Әрі қарай табылған $x(t)$, $y(t)$ функциялары арқылы жүйенің жалпы шешімін жазамыз:

$$X(t) = \begin{pmatrix} C_1 \cos t + C_2 \sin t \\ C_2 \cos t - C_1 \sin t \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} \cos t & \sin t \\ -\sin t & \cos t \end{pmatrix} \begin{pmatrix} C_1 \\ C_2 \end{pmatrix}. \tag{8}$$

(8) матрицалық теңдікті (4) матрицалық теңдікпен салыстыра отырып, матрицалық экспонентаның бірінші және екінші бағандарын анықтаймыз: $t = 0$ болғанда $\begin{cases} x(0) = 1, \\ y(0) = 0, \end{cases}$ бұдан $\begin{cases} C_1 = 1, \\ C_2 = 0 \end{cases}$ және $\begin{cases} x(0) = 0, \\ y(0) = 1, \end{cases}$ бұдан $\begin{cases} C_1 = 0, \\ C_2 = 1. \end{cases}$ Демек берілген $A = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ -1 & 0 \end{pmatrix}$ матрицасының матрицалық экспонентасы $e^{tA} = \begin{pmatrix} \cos t & \sin t \\ -\sin t & \cos t \end{pmatrix}$ түрінде анықталады. Сонда $e^{A} = \begin{pmatrix} \cos 1 & \sin 1 \\ -\sin 1 & \cos 1 \end{pmatrix}$.

Енді осы мысалды операциялық қисап, яғни Лаплас түрлендруінің қасиеттеріне негізделген алгоритм бойынша табайық. Алдымен $e^{\alpha t} \cdot \eta(t)$ түпнұсқасының Лаплас түрлендіруі бойынша

$$e^{\alpha t} \cdot \eta(t) \;\mathrm{J}\; \frac{1}{p - \alpha} \quad (\mathrm{Re}\, p > \mathrm{Re}\, \alpha) \tag{9}$$

түрінде табылатын кескінін қарастырайық, мұнда $\eta(t) = \begin{cases} 1, \; t \geq 0, \\ 0, \; t < 0 \end{cases}$ Хевисайдтың бірлік функциясы. Енді α комплекс санының орнына өлшемі $[n \times n]$ болатын квадрат матрица аламыз. Сонда (9) сәйкестік $A[n \times n]$ матрицасы үшін $e^{At} \;\mathrm{J}\; (pE - A)^{-1}$ түрінде анықталады, мұнда $(pE - A)^{-1}$ өрнегін A матрицасының резольвентасы деп атау қабылданған, ал E матрицасы өлшемі $[n \times n]$ бірлік матрица. Сонда біздің жағдайда

$$A = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ -1 & 0 \end{pmatrix},\; pE - A = \begin{pmatrix} p & 0 \\ 0 & p \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} 0 & -1 \\ 1 & 0 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} p & -1 \\ 1 & p \end{pmatrix},$$

$$\det(pE - A) = p^2 + 1,\; (pE - A)^{-1} = \frac{1}{p^2 + 1} \begin{pmatrix} p & 1 \\ -1 & p \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} \dfrac{p}{p^2 + 1} & \dfrac{1}{p^2 + 1} \\ -\dfrac{1}{p^2 + 1} & \dfrac{p}{p^2 + 1} \end{pmatrix}.$$

Енді берілген A матрицасының экспонентасын табу үшін соңғы алынған матрицаның әрбір элементінен түпнұсқаға көшеміз:

$$\begin{pmatrix} \dfrac{p}{p^2 + 1} & \dfrac{1}{p^2 + 1} \\ -\dfrac{1}{p^2 + 1} & \dfrac{p}{p^2 + 1} \end{pmatrix} \Gamma \begin{pmatrix} \cos t & \sin t \\ -\sin t & \cos t \end{pmatrix} \equiv e^{tA}.$$ Бұдан $e^{A} = \begin{pmatrix} \cos 1 & \sin 1 \\ -\sin 1 & \cos 1 \end{pmatrix}$.

№872. Берілген матрицаның көрсеткіштік функциясын тап:

$$A=\begin{pmatrix}0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & 0\\ 0 & 0 & 2\end{pmatrix}. \tag{10}$$

Шешуі. Өлшемі $\left[3\times 3\right]$ болатын $A=\begin{pmatrix}a_{11} & a_{12} & a_{13}\\ a_{21} & a_{22} & a_{23}\\ a_{31} & a_{32} & a_{33}\end{pmatrix}$ матрицасының характеристикалық теңдеуі

$$\lambda^3-\mathrm{Sp}A\cdot\lambda^2+\left(M_{11}+M_{22}+M_{33}\right)\lambda-\det A=0$$

түрінде анықталады, мұнда M_{11}, M_{22}, M_{33} – сәйкес a_{11}, a_{22}, a_{33} элементтерінің минорлары. Берілген A матрицасын

$$\begin{cases}\dot{x}=a_{11}x+a_{12}y+a_{13}z,\\ \dot{y}=a_{21}x+a_{22}y+a_{23}z,\\ \dot{z}=a_{31}x+a_{32}y+a_{33}z\end{cases}\Rightarrow\begin{cases}\dot{x}=y,\\ \dot{y}=0,\\ \dot{z}=2z\end{cases} \tag{11}$$

жүйесінің негізгі матрицасы ретінде қарастыратын болсақ, онда ізделініп отырған $x(t)$, $y(t)$, $z(t)$ функциялары үшін келесі біртекті тұрақты коэффициентті үшінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеулер алынады:

$$\begin{cases}\dddot{x}(t)-\mathrm{Sp}A\ddot{x}(t)+\left(M_{11}+M_{22}+M_{33}\right)\dot{x}(t)-\det Ax(t)=0,\\ \dddot{y}(t)-\mathrm{Sp}A\ddot{y}(t)+\left(M_{11}+M_{22}+M_{33}\right)\dot{y}(t)-\det Ay(t)=0,\\ \dddot{z}(t)-\mathrm{Sp}A\ddot{z}(t)+\left(M_{11}+M_{22}+M_{33}\right)\dot{z}(t)-\det Az(t)=0.\end{cases} \tag{12}$$

Сонда характеристикалық теңдеу: $\lambda^3-2\lambda^2=0$, $\lambda_1=\lambda_2=0$, $\lambda_3=2$. Демек (12) теңдеулер жүйесінің шешімдері

$$\begin{cases}x(t)=C_1+tC_2+C_3e^{2t},\\ y(t)=A_1+tA_2+A_3e^{2t},\\ z(t)=B_1+tB_2+B_3e^{2t}\end{cases}$$

түрлерінде табылады, C_1, C_2, C_3, A_1, A_2, A_3, B_1, B_2, B_3 − кез келген тұрақтылар. Жүйенің жалпы шешімінің құрамына тек үш қана тұрақты кіреді. Сондықтан A_1, A_2, A_3, B_1, B_2, B_3 тұрақтыларын C_1, C_2, C_3 тұрақтылары арқылы өрнектейміз.

(11) жүйенің екінші теңдеуінен $\dot{y}=0\ \Rightarrow\ A_2+2A_3e^{2t}\ \Rightarrow\ A_2=A_3=0\ \Rightarrow\ y(t)=A_1$.

(11) жүйенің бірінші теңдеуінен

$$\dot{x}=y\ \Rightarrow\ C_2+2C_3e^{2t}=A_1\ \Rightarrow\ A_1=C_2,\ C_3=0\ \Rightarrow\ x(t)=C_1+tC_2.$$

(11) жүйенің үшінші теңдеуінен

$$\dot{z}=2z\ \Rightarrow\ B_2+2\cancel{B_3}e^{2t}=2B_1+2tB_2+2\cancel{B_3}e^{2t}\ \Rightarrow\ B_1=0,\ B_2=0\ \Rightarrow\ z(t)=B_3e^{2t}.$$

Одан әрі табылған $x(t)$, $y(t)$ және $z(t)$ функциялары арқылы (11) жүйенің жалпы шешімін жазамыз: $X(t)=\begin{pmatrix}x(t)\\ y(t)\\ z(t)\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}C_1+tC_2\\ C_2\\ B_3e^{2t}\end{pmatrix}$. Матрицалық экспонентаның анықтамасына сәйкес $\begin{pmatrix}x(0)\\ y(0)\\ z(0)\end{pmatrix}:=\begin{pmatrix}1\\ 0\\ 0\end{pmatrix},\ \begin{pmatrix}0\\ 1\\ 0\end{pmatrix},\begin{pmatrix}0\\ 0\\ 1\end{pmatrix}$ теңдіктерінен C_1, C_2 және B_3 тұрақтыларын анықтаймыз. Нәтижесінде

матрицалық экспонента $e^{tA}=\begin{pmatrix}1 & t & 0\\ 0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & e^{2t}\end{pmatrix}$ матрицасы арқылы анықталады. Бұдан $e^{A}=\begin{pmatrix}1 & 1 & 0\\ 0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & e^{2}\end{pmatrix}$. Енді осы есепті операциялық қисап, яғни Лаплас түрлендіруінің қасиеттеріне негізделген әдістеме бойынша шығарайық. Ол үшін берілген A матрицасының резольвентасын, яғни $\left(pE-A\right)$ матрицасының кері $\left(pE-A\right)^{-1}$ матрицасын табамыз.

$$pE-A=\begin{pmatrix}p & 0 & 0\\ 0 & p & 0\\ 0 & 0 & p\end{pmatrix}-\begin{pmatrix}0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & 0\\ 0 & 0 & 2\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}p & -1 & 0\\ 0 & p & 0\\ 0 & 0 & p-2\end{pmatrix},$$

$$\det\left(pE-A\right)=p^{2}\left(p-2\right),$$

$$\left(pE-A\right)^{-1}=\frac{1}{p^{2}\left(p-2\right)}\begin{pmatrix}p\left(p-2\right) & p-2 & 0\\ 0 & p\left(p-2\right) & 0\\ 0 & 0 & p^{2}\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}\frac{1}{p} & \frac{1}{p^{2}} & 0\\ 0 & \frac{1}{p} & 0\\ 0 & 0 & \frac{1}{p-2}\end{pmatrix}.$$

Одан әрі Лапластың кері түрлендіруін қолдана отырып, соңғы матрицаның әрбір элементінің түпнұсқасын анықтайық, сонда $e^{tA}=\begin{pmatrix}1 & t & 0\\ 0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & e^{2t}\end{pmatrix}$, өйткені $\eta\left(t\right)$ J $\frac{1}{p}$, e^{t} J $\frac{1}{p-2}$.

Нәтижесінде

$$e^{A}=\begin{pmatrix}1 & 1 & 0\\ 0 & 1 & 0\\ 0 & 0 & e^{2}\end{pmatrix}.$$

Қорытынды. Матрицалық экспонентаны анықтама бойынша ақырсыз қатардың қосындысына жіктеу арқылы да табуға болады:

$$e^{At}=E+At+\frac{\left(At\right)^{2}}{2!}+\ldots+\frac{\left(At\right)^{n}}{n!}+\cdots.$$

Егер бұл матрицалық қатарда A матрицасының құрамына қатысты қайсыбір қадамнан кейін қосынды үзілетін болса, онда матрицалық экспонентаның дәл мәні табылады. Кері жағдайда оның тек жуық мәнін ғана таба аламыз. Сондықтан жұмыста қарастырылған екі әдістеме осындай ерекшеліктерді зерттеу мақсатында көрсетілді.

Роль матричной экспоненты в решении систем дифференциальных уравнений

Б.Ж. Сагиндыков[1], А. Досымбекова[2]

Аннотация. Матричная экспонента используется для решения простых систем дифференциальных уравнений. В этой статье рассматриваются различные способы нахождения матричной экспоненты. В частности, в качестве альтернативного метода предлагается метод операционного исчисления, основанный на интегральном преобразовании Лапласа, который не часто встречается в учебных программах. В статье рассматривается следующий алгоритм нахождения общего решения системы линейных дифференциальных уравнений с неоднородными постоянными коэффициентами. Сначала был найден матричная экспонента основной матрицы однородной системы. Общее решение однородной системы записывается с помощью матричной экспоненты. Затем методом

вариации постоянных найдено общее решение неоднородной системы. Этот метод является новым подходом по сравнению с другими методами, рассматриваемыми в учебном процессе. В ходе работы было получено характеристическое уравнение, общее для всех уравнений системы. Там же есть краткое описание этого метода, а также алгоритм решения конкретных примеров.

Ключевые слова: система дифференциальных уравнений, матрица, матричная экспонента, операционное исчисление, методы Эйлера и Даламбера.

The role of the matrix exponent in solving systems of differential equations

B.Zh. Sagindykov[1], A. Dosymbekova[2]

Abstract. The matrix exponential is used to solve simple systems of differential equations. In particular, the method of operational calculus based on the integral Laplace transformation is proposed as an alternative method, which is not often found in educational programs. The article considers the following algorithm to find a general solution to a system of linear differential equations with inhomogeneous constant coefficients. First, the matrix exponent of the main matrix of the homogeneous system was found. The general solution of a homogeneous system is written using a matrix exponent. Then, by the method of variation of constants, the general solution of the inhomogeneous system was found. This method is a new approach compared to other methods considered in the educational process. In the course of the work, a characteristic equation was obtained that is common to all equations of the system. In the article, we give a brief description of this method, as well as an algorithm for solving specific exercises.

Keywords: system of differential equations, matrix, matrix exponential, operational calculus, Euler and d'Alembert methods.

A BOUNDARY PROBLEM FOR THE SYSTEM OF THREE EQUATIONS OF HEAT AND MASS TRANSFER IN A HALF-SPACE

E.M. Khairullin, A.S. Azhibekova
Satbayev University, Казахстан, Алматы
khairullin_42_42@mail.ru, aliya_azhibek@mail.ru

Abstract. A boundary value problem is considered for the equations of heat and mass transfer in a half-space, when one of the boundary conditions contains high-order normal derivatives. The boundary problem of heat and mass transfer in drying processes is reduced to such a problem. The solution of the boundary value problem is sought in the form of the thermal potential of the double layer. A lemma on finding the limits of a normal derivative of finite order in a neighborhood of a hyperplane is given. Using the boundary conditions, a system with respect to unknown densities and an integro-differential equation (IDE) are obtained. Using inverse operators, the IDE is reduced to an integral equation that admits the method of successive approximations. A theorem on the solvability of a boundary value problem in a half-space with high-order normal derivatives is presented.

Keywords: heat and mass transfer, boundary value problem, high-order normal derivatives.

1. Statement of the problem.

Find a regular solution of the system [1,2]:

$$\frac{\partial U_k(x,t)}{\partial t} = \lambda_k \Delta U_k(x,t), \quad k = \overline{1,3} \tag{1}$$

in the domain

$$Q_T \equiv \{(x', x_n, t): x' \in R^{n-1}, x_n \in R_+, t \in]0, T[\},$$

with the initial (2) and boundary conditions (3), (4):

$$U_k(x,0) = 0 \tag{2}$$

$$\left(a_k^{(1)} U_k(x,t) + a_k^{(2)} U_3(x,t)\right)\Big|_{x_n=0} = \varphi_k(x',t), \qquad k = 1,2, \tag{3}$$
$$(x',t) \in Q_T^{(1)} \equiv Q_T \backslash x_n,$$

$$\sum_{k_n=0}^{m} a_{k_n} \frac{\partial^{k_n} U_3(x,t)}{\partial {x_n}^{k_n}}\Big|_{x_n=0} = \varphi_3(x',t), \tag{4}$$

where Δ is Laplace operator with respect to $x = (x_1, x_2, \dots, x_n)$; λ_k are positive constants, and $\lambda_1 < \lambda_2 < \lambda_3$; $m \in N$; $a_k^{(l)}$ $(k,l = 1,2)$, a_{k_n} are given constants, and $a_m \neq 0$; $\varphi_k(x',t)$ are given bounded continuous functions.

2. Integral representation of a solution to the boundary value problem (1)-(4).

The solution of the boundary value problem (1)-(4) is found in the form [3,4,5]:

$$U_k(x,t) = -\Psi_k * G_{x_n}^{(k)}[x,t], \qquad k = \overline{1,3}, \tag{5}$$

where

$$G^{(k)}(x,t) = \frac{2\lambda_k \exp\left[-\frac{|x|^2}{4\lambda_k t}\right]}{\left[2\sqrt{\pi\lambda_k t}\right]^n}, \qquad G_{x_n}^{(k)}(x,t) = \frac{\partial}{\partial x_n} G^{(k)}(x,t);$$

$$\Psi_k * G_{x_n}^{(k)}[x,t] = \int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi_k(\xi',\tau)\, G_{x_n}^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)d\xi',$$

here R^{n-1} is $(n-1)$ - dimensional Euclidean space of points $x' = (x_1, x_2, \dots, x_{n-1})$ with the norm $|x'| = \sqrt{x_1^2 + x_2^2 + \dots + x_{n-1}^2}$; $\Psi_k(x',t)$ are unknown bounded continuous functions with partial derivatives of a sufficiently high order with respect to the variables x' and *t*.

3. Problem reducing to a system of integro-differential equations (SIDE).

The unknown functions $\Psi_k(x',t)$ needs to be defined so that the functions $U_k(x,t)$ would satisfy the boundary conditions (3), (4). To do that, we present the lemma [5].

Lemma. If the functions $\Psi_k(x',t) \in \dot{C}_{x',t}^{2k_n,k_n}\left(Q_T^{(1)}\right)$, then

$$\lim_{x_n\to 0} \frac{\partial^{2k_n-1} U_k(x,t)}{\partial {x_n}^{2k_n-1}} = -\frac{1}{\left(\sqrt{\lambda_k}\right)^{2k_n}} {F_k}^{k_n}[\Psi_k] * G^{(k)}[x',0,t], \tag{6}$$

$$\lim_{x_n\to 0} \frac{\partial^{2k_n} U_k(x,t)}{\partial {x_n}^{2k_n}} = \frac{1}{(\sqrt{\lambda_k})^{2k_n}} {F_k}^{k_n}[\Psi_k(x',t)], \tag{7}$$

where $F_k \equiv \frac{\partial}{\partial t} - \lambda_k \Delta_{x'}, F_k^2 \equiv F_k[F_k], \dots, F_k^{k_n} \equiv F_k\left[F_k^{k_n-1}\right]$.

To prove the lemma, we sequentially differentiate the solution (5) with respect to x_n. Differentiating (5) with respect to x_n, gives

$$\frac{\partial U_k(x,t)}{\partial x_n} = -\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi_k(\xi',\tau) G_{x_n x_n}^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)d\xi'.$$

Hence, replacing $\frac{\partial^2}{\partial x_n^2} G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)$ by $\frac{1}{\lambda_k}\left(-\frac{\partial}{\partial \tau} - \lambda_k \Delta_{\xi'}\right)$, we obtain

$$\frac{\partial U_k(x,t)}{\partial x_n} = \frac{1}{\lambda_k}\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi_k(\xi',\tau) \frac{\partial}{\partial \tau} G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)d\xi' +$$
$$+ \int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi_1(\xi',\tau) \Delta_{\xi'} G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)d\xi'.$$

Integration by parts of the last relation over τ once and over ξ' two times gives:

$$\frac{\partial U_k(x,t)}{\partial x_n} = -\frac{1}{\lambda_k}\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} F_k[\Psi_k] G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)\, d\xi'.$$

And further, differentiating with respect to x_n, we have

$$\frac{\partial^2 U_k(x,t)}{\partial x_n^2} = -\frac{1}{\lambda_k}\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} F_k[\Psi_k]\frac{\partial}{\partial x_n} G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)\, d\xi'.$$

Continuing the differentiation with respect to x_n in this way, we get:

$$\frac{\partial^{2k_n-1} U_k(x,t)}{\partial {x_n}^{2k_n-1}} = -\frac{1}{\left(\sqrt{\lambda_k}\right)^{2k_n}} {F_k}^{k_n}[\Psi_k] * G^{(k)}[x,t],$$

$$\frac{\partial^{2k_n} U_k(x,t)}{\partial {x_n}^{2k_n}} = -\frac{1}{(\sqrt{\lambda_k})^{2k_n}}\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} {F_k}^{k_n}[\Psi_k(\xi',\tau)]\frac{\partial}{\partial x_n} G^{(k)}(x'-\xi', x_n, t-\tau)\, d\xi'.$$

Passing to the limit at $x_n \to 0$ in these equalities and using the properties of the thermal potentials of a simple and double layer, we obtain equalities (6) and (7).

To determine the functions $\Psi_k(x',t)$ we substitute the functions $U_k(x,t)$, defined by equalities (5), into the boundary conditions (3)-(4). In this case, using (6) and (7) and the properties of the double layer potentials, we obtain the system:

$$a_1^{(1)}\Psi_1(x',t) + a_1^{(2)}\Psi_3(x',t) = \varphi_1(x',t), \tag{8}$$

$$a_2^{(1)}\Psi_2(x',t) + a_2^{(2)}\Psi_3(x',t) = \varphi_2(x',t), \tag{9}$$

$$\sum_{k_n=0}^{m/2} a_{2k_n}\frac{1}{{\lambda_3}^{k_n}} F_3^{k_n}[\Psi_3] - \sum_{k_n=1}^{\frac{m}{2}} a_{2k_n-1}\frac{1}{{\lambda_3}^{k_n}} F_3^{k_n}[\Psi_3] * G^{(3)}[x',0,t] = \varphi_3(x',t). \tag{10}$$

Using the notations $2k_n = k_n^{(1)}$, $2k_n - 1 = k_n^{(2)}$ in equation (10), we get

$$\sum_{k_n^{(1)}=0}^{m} a_{k_n^{(1)}}\frac{1}{\left(\sqrt{\lambda_3}\right)^{k_n^{(1)}}} F_3^{\frac{k_n^{(1)}}{2}}[\Psi_3] - \sum_{k_n^{(2)}=1}^{m-1} a_{k_n^{(2)}}\frac{1}{\left(\sqrt{\lambda_3}\right)^{k_n^{(2)}+1}} F_3^{\frac{k_n^{(2)}+1}{2}}[\Psi_3] = \varphi_3(x',t). \tag{11}$$

Using the inverse operators $F^{-n}[\Psi]$ and $F^{-\frac{1}{2}}[\Psi]$:

$$F^{-n}[\Psi] = \int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi(\xi',\tau)\frac{(t-\tau)^{n-1}}{\Gamma(k)} G(x'-\xi', t-\tau, \lambda_k) d\xi' ,$$

$$G(x'-\xi', t-\tau, \lambda_k) = \frac{\exp\left[-\frac{|x'-\xi'|^2}{4\lambda_k(t-\tau)}\right]}{\left[2\sqrt{\pi\lambda_k(t-\tau)}\right]^{n-1}},$$

$$F^{-\frac{1}{2}}[\Psi] = \int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi(\xi',\tau)\frac{G(x'-\xi', t-\tau, \lambda_k)}{\sqrt{\pi(t-\tau)}} d\xi' ,$$

and applying the inverse operator $F_3^{-\frac{m}{2}}$ to the IDE (11), we obtain an integral equation with respect to the unknown function $\Psi_3(x',t)$:

$$\Psi_3(x',t)+\int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \Psi_3(\xi',\tau)\mathcal{K}(x'-\xi',t-\tau)d\xi' = \Phi(x',t)\,, \tag{12}$$

where

$$\Phi(x',t)=\left(\sqrt{\lambda_3}\right)^m \int_0^t d\tau \int_{R^{n-1}} \varphi_3(\xi',\tau)\frac{(t-\tau)^{\frac{m}{2}-1}}{\Gamma\left(\frac{m}{2}\right)} G(x'-\xi',t-\tau,\lambda_3)d\xi'\,,$$

the kernel $\mathcal{K}(x',t)$ has the form:

$$\mathcal{K}(x',t)=\sum_{k_n=0}^{m-1}(-1)^{k_n}\left(\sqrt{\lambda_3}\right)^{m-k_n}\frac{t^{\frac{m-k_n}{2}-1}}{\Gamma\left(\frac{m-k_n}{2}\right)}\frac{\exp\left[-\frac{|x'|^2}{4\lambda_k t}\right]}{\left[2\sqrt{\pi\lambda_k t}\right]^{n-1}}. \tag{13}$$

To estimate the kernel $\mathcal{K}(x',t)$, we use the inequality

$$|x'|^r exp\left[-\varepsilon\delta\frac{|x'|^2}{t}\right]\le \mathcal{M}t^{\frac{r}{2}}\,,\qquad \varepsilon>0,$$

where $\mathcal{M},\delta$ are positive constants, r is any positive number.

We get the following estimate:

$$|\mathcal{K}(x',t)|\le \mathcal{M}_1\frac{exp\left[-(1-\varepsilon)\delta\frac{|x'|^2}{t}\right]}{t^{n/2}}\,,\quad 0<\varepsilon<1, \tag{14}$$

where $\mathcal{M}_1$ is a positive constant.

Based on the estimate (14), the integral equation (12) can be solved by the method of successive approximations. The following theorem is true.

Theorem. If $\varphi_k(x',t)\in C\left(Q_T^{(1)}\right)$, then a solution $U_k(x,t)\in C_{x_n}^m(Q_T)$ exists, which is the solution to the boundary value problem (1)-(4), expressed by the formula (5), where the unknown function $\Psi_3(x',t)$ is determined from the integral equation (12), and the remaining unknown functions $\Psi_1(x',t)$ and $\Psi_2(x',t)$ are found from the systems (8) and (9).

The work was supported by the grant AP09258948 of the CS MES RK.

REFERENCES

[1] Ivanova L.P., Kim E.I. Two-dimensional problem of heat and mass transfer in drying processes // Proceedings of the Academy of Sciences of the USSR. Energy and automation. –1959. -No. 3. –P.76-84.

[2] Lykov A.V. On systems of differential equations of heat and mass transfer in capillary-porous bodies // Inzh. physical magazine. - 1974. – Vol. 27(1). –P.18-25.

[3] Khairullin E.M., Tulesheva G.A., Shakulikova A.T. On one boundary problem of heat and mass transfer // Bulletin of KazNITU. –2019(4). –P.510-516.

[4] Khairullin E.M., Tulesheva G.A., Shakulikova A.T. On one boundary problem for the equations of heat and mass transfer with normal derivatives of the third order in the boundary condition // Bulletin of KazNITU. -2021(2). –P.113-119.

[5] Khairullin E. and Azhibekova A. A general boundary value problem for heat and mass transfer equations with high order normal derivatives in boundary conditions. AIP Conference Proceedings 2325, 020011 (2021); https://doi.org/10.1063/5.0041111.

Граничная задача для системы трех уравнений тепло- и массообмена в полупространстве

Е.М. Хайруллин, А.С. Ажибекова

Аннотация. Рассматривается краевая задача для уравнений тепло- и массообмена в полупространстве, когда одно из граничных условий содержит нормальные производные высокого порядка. К такой задаче сводится некоторая граничная задача тепло- и массообмена в процессах сушки. Решение краевой задачи ищется в виде теплового потенциала двойного слоя. Приведена лемма о нахождении пределов нормальной производной конечного порядка в окрестности гиперплоскости. Используя граничные условия, получена система относительно неизвестных плотностей и интегро-дифференциальное уравнение (ИДУ). Воспользуясь обратными операторами ИДУ сведено к интегральному уравнению Вольтерра-Фредгольма второго рода, приведена оценка для ядра, позволяющая применить метод последовательных приближений. Приведена теорема о разрешимости краевой задачи в полупространстве с нормальными производными высокого порядка.

Ключевые слова: тепло- и массообмен, краевая задача, нормальные производные высокого порядка.

Жартылай кеңістіктегі жылу мен масса алмасудың үш теңдеу жүйесі үшін шекаралық есеп

Е.М. Хайруллин, А.С. Ажибекова

Андатпа. Жарты кеңістікте шекаралық шарттардың бірінде жоғары ретті нормаль туындылары бар жылу және масса алмасу теңдеулері үшін шекаралық есеп қарастырылды. Кептіру процестеріндегі жылу мен масса алмасудың кейбір шекаралық есептері осындай есепке әкеледі. Шектік есептің шешімі қос қабат жылу потенциалы түрінде ізделінеді. Гипержазықтықта жоғары ретті нормаль туындыларының шектерін табу жөнінде лемма келтірілген. Шекаралық шарттарды пайдалана отырып, белгісіз функцияларға қатысты жүйе және интегро-дифференциалдық теңдеуі (ИДТ) алынған. Кері операторларын пайдалана отырып, интегро-дифференциалдық теңдеуі Вольтерра-Фредгольм интегралдық теңдеуіне келтірілген. Сонымен қатар, ядроның бағалауы біртіндеп жуықтау әдісін қолданып көрсетілген. Жоғары ретті нормаль туындылары бар жартылай кеңістіктегі шекаралық есептің шешімі жөнінде теорема келтірілген.

Негізгі сөздер: жылу және масса алмасу, шекаралық есеп, жоғары ретті нормаль туындылар.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРУ (CLIL) ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Г.Ф. Қыстаубаева
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.
kystaubayeva_g@kzl.nis.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектепте физика пәнін дәстүрлі және жаңа оқыту әдістемесімен, яғни CLIL технологиясымен оқытудың сабақтастығын зерттеу нәтижелері сипатталған. Зерттеуде таңдап алынған 7-сыныпта физиканы ағылшын тілінде оқытудың педагогикалық эксперименті жүргізу үшін, оқушылардың жаңа материалды меңгеруде пән мен тілді кіріктірілген (CLIL) сабағы өткізілді. Физиканы оқу барысында оқушылардың ынтасына, пәндік білім деңгейіне және ағылшын тілін меңгеруіне ерекше назар аударылды. Сыныпта CLIL технологиясын қолдануда терминология, ағылшын тіліне негізделген мәтіндік жұмыс және бірнеше белсенді оқыту әдістері таңдалды. Пән мен тілді кіріктіру әдісінің тиімділігі жиынтық бағалау нәтижесін олардың алдыңғы тақырыпты дәстүрлі оқытуымен салыстыру арқылы және оқушылардың сауалнама жауаптары арқылы көрсетілді. Физиканы дәстүрлі оқытудағы оқушылардың ЖБ орташа баллы 9,7 болса, CLIL технологиясы қолданудан соңғы ЖБ 19,3%-ға артып, 12,6 баллға жетті. Сондай-ақ сауалнама нәтижесі көрсеткендей, оқушылар пән мен тілді кіріктіріп оқытуға оң көзқарас білдіріп, оқу материалын ағылшын тілінде оқу, тапсырмалар орындауда айтарлықтай қиындықтар болмағанын атады.

Негізгі сөздер: CLIL технология, физика, тілді кіріктіру, ағылшын тілі, жиынтық бағалау, сауалнама.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда 2016-2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы негізгі міндеттерінің бірі – үштілді білім беруге көшу үдерісі әлі де жалғасып келеді [2]. Осы орайда жаңартылған білім берудің негізгі мазмұны үштілді білім беру саясаты аясында жүзеге асырылуда. Сонау 2004 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың: «Мен бірнеше рет айтқанмын және қайталаудан қорықпаймын: мен қазақстандықтардың жаңа буынын үштілді - қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білетін адамдар ретінде көргім келеді. Бұл мемлекеттің, экономиканың және ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің бір кепілі» - деген болатын [1].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында үш тілде білім беру тілдік пәндердің өзара үйлесімде дамуын жүзеге асыруда тиімді әдістердің бірі – CLIL технологиясы.

«CLIL» ағылшын тілінен алынған шет тілінің аббревиатурасы. Бұл қазақ тілінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту дегенді білдіреді. Бұл терминді ғылыми қолданысқа 1994 жылы Дэвид Марш енгізген (Джюваскиля Университеті, Финляндия), ол өзінің «Еуропада жетістікке жету үшін пән мен тілді кіріктіріп оқытудың (CLIL) өзектілігі мен әлеуеті» атты мақаласында «пән мен тілді кіріктіріп оқыту кез-келген екі пәндік білім беру контекстін білдіреді, онда қосымша тіл, ... тілдік емес пәнді оқыту құралы ретінде қолданылады» [3]. Ғалымның пікірінше, CLIL академиялық пәндер немесе академиялық пәндердің бір бөлігі шет тілінде оқытылатын және шет тілін үйрену кезінде пәнді үйренудің екі жақты мақсаты бар екенін айтады, бірақ басты назар назар тілде немесе тілдік емес пәнде болуы мүмкін.

Қазақстанда үштілді білім беру саясатын іске асыруда CLIL әдістемесі жаратылыстану пәндерін (химия, биология, информатика, физика) ағылшын тілінде оқытудың негізгі құралы ретінде пайдаланылып келеді. Мысалы, оқушылардың физиканы оқуда физикалық терминдерді ағылшын тілінде білу қажеттілігін қалыптастыра отырып, бұл өздерінің мәдени коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге, ойлануға, сондай-ақ өз беттерінше оқу материалдарын ағылшын тілінде оқуға мүмкіндік береді.

Көптеген зерттеулер CLIL бойынша оқитын оқушылардың шет тілін төрт тілдік дағдылар бойынша CLIL-мен оқымайтын оқушылардың қарағанда жақсы нәтиже көрсеткенін дәлелдейді [4]. Сонымен қатар, бойынша оқитын оқушылардың көбінесе пәнді CLIL-мен оқымайтын оқушыларға қарағанда бірдей, тіпті жақсырақ меңгереді.

Пәндік білім бойынша оқушылардың үлгерім нәтижелері жалпы алғанда оң нәтижелер беретінін Солтүстік Американың екі тілді бағдарламалары негізінде L2 (екінші тіл, яғни ана

тілі емес) тіл арқылы оқитын оқушылар пәнді L1 тілде оқитындармен бірдей қарқынмен игеретінін көрсетті [6]. Ал Еуропалық зерттеулерді қарастыратын болсақ, Біріккен Корольдіктегі оқушылардың үлгерімі зерттеліп, онда француз тілі арқылы пән мазмұнын игерген оқушылар тілге қатысты басқа жетістіктермен қатар пәнді меңгерудің жақсарғанын көрсетті [7]. Осыған ұқсас нәтижелер Германиядағы орта білім беретін мектептерде жүргізілген зерттеулерде екі тілде оқитын оқушылар неміс тілінде оқитындарға қарағанда география және тарих пәндерін жақсырақ нәтиже көрсетеді деген қорытындыға келді [8]. Ал Финляндиядағы зерттеуде 600 оқушының ойлау үдерістерін талдай келе, олардың таным үдерістерін ынталандыру нәтижесінде пәнді оқыту CLIL арқылы ілгерілетілуі мүмкін деген қорытындыға келді [9]. Сол сияқты, Швециядағы CLIL оқыту бағдарламаларына талдаулар жүргізіліп, математиканы швед (L2) және ағылшын (L3) тілдерінде оқитын оқушылар орта білімді аяқтаған кезде фин (L1) тілінде оқитын оқушыларға қарағанда төмен нәтижелерге ие емес деген қорытындыға келді [10].

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде физиканы ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын ескере отырып, дәстүрлі оқыту мен жаңа әдіс-тәсілдердің сабақтастығына негізделген оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Зерттеу міндеттері физикаы жаңа оқу бағдарламасы негізінде оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану; ағылшын тілінде физиканы оқытудың жаңа әдістерін, тиімді әдістерін суреттеу және сипаттау; оқушылардың білімі мен қызығушылығын қалыптастыру; оқушылардың ғылыми сөздік қорын және физика ғылымына байланысты сөздік қорын кеңейту.

Әдістеме

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін ескере отырып тапсырмаларды дайындау олардың әртүрлі тілдік дағдыларды қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Екіншісі – мазмұнды, яғни пәнді оқыту. Мазмұнды оқытуды жай ғана анықтамалар мен теорияларды түсіну шеңберінен шығып, талдау, синтез және бағалау тапсырмаларын қамтитындай етіп жоспарлау керек.

Coonan зерттеуінде мұғалімдер CLIL сыныптарында қолданатын төрт оқыту стратегиясын түсіндіреді[11]:

1) Мұғалімдер сызбалар, блок-схемалар, концепциялық карталар және қорытындылар сияқты вербалды емес стратегияларды пайдаланады.

2) Мұғалімдер кейде оқушыларға L1 тілінде маңызды анықтамалар мен түсініктерді түсіндіру қажет деп санайды.

3) Мұғалімдер тұлғааралық өлшемді көрсететін оқушылардың топтық жұмысқа белсенді қатысуы, жұптық пікір алмасу және өзара бір-бірін үйренуіне көбірек тәжірибе жасауы;

4) Ақпаратты еске түсіру, миға шабуыл, блок-схемаларды толтыру, күнделікті өмірден мысалдар келтіру, тапсырмаларды оқушы деңгейіне сәйкес келтіру, сөздік қорын толықтырып отыру және мәтінмен жұмыс істеу мұғалімдердің CLIL сыныптарында қолданатын оқыту стратегияларының қатарына жатады.

Зерттеушілер CLIL әдісі студенттерге бірқатар артықшылықтар беретінін және оның сәтті жүзеге асуы әдістің таңдалған стратегиясына байланысты екенін көрсетеді. Орта мектептерде CLIL әдісі оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейіне, L1 деңгейіне және пәндік біліміне теріс әсер етпейтіні анықталды. Бұл өз кезегінде, оқушылардың оқу процесінде белсенділігін арттырады. Тілдерді, әсіресе ағылшын тілін оқытуға деген жаһандық қажеттілік тілді оқытудың жаңа тәсілдерінің қажеттілігін туғызды. CLIL әдісі қажеттіліктерге жауап берудің икемді және тиімді әдісі болып табылады [5].

Нәтижелер

Қызылорда қаласындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің 7В-сыныбында физиканы ағылшын тілінде оқытудың педагогикалық эксперименті жүргізілді. Тәжірибеде оқушылардың жаңа материалды меңгеруде пән мен тілді кіріктіру әдісі (CLIL технологиясы) сабағын олардың алдыңғы тақырыпты дәстүрлі оқытуымен салыстыру үшін жиынтық бағалау жұмысы (ЖБ) алынды.

Тәжірибелік топта CLIL технологиясының қолданылуы алдымен жаңа сабаққа қатысты қолданылатын терминдердің қарапайым терминологиясы ұсынудан басталды. Одан әрі жаңа сабақ мазмұны оқушыларға жеке орындауға мәтінмен жұмыс ретінде берілді. Содан кейін «Matching», «Fil in the Gap» және «True, False or Partly true» белсенді оқыту әдістері оқушылардың жаңа материалға қатысты ұғымдар, түсініктерді екі тілде қатар игеріп қана қоймай, тіл мен мазмұнды қатар меңгеруді нығайтуға бағытталды. Сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылар белсенді жұмыс жасап, ұсынылған тапсырмаларды жоғары қызығушылықпен орындады және әрбір тапсырманың жауаптарын мұғалім жауаптарымен тексерді, кері байланыс берілді. Сонымен физиканы ағылшын тілінде оқытуда ағылшын тілінде құрастырылған мәтінмен жұмыс және тапсырмалар арқылы CLIL әдісі мен дәстүрлі оқыту әдістерінің сабақтастығы зерттелді.

«Frictional Force» тақырыбы

Ойлау дағдылары: түсіну, есте сақтау, қолдану

Оқу мақсаттары:

7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау; 7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру

Пәндік мақсаты: оқушылар үйкеліс күшінің физикалық мағынасын біледі, үйкеліс күшінің жағымды және жағымсыз жақтарына мысал келтіреді [3].

Тілдік мақсаты: оқушылар сөздердің формасы мен мағынасын және сөйлем мағынасын ауызша ажыратады, орфография мен грамматика бойынша дұрыс жазып алады, тақырыпқа байланысты қарапайым сұрақтарға жауап береді.

Уақыты: 30-40 минут

Кесте 1. «Frictional Force» тақырыбы бойынша терминология

	English	Kazakh
1	Frictional force	Үйкеліс күші
2	Static friction	Тыныштық үйкеліс
3	Sliding friction	Сырғанау үйкеліс
4	Rolling friction	Домалау үйкеліс
5	Friction coefficient	Үйкеліс коэффициенті
6	Positive effects	Оң әсер
7	Negative effects	Теріс әсер

Тапсырмалар

1. *(Reading-vocabulary activity)* ANSWER OPEN QUESTIONS ABOUT GIVEN TEXT

Friction, the force or resistance that opposes the movement of one body or substance against another. Friction between solids is usually caused by irregularities in sliding surfaces, but sometimes by adhesion (sticking) or electrical attraction. Friction between fluids is usually caused by their viscosity (resistance to flowing).

If there were no friction, walking would be impossible and cars would spin their wheels without moving. Friction holds nails and screws in wood, and the operation of all brakes depends on friction. Friction between belts and pulleys is important in the operation of many machines. Friction between moving parts of machines, however, is undesirable. It wastes energy that could otherwise be used to perform work, produces **heat**, and can cause considerable wear. Friction can never be eliminated, but it can be reduced by smoothing sliding surfaces or applying a lubricant such as oil.

There are four types of friction. They are static friction, fluid friction, sliding friction and rolling friction. Static friction occurs, when a force is applied to an object, but it does not cause it to move. For example, pushing on a wall, the wall does not move. Fluid friction occurs when an object moves through a fluid (liquid or gas). Fluid friction occurs when an object moves through a fluid (liquid or

gas). Examples, skydiving, swimming. Sliding friction occurs when solid slides over something. Rolling friction occurs when an object rolls over something

For example, riding motorcycle, the weels roll.

QUESTIONS

1. What is the **force that opposes the movement of an object**?
2. What causes **friction** between solids?
3. What cause **friction between fluids** (liquid and gas)?
4. What would happen if there is no **friction**?
5. How can **friction be** reduced?
6. What are **the four types of friction**?
7. Give at least **two examples** on each type of friction.

Оқушылардың оқылым дағдысын дамытуға бағытталған мәтін жаңа материалды өздігінен оқып, ондағы нақты сөздік қорын және жаңа ұғымдар мен түсініктерді игереді. Сондай-ақ мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беру арқылы тіл мен мазмұнды қатар меңгеруді нығайтады.

2. (*Reading activity)* *Match the words to their meaning:*

_____ **1.** Waves rocking against a boat in the ocean	A. Sliding Friction
_____ 2. A plane driving down a runway to begin take-off	B. Rolling Friction
_____ 3. Science textbook on your desk	C. Fluid Friction
_____ 4. Rearranging our classroom by pushing the desks together.	D. Static Friction

Бұл төменгі деңгейдегі ойлау әрекеті, онда оқушылар әрбір үйкелістің мысалына оның қай түрі сәйкес екендігін анықтауы керек. Осы оқыту белсенді әрекет арқылы оқушылар пәндік мазмұн мен тілмен жұмыс істейді, өйткені мұны орындау үшін екеуін де түсінуі керек.

3. (Reading-vocabulary activity) Read the sentences and fill in the gaps with words from the box.

smooth	friction	static	surroundings	rough
magnitude	drag	opposes	-	roughness

a. Frictional force is caused by the interaction of a body with _____.
b. None of the solid surfaces are perfectly _____
c. Two _____ surfaces when placed together meet only at certain points.
d. The interlocking of the irregularities of the surfaces in contact causes _____.
e. There is no relative motion between the two surfaces in contact in case of_____ friction.
f. Friction always _____ the motion.
g. Friction is caused due to _____ of the two surfaces in contact.

Оқушылар осы тапсырманы орындай отырып, сөздік қорын дамытады және жаңа тақырып жөнінде ақпараттармен танысады. Оларға бос орындарға тиісті сөздерді жазуға көмектесу үшін қажетті сөздер берілген.

4. *(Reading-vocabulary activity)* *Read the sentences and* write whether each statement is **True' ,'False'** or **'Partly true'**

Statement	True	False	Partly True
Friction always slows things down.			
Cars need friction to keep moving.			
Cars need friction to stop.			
You could not walk without friction.			
Friction is useful to gymnasts.			

Оқушылар берілген ақпаратты (пәндік мазмұн мен тіл) түсініп, әрбір сөйлемдегі тұжырымдардың дұрыстығына жауап береді. Олар үйкеліс күші туралы мәліметтерді және үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына ұсынылған мысалдар арқылы өздерінің тілді меңгеруін дамытады, өйткені олар оқылымды орындай отырып, жаңа сөздермен танысады, сөздік қоры кеңейеді.

5. (*Reading activity)* Match the column:

a. sliding friction	i) heat production
b. static friction	ii) applying brakes
c. polishing surfaces	iii) greater than kinetic friction
d. advantage of friction	iv) greater than rolling friction
e. disadvantage of friction	v) decreases friction

Әр қатардағы терминге қатысты анықтамасын сәйкестендіру арқылы оқушылар мазмұн мен тілмен жұмыс істейді, өйткені мұны орындау үшін екеуін де түсінуі керек.

Талқылау

Физиканы ағылшын тілімен кіріктіріп оқытуда оқылым дағдысын дамыту үшін қолданылған ағылшын тіліндегі мәтінмен жұмыс істеудің және қолданылған әдістердің тиімділігін анықтау мақсатында оқушылардан жиынтық бағалау жұмысы мен сауалнама алынды.


Оқушыларға 1 және 2-бөлімдерге сәйкес жиынтық бағалауды (ЖБ) орындау ұсынылды, олардың білім, дағды және пән мазмұнын түсінудегі оқу жетістіктері қалай өзгергенін анықтау. Бірінші бөлім бойынша жиынтық бағалау эксперимент алдында, яғни дәстүрлі оқыту стратегияларын қолданғанда алынды. Екінші бөлімнің жиынтық бағалауы физика сабағында CLIL технологиясын қолданғаннан кейін алынды. Әр бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасының максималды ұпайы 15 балл болды. Тапсырмаларға 21 оқушы қатысты. ЖБ CLIL технологиясының тиімділігін бағалау үшін пайдаланылды.



Экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерді талдау арқылы CLIL оқыту әдісін сабақта қолданғаннан кейін оқушылардың оқу нәтижелерінің жоғарылауы байқалды. Экспериментке дейін бірінші бөлім бойынша оқушылардың жиынтық бағалаудың орташа баллы 9,76 балл болды. Эксперименттік топты CLIL әдісі арқылы оқытқанда, екінші бөлім бойынша оқушылардың орташа ұпайы 12,85 баллға жетті. (Сурет 3). Бұл топтағы оқушылардың оқу үлгерімі физиканың дәстүрлі әдіс пен CLIL әдісінің сабақтастығында ағылшын тілінде оқытылуымен түсіндіріледі.

Сауалнама келесі сұрақтардан тұрды:

1. Сіз бұрын физика пәнінде жаңа сабақтың материалын ағылшын тілінде игердіңіз бе?
2. Сізге жаңа сабақтың материалын ағылшын тілінде оқу, тапсырмалар орындау ұнады ма?
3. Сізде жаңа сабақтың материалын ағылшын тілінде оқуда, тапсырмалар орындауда қиындықтар болды ма?
4. Сізге оқу материалының ағылшын тілінде берілуі оқу мақсатына жетуге кедергі болмады ма?
5. Сізге оқу материалының ағылшын тілінде берілуінен сабақ бұрынғыдан нәтижелірек болды ма?



	1-сұрақ	2-сұрақ	3-сұрақ	4-сұрақ	5-сұрақ
Иә	0	83,4	26,2	9,9	89,1
Жоқ	95,8	11,3	73,8	86,6	6,3
Жауап беруге қиналамын	4,2	5,3	0	3,5	4,6

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың жартысына жуығы «Сіз бұрын физика пәнінде жаңа сабақтың материалын ағылшын тілінде игердіңіз бе?» деген сұраққа теріс жауап берді. Бұл физиканы оқытуда ағылшын тілі бұрын қолданылмағанын көрсетеді. Дегенмен, оқушылардың көпшілігіне ағылшын тілінде оқу, тапсырмалар орындау ұнататынын көрсетті. Сондай-ақ, олардың үштен бірінде жаңа сабақтың материалын ағылшын тілінде оқуда, тапсырмалар орындауда қиындықтар болғанын атап өтсе де, көпшілігі оқу мақсатына жетуге кедергі болмағанын айтқан. Соңында оқу материалының ағылшын тілінде берілуінен сабақ бұрынғыдан нәтижелірек болғанын растайды.

Физиканы ағылшын тілінде оқытудың ерекшелігі қазіргі оқыту идеясына негізделген оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы оқушылардың физика және ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Осы ойды жүзеге асыру үшін Қызылорда қаласындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің 7-сынып оқушыларына физика пәнін CLIL әдісін қолдану арқылы ағылшын тілінде оқытылды. Зерттеу нәтижелері пәнді оқыту тәжірибесін өзгертуге мүмкіндік берді. Оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыру және ағылшын тілінде физикалық терминологияны түсінуін жақсарту үшін CLIL әдістерін қолдану кеңейтілді. CLIL оқыту әдісі белсенді әдістермен («Fill in the gap», «Matching» және т.б) және дәстүрлі әдістермен үйлесімде қолданылды, бұл оқушылардың пән мазмұнын меңгеру мен түсінуге ғана емес, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға, сөздік қорын және тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етті. Содай-ақ CLIL әдісін оқыту үдерісіне енгізу оқушыларға физиканы ағылшын тілінде терең меңгеруге мүмкіндік берді.

Қорытынды

Физика сабағында CLIL оқыту әдісін қолдануда 7 сынып оқушылары пән мазмұнына қатысты негізгі ұғымдар мен дағдыларға екі тілде қол жеткізіп қана қоймай, өз ойларын анық жеткізуге және білімдерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, физика пәнінің мазмұнын ағылшын тілінде оқытуда ұсынылған тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және жетілдіру қағидасына негізделген. Сауалнама нәтижелері тек пән мен тілді кіріктіріп оқыту нәтижелерін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар тілді оқыту нәтижелерін және кіріктірілген оқытудағы терминологиямен, белсенді оқыту әдістерімен, ағылшын тіліндегі мәтінмен жұмыс істеудің тиімділігін көрсетті. Физиканы ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктеріне келетін болсақ, CLIL тәсілдері пәндік құзыреттіліктерді дамытуда, көптілді қызығушылық пен қарым-қатынасты дамытуда, оқу мотивациясын, пәнге деген қызығушылықты арттыруда және оқу үлгерімін арттыруда тиімді болып шықты. Осы зерттеудің нәтижесінде CLIL оқыту әдістемесін енгізу оқушылардың физика пәнінің мазмұнын түсіну, білім, білік, дағдыларын дамытатыны дәлелденді. Дегенмен, пәнді ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын қолдану барысында қиындықтар ретінде:

• Кейбір оқушылардың тілдік құзіреттіліктерінің жеткіліксіздігі, яғни ағылшын тілін меңгеруінің төмендігі;

• CLIL технологиясы стратегияларына негізделген тапсырмалар дайындауда уақыттың тапшылығы;

